Жібек жолының Батыс елдері мен түркі халықтарының арасында діни және мәдени алаңға айналғанын көрсетті. Сонымен қатар, түркі халықтары мен Батыс елдері үшін діндер мен мәдениеттердің даму тарихында ерекше құбылыс болды. Қазіргі кезде түркі халықтарының діни-наным сенімдері мен конфессияларының пайда болуы және жойылуы туралы зерттеулер өзекті саналады. Ұлы Жібек жолының бойымен түркілер арасында тараған діндердің тарихы және соның негізінде Батыс пен Шығыс арасында орнаған мәдени-өркениеттік тарихты зерттеу маңызды болып отыр. Мұның барлығы түркі халықтарының саяси тарихымен қатар, мәдени және өркениеттік тарихын тануға, сондай-ақ оған Батыс әлемінің ықпалы туралы мәліметтерді игеруге көмектеседі. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында Батыс Еуропа мен Түркі әлемі арасында діни, мәдени және өркениеттік диалогтың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі қарастырылады. Ұлы Жібек жолының бойын мекендеген түркі халықтарының діни және мәдени өмірі мен Еуропа халықтарының оларға жасаған ықпалына назар аударылады. Ұлы Жібек жолы арқылы Батыстан Шығысқа, оның ішінде түркілер географиясына таралған діндер мен конфессиялар, мәдениеттің толқындары және жалпы өркениеттер диалогы тарихи тұрғыдан зерттеледі. Авторлар тарапынан батыс еуропалықтар мен түркі халықтары арасында орын алған өзара мәдени және өркениеттік үдерістер ғылыми талдауға түседі.

***N. Abdukadyrov^a**

^aAl-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-6811-9871

(E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru)

*Corresponding author: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

A. Shokatova^b

^bA.K. Kusainov Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0007-0433-9852

(E-mail: aisek85@mail.ru)

G. Myrzakhmet^c

^cKhoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University,

Turkestan, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0001-8786-7074

(E-mail: gala_19.80@mail.ru)

Received 18 October 2025. Revised 20 November 2025. Accepted 28 January 2026. Available online 30 March 2026.



Дәйексөз үшін: Н. Абдукадыров, А. Шокатова, Ғ. Мырзахмет, Б. Сиздиков Еуропа халықтары мен Түркі әлемі арасында діни, мәдени және өркениеттік диалогтың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 1. 33-57 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-33-57>

For citation: N. Abdukadyrov, A. Shokatova, G. Myrzakhmet, B. Sizdikov The role of the Silk Road in the development of religious, cultural, and civilizational dialogue between Europe and the Turkic world // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 1. P. 33-57. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-33-57>

B. Sizdikov^d

^dResearch Institute of Archaeology, Khoja Akhmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0001-8115-5810

(E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

The role of the Silk Road in the development of religious, cultural, and civilizational dialogue between Europe and the Turkic world

Abstract. Since ancient times, the Silk Road has been considered the primary conduit of dialogue between the East and West throughout Eurasian history. The material and spiritual connections between Western countries and Turkic peoples have profoundly impacted history. This phenomenon is one of the most significant manifestations of the interactions and clashes between Eastern and Western civilizations. Furthermore, it demonstrates the historical continuity of religious and cultural traditions among the Turkic peoples. Historically, the Silk Road served as a bridge for economic and cultural exchange between China in the east and European countries in the west. It linked Eastern culture with those of Central Asia, West Asia, Persia, and the ancient Greek and Roman civilizations. Along the Silk Road, numerous religions coexisted and interacted peacefully, developing together. Here, various faiths intertwined and enriched one another by adopting elements of each other's traditions. Among the Turkic peoples, religions and ethno-confessional communities also borrowed from each other. This demonstrates that the Silk Road became a cultural space for the exchange and integration of religions between Western countries and Turkic peoples – a unique phenomenon in their religious and cultural history. Research on the origins, spread, and disappearance of religious beliefs and religions among Turkic peoples is actively developing. Particular importance is attached to the study of the history of religions that spread among the Turkic peoples along the Silk Road and to the exploration of cultural and civilizational ties between the East and West based on this study. This research contributes to a deeper understanding of the political, cultural, and civilizational history of the Turkic peoples as well as the influence of the Western world on these processes. This study examines the role of the Great Silk Road in fostering religious, cultural, and civilizational dialogue between Western Europe and the Turkic world. It pays particular attention to the religious and cultural life of the Turkic peoples and the influence of the Western world on it. From a historical perspective, the study examines religions and faiths, cultural exchanges, and the dialogue of civilizations that spread from west to east, including to Turkic territories along the Great Silk Road routes. The authors analyze the cultural and civilizational interactions between Western Europeans and Turkic peoples.

Keywords: The Great Silk Road, West, East, Europe, Turkic world, religion, culture, civilization, trade, communication.

***Н. Абдукадыров^a**

^aКазахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-6811-9871

(E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru)

*Автор для корреспонденции: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

А. Шокатова^b

^bЕвразийский гуманитарный институт А.К. Кусаинов, Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0007-0433-9852
(E-mail: aisek85@mail.ru)

Г. Мырзахмет^c

^cМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0001-8786-7074
(E-mail: gala_19.80@mail.ru)

Б. Сиздиков^d

^dНаучно-исследовательский институт археологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0001-8115-5810
(E-mail: Bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz)

Роль Великого Шёлкового пути в развитии религиозного, культурного и цивилизационного диалога между Европой и Тюркским миром

Аннотация. В истории Евразии Великий Шёлковый путь с древнейших времён считался главной артерией диалога между Востоком и Западом. В частности, материальные и духовные связи между западными странами и тюркскими народами оставили глубокий след в истории. Это явление можно рассматривать как одно из крупнейших проявлений культурных взаимодействий и столкновений цивилизаций Востока и Запада. Кроме того, оно служит свидетельством исторической преемственности в развитии религии и культуры тюркских народов. С исторической точки зрения, Великий Шёлковый путь выполнял роль моста экономического и культурного обмена между Китаем на Востоке и странами Европы на Западе, связывая восточную культуру с культурами Центральной Азии, Западной Азии, Персии, а также с древнегреческой и римской цивилизациями. Вдоль Великого Шёлкового пути сосуществовали многие религии, которые находились во взаимосвязи, мирно сосуществовали и совместно развивались. Здесь различные вероучения переплетались и взаимно обогащались, перенимая элементы традиций друг друга. Среди тюркских народов религии и этноконфессиональные общности также заимствовали формы развития друг у друга. Всё это свидетельствует о том, что Великий Шёлковый путь стал религиозно-культурной платформой между западными странами и тюркскими народами. В то же время это уникальное явление в истории развития религий и культур как для тюркских народов, так и для Запада. В настоящее время исследования возникновения и исчезновения религиозных верований и конфессий тюркских народов считаются актуальными. Особое значение приобретает изучение истории религий, распространившихся среди тюрков вдоль Великого Шёлкового пути, а также на этой основе – исследование культурно-цивилизационных связей между Востоком и Западом. Всё это помогает глубже понять не только политическую, но и культурную и цивилизационную историю тюркских народов, а также осмыслить влияние

западного мира на этот процесс. В предлагаемом исследовании рассматривается роль Великого Шёлкового пути в развитии религиозного, культурного и цивилизационного диалога между Западной Европой и тюркским миром. Особое внимание уделяется религиозной и культурной жизни тюркских народов и влиянию на неё западного мира. В историческом аспекте исследуются религии и конфессии, культурные потоки и диалог цивилизаций, распространившиеся с Запада на Восток, в том числе на территории расселения тюрков, по маршрутам Великого Шёлкового пути. Авторы анализируют взаимные культурные и цивилизационные процессы, происходившие между западноевропейцами и тюркскими народами.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, Запад, Восток, Европа, Тюркский мир, религия, культура, цивилизация, торговля, коммуникация.

Кіріспе

Кез-келген халықтың немесе халықтар тобының мәдениеті мен тұрмысы сан қырлы болып, олардың дүниетанымында діни нанымдар маңызды орын алады. Ғасырлар бойы кез-келген қоғамның санасы мен күнделікті өміріне діни таным-түсініктер ғана емес, сонымен қатар дінге негізделген дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар да қатты әсер етті. Мысалы, қазіргі кезде де халықаралық мәселелер мен аймақтық қақтығыстарда діни факторлар маңызды рөл иеленеді. Ал, өз заманында бірқатар жергілікті мәдениет пен өркениеттің басын тоғыстырған Ұлы Жібек жолының бойында мыңдаған жылдар бойы әртүрлі діндермен қатар, бірге тату өмір сүріп, сол кездегі әртүрлі мәдениеттердің үйлесімділік симфониясы болып қала берді. Мұны әлемдік діндер тарихындағы сирек мысалдардың бірі деуге болады. Орталық Азия мен Шығысқа бөтен діндер – христиандық, ислам және буддизм енген кезде жергілікті дәстүрлі мәдениетпен қатар қытай мәдениетіне қатты әсер етіп, кейін онымен араласып кетті. Бұл үдерісте олар діни-мәдени байланыстардың кейбір ерекшеліктерін де көрсетті.

Түркілердің материалдық және рухани мәдениеті өзінің эволюциясының бірнеше кезеңдерін бастан өткерді, екінші жағынан, кез-келген мәдениет сияқты, туыстас көшпенді және отырықшы (соғдылар, көне түркілер, қытайлар) басқа халықтардың мәдениеттерімен белсенді әрекеттестік және өзара әсерлестік барысында дамыды. Ежелгі түркілер Еуразияның көп бөлігін Ұлы Түркі қағанаты аясында аз уақыт болса да біріктіріп, мәдениетаралық және ұлттаралық байланыстардың жандануына ықпал етті. Бұл ретте, Ұлы Жібек жолының үлкен рөл атқарғаны сөзсіз. Қазіргі кезде осы саладағы зерттеушілер мен ғалымдар түркі халықтарының әлемдік тарихтағы орны мен оның Батыс әлемімен өзара әрекеттесуі жайлы тақырыптарға баса назар аударуда. Бұл, әрине, өте маңызды және проблемалық тақырыптардың қатарынан орын алып, сонымен бірге түркі халықтарының Батыс әлемімен өзара диалогының мазмұнын ашуда Ұлы Жібек жолының қызметін зерттеу көптеген жаңа тұжырымдарға бастама бола алады. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда сауда-саттықты өркендетуге, діни наным-сенімдердің таралуына және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

Бүгінгі таңда жаһандық интеграциялық үдерістер аясында әлемдік қауымдастыққа адамзат дамуының батыстық үлгілеріне балама ретінде әрекет ететін бейбіт және

келісімді өмір сүру үлгілері ұсынылуда. Осының аясында адамзат тарихын зерттеуде халықтар мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен өзара байланыстар тарихын зерттеуге мән берілуде. Түркі әлемінің өркениет ретіндегі басты ерекшелігі – Еуразияның көшпенді халықтарын бір арнаға біріктіре білуінде. Қазіргі уақытта біз түркі әлемінің өркениеттік дамудың жаңа кезеңіне енуіне куә болып отырмыз. Сондықтан оның өзінен тыс сыртқы әлеммен байланыстары мен ықпалдастығының тарихын зерттеу маңызды. Ол үшін Шығыс пен Батыстың мәдени және діни-философиялық ой дәстүрлерін салыстырмалы түрде зерттеу мәселесі өзекті саналады. Батыс пен Шығыстың, оның ішінде Еуропа елдері мен түркі халықтарының діни дәстүрлері мен осы бағыттағы ынтымақтастығы, мәдени ықпалдастығы және өркениеттік диалогы осы күнге дейін жеткілікті түрде зерттеліп, жүйеленбеген. Мұның барлығы осы бағыттағы зерттеулердің қажеттігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбына қатысты негізгі материалдар жазба, заттай және археологиялық деректерден құралып, олар тақырыптың мазмұнын ашуда әртүрлі мәліметтер береді. Олардың ең бастылары – Батыс елдері, Византия және Қытай жазба деректері. Маңызды материалдар қатарына жазба материалдармен бірге, Ұлы Жібек жолының әр түрлі тармақтарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған тастар мен ағаштарға және металдарға жазылған мәтіндер де жатқызылып, қосымша қажетті мәліметтер ретінде ұсынылады. Айта кетерлігі, мұнда Жібек жолы бойымен Батыстан Шығысқа қарай тасымалданған заттардың көлемі бойынша деректер (мәтіндер, әр түрлі заттай материалдар, археологиялық ескерткіштер) өте маңызды.

Мұндай материалдарды ғылыми жұмыстарда қолдану арқылы бұл жол арқылы сауда жасаған халықтардың әлеуметтік және этноконфессиялық ерекшеліктерін анықтауға, тасымалданатын жүктердің түрлерін, керуендердің шамаланған өлшемдерін және жол бойындағы елді-мекендердің өміріндегі сауданың рөлін нақтылауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, мұндай мәліметтер Жібек жолының өркениеттік қызметін көрсетеді және Орталық Азия аумағына көпестер мен саудагерлер әкелген діни-наным сенімдер мен конфессиялардың болғаны туралы мәліметтерді алға шығарады.

Зерттеу жұмысының методологиялық негізін анықтауда авторлар алдымен зерттеудің тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық және тарихи-типологиялық және басқа да дәстүрлі әдістеріне сүйенген. Сонымен бірге, тарих ғылымының тарихилық, шынайылық, объективизм принциптерін ұстанды. Ол бойынша әрбір тарихи құбылыс немесе үдеріс өзінің шығуы, өсуі мен өрбуі кезінде белгілі бір қозғалыс сипатында болып, ал қозғалыстың өзі – оны анықтаған себептер мен қоршаған ортамен байланысында белгілі бір уақыттың бөлігі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, Ұлы Жібек жолының пайда болуынан бастап, оның сан ғасырлар бойы Батыс пен Шығыс халықтары арасында мәдени байланыстар мен өркениеттердің алтын көпірі ретінде қалыптасып, дамуы және дінаралық үдерістер аса үлкен уақытты қамтып, ол өте кең ауқымда жүрді. Сонымен қатар, зерттеуде еуропалық деректерді интерпретациялауға бағытталған герменевтикалық әдіс қолданылды.

Ғылыми жұмысты жазуда тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығында отандық тарих ғылымында болып жатқан өзгерістер басшылыққа алынды.

Түркі мемлекеттерінің тарихын зерттеу жұмыстарына баса назар аударылып, онда түркі-мұсылман халықтары мен Батыс әлемі арасындағы діни өзара мәдени-өркениеттік байланыстар тарихына қатысты тарихшылар мен зерттеушілердің көзқарастары және теориялық тұжырымдарына назар аударылды (Hansen, 2012: 17-18). Ұлы Жібек жолындағы Еуропа мен түркі халықтары арасындағы өркениеттер диалогы үдерісінде Батыс әлемі Шығыс дүниетанымының жалпыадамзаттық құндылықтарын ескеруі керек. Сонда ғана екі өркениет арасындағы тең диалогқа кедергі келтіретін қайшылықтардың тосқауылынан өтуге болады. Осы орайда, зерттеу жұмысында тақырыптың ғылыми мәселесімен айналысатын Батыс тарихшыларының және зерттеуші-ғалымдарының теориялық тұжырымдары, маңызы бар еңбектері негізге алынды (Frankopan, 2019: 17-20).

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Еуразия тарихында Ұлы Жібек жолы аса көлемді тарихи кезеңді құрағандықтан, бұл кезеңмен байланысты болған тақырыптар да күрделі болып келеді. Ұлы Жібек жолының Еуразия географиясындағы аса үлкен тарихи, мәдени, этникалық, өркениеттік үдерістердің бастаушысы және негізгі қозғаушы күші болған халықтар мен мемлекеттердің, оның ішінде еуропалықтар мен түркілер арасындағы ықпалдастық тарихына қатысты зерттеу тақырыптары әр кезеңде ғалымдардың назарын өзіне аударып отырды. Түркілердің Жібек жолындағы ықпалы мен олардың Батыс әлемімен интеграциясы туралы ғылыми тақырыптар аз болғанымен, Ұлы Жібек жолының тарихына арналған зерттеулерде ішінара қамтылған.

Ғалымдар Жібек жолының мазмұны мен нақты тарихына назар аударғанымен, олар ежелгі Еуразияның әртүрлі мәдениеттері мен өркениеттерінің өзара әрекеттесуіндегі рөліне көп көңіл бөлген жоқ. Дегенмен, Ұлы Жібек жолының Батыс пен Шығыс арасындағы ықпалы туралы тарихшылар әртүрлі ғылыми тұжырымдар ұсынды. Кеңестік кезеңде, одан кейін соңғы 20-30 жыл ішіндегі шетелдік және отандық ғылымда қарастырылды. Соның ең негізгі кезеңі ретінде кеңестік тарихнаманы басшылыққа алсақ, Кеңес тарихнамасында Ұлы Жібек жолы тек сауда жолы ретінде емес, Еуразия халықтарының экономикалық, мәдени және этникалық өзара әрекеттесуінің факторы ретінде қарастырылды (Пигулевская, 1947: 185-186). Қазіргі Орталық Азия мен Қазақстанның транзиттік алмасудағы рөліне, керуен саудасының қала құрылысына әсеріне және Түрік қағанаттарының жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөліне басты назар аударылды (Бартольд, 1993: 18-31).

Еуропалық тарихнамада «Ұлы Жібек жолы» ұғымының өзі бертін келе XIX ғасырда пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін неміс географы Рихтгофен 1877 жылы ғылыми айналымға енгізген. Жалпы, шетелдік тарихнамада Жібек жолы Қытай, Үнді, Персия, Рим, Византия арасындағы мәдениеттер мен өркениеттердің өзара әрекеттесуін жеңілдететін механизм ретінде қарастырылады. Саудадан тыс жол бойында мәдениеттер мен діндердің (христиандық, буддизм, ислам) таралуы мен олардың байланыстары туралы жазады (Hansen, 2012: 15-18). Еуропа және жалпы Батыс тарихшылары Жібек жолының мәдени және өркениеттік байланыстарды орнатуда түркі халықтары мен Византия империясының рөлін атап өтеді (Франкопан, 2017: 13-20).

Жалпы, Ұлы Жібек жолы әлем тарихының үлкен бөлігін құрағандықтан және қашанда өзінің өзектілігімен ерекшеленгендіктен, ол бүкіл әлем тарихшылары мен ғалымдарының назарын өзіне аударып отырды. Әр елдің тарихшы-ғалымдарының тақырыпқа қатысты тікелей және жанама түрде жүргізген зерттеулері мен ұсынған ғылыми тұжырымдарының сан алуандығына байланысты оларды бөліп, тарихнамалық талдаудан өткізу қажеттігі туындады. Сонымен қатар, отандық ғылымдағы зерттеулерді басшылыққа алған орынды (Кляшторный, Султанов, 2000: 95-100). Түркі әлемінің орталығы саналған Қазақстан ғылымында тәуелсіздік жылдарынан бастап тың зерттеулер жүргізілді. Қазақстан тарихының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихын зерттеуші ғалымдар К. Байпаков, А. Нұржанов т.б. тарихшы-археолог ғалымдар археологиялық материалдар негізінде зерттеу жүргізді (Байпаков, 2007: 15-22). Белсенді байланыстар мен сауданың нәтижесінде жақын мәдениет субъектілерінің көптеген категориялары теңестіріледі (Nurzhanov, Krupko, 2018: 23-27).

Соңғы жылдары тарих және басқа да гуманитарлық ғылымдарда Ұлы Жібек жолы тек сауда-саттық немесе халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты жалғаушы ғана емес, сондай-ақ діни және мәдени ынтымақтастық пен өркениеттер арасындағы сабақтастықты байланыстырушы феномен ретінде де қарастырылатын болды. Онда Батыс пен Шығыс түсінігі және түркі әлемінің орны үлкен мәнге ие.

Талдаулар

Ерте түркі кезеңіндегі діни, мәдени және өркениеттік сабақтастық.

Ұлы Жібек жолы өзінің тарихи бастауларын б.з.д. II ғасырда Қытайдың Шығыс аумақтарынан алып, содан соң Шығыс Түркістан, Солтүстік Ауғанстан, Иран, Таяу Шығыс арқылы Батысқа жол ашылды. Қытайлықтар қазіргі Орталық Азия аумағы арқылы Батысқа қарай жүруде зор қиындықтарға тап болды. Дегенмен, олар б.з.д. 121-118 жж. Шығыста қалған ғұндардың қысымынан құтылған соң ғана Батысқа баратын жол айқындалды. Осылайша, алғаш рет Шығыс пен Батыс арасында сауда жолдары орнықты. Ал түркілер мекен еткен Орталық Азия аумағы осы жолдың үлкен дәлізі болды. Түркі халықтары осы жол арқылы Батыс әлемімен өзара ықпалдастыққа түсіп, түркілер мен еуропалықтар арасында ұзақ уақытқа созылған интеграциялық үдерістер орын алды.

Айта кетерлігі, Ұлы Жібек жолының нақты қай уақыттан бастап пайдаланыла бастағаны туралы мәселе даулы болып саналады. Дегенмен, тарихта түркілер мен Батыс әлемінің арасындағы өзара сауда-саттық пен мәдени ынтымақтастықтың және өркениеттік байланыстың болғаны назар аудартады. Француз ғалымы А.П. Франкфор басқа позицияны ұстанады. Ол «Жібек жолы – Батыс пен Шығыс арасындағы орасан сауданың халықаралық жолы. Бірінші ғасырда Ханьдық Қытай мен Рим империясы арасындағы аймаққа көшпелілер (парфияндар мен құшандар) қоныстанған кезде пайда болды» деп есептейді. Бұл дегеніміз Орталық Азия аумағы болып, парфияндар мен құшандардан соң бұл істі түркілер жалғастырған (Франкфор, 1989: 5-10).

Біздің дәуіріміздің басында Орталық Азия халықтары халықаралық саудамен тікелей айналысты. Сауда нысаны Орталық Азия нарығында үлкен сұранысқа ие болды және әр елден алуан түрлі тауарлар, атап айтқанда, маталар, зергерлік бұйымдар, металлдар

т.б. әкелінді. Орталық Азиядан экспортталатын тауарларға ферғана жылқылары, тері, үлбір, шыны бұйымдар, зергерлік бұйымдар, кілемдер, ауылшаруашылық дақылдары және т.б. жатады. Олар басқа елдердің нарықтарында да үлкен сұранысқа ие болды. Сауданың дамуы және тауар өндірісінің өсуімен сауда жолдары бойында қалалар, қолөнер орталықтары, сауда орындары пайда болды (Ртвеладзе, 2005: 10-17).

Ерте орта ғасырларда Жібек жолының тармақтары Иран мен Солтүстік Ауғанстан және Памир тауларына дейін жеткен. Жол осы жерден екі тармаққа бөлініп, бірі Үндістанға, екіншісі Оңтүстік Түркістан арқылы өтетін болған. Ал Шығыс Қытайдан басталатын жол Орталық Азия арқылы және Кавказды айналып, Анадолыға әр түрлі бағытта жетті. Константинопольде қайта қосылып, одан әрі Еуропаның ішкі бөлігіне қарай тереңдей енген. Бұл жол тармақтары сауданы жеңілдетіп қана қоймай, мәдени және діни алмасулардың дамуында маңызды рөл атқарды, оның нәтижесі бүгінде де байқалады (Waugh, 2010: 15-18). Анадолы Шығыс пен Батысты байланыстыратын көпір және Жібек жолы бойындағы маңызды жол айрығы болды. Ерте орта ғасырларда Жібек жолы Сиань қаласынан басталып, түркі аймақтарынан, шөлейттерден, таулардан өтіп, Анадолыға барарда бірнеше жол тармақтарына жіктеліп, солардың бірі арқылы Фракияға келіп, одан ары Еуропада аяқталды. Ұлы Жібек жолы өзінің маңыздылығын екі мың жылға жуық уақыт бойы сақтап, өз заманының сауда жолы болды және ғасырлар бойы халықтар мен мәдениеттер арасында көпір қызметін атқарды.

Ерте орта ғасырларда Ұлы Жібек жолы сыртқы саудадан тыс мәдениет пен өркениеттің негізгі жолы болып, ол сондай-ақ халықаралық қатынастардың негізгі байланыс тармағы саналды. Ұлы Жібек жолы арқылы түркі халықтары Еуропа елдерімен тығыз байланысқа түсе алды. VI ғасырдың ортасында Орталық Азияның аумағында алғаш құрылған жаңа орталықтанған мемлекеттік құрылым – Түрік қағанаты Ұлы Жібек жолы арқылы Еуропа елдерімен қарым-қатынас орнатты. Түріктер алдымен Алтайдан Сырдарияға дейінгі аумақты басып алып, Иранмен одақтасып, эфталиттер мемлекетін талқандады, содан кейін Қара теңізге қарай ілгеріледі (Nurzhanov, Krupko, 2018: 24).

VI ғасырдың ортасында Еуразия даласының көшпенді халықтары Түркі қағанатының аясына біріктірілді. Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы халықтар мен мемлекеттердің аумағы түркі қағандарының қол астына қарады. Жібек жолының Қытай шекарасынан Иранға дейінгі едәуір бөлігі, әсіресе Оңтүстік және Батыс Сібірге апаратын жол ежелгі түріктердің бақылауына өтті. Осылайша, Ұлы Жібек жолының бұдан кейінгі тарихы (581 жылдан бастап) екі Түрік қағанатының – Батыс және Шығыс түрік қағанаттарының саясатымен байланысты. Олар негізінен Орталық Азия аумағындағы елдерге назар аудара отырып, өзінен бұрынғылар белгілеген сыртқы саясатты ұстануды жалғастырды. Жібек саудасының көлеміне байланысты туған келіспеушіліктерге орай түркілер Иранмен қақтығысты және Еділ бойы мен Қара теңіз даласы арқылы Иранды айналып өтіп, Византияға апаратын жаңа сауда жолын құруға әрекеттенді. Шығыс Түрік қағанаты Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияның солтүстік шетіндегі сауда-саттықты ұйымдастыруда үлкен рөл атқарды және VI-VIII ғасырларда аймақтар арасындағы сыртқы сауда мен әр түрлі байланыстардың белсенді қатысушысы болды (Овчинникова, 2009: 105).

Түрік қағанаты мен Византия арасында және түркілер мен еуропалықтар арасында Ұлы Жібек жолы арқылы халықаралық байланыстар орнады. Түркілерден Византияға

және керісінше Византиядан Орталық Азияға қарым-қатынастардың мәдени мазмұнда жаңарған түрі келді. Халықтар бір-бірін түсініп, құрметтей бастады. Мұның барлығы сауда жолындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Адамдар арасында қарым-қатынас мәдениетінің жаңа түрі қалыптасты және мұның барлығы халықтар арасындағы өркениеттік деңгейдегі достастықты нығайтты. 568 жылы түрік қағандығы көпес Маниах бастаған елшісін Византияға жібереді. Елшілік арқылы халықтар арасында өзара достық, мемлекетаралық сауда келісімі және одақтастық келісімдері жасалды. Бұған жауап ретінде осы жылы Византия императоры Юстин II Земарх бастаған жауап елшілігін жіберді. Бұл туралы алғаш рет Византия тарихшысы Менандр Протектордың еңбегінде айтылған (Менандр Византиец, 2003: 66).

Түркілердің Жібек жолындағы саудада өзіндік орны мен рөлі басым болып, олар осы бір маңызды сауда жолының тармақтарында ерекше қызмет етті. Әрине, ол үшін жаугершілік заманда қуатты болудың өзі де маңызды саналды. Басты мысал: Орталық Азия даласында ғұндардың орнына түркі көшпенділерінің тобы келіп, Шығыс шекараларға қысым көрсетіп жатқаны байқалды. Түркілердің Батыспен сауда байланыстары туралы Питер Франкопан: «Түркі тайпалары саудада өте маңызды рөл атқарды, олар көбінесе Қытайды үрейлендірді. Қытайлықтар оларды болмысы ауыр және адал емес саудагерлер деп сипаттады, бұл коммерциялық табыстың өсуінің сенімді белгісі еді», - деп көрсетеді (Франкопан, 2017: 60). Әрине, өз географиясында мықты күшке ие болған түркілер сауда жолының белгілі бір бөлігін қолында ұстап, Қытай саудасына да араласты. Сол арқылы олар Еуропаға одан сайын терең танылды. Еуропалықтардың өзі Шығыста осындай жауынгер халықтың бар екенін жете түсінді. Демек, еуропалықтар түркілердің құдіретін біздің заманымыздың басында ғұндардан көрген болса, енді ерте орта ғасырларда Батыс және Шығыс түркі қағандықтарының ықпалын сезе бастады.

Кез-келген қоғам мен мемлекетте діннің пайда болуы және оған халықтың бейімделуі мен үйренуі белгілі бір кезеңдерден өтеді. Демек, белгілі бір бейімділік кезеңі орын алады. Әрбір дін пайда болған кезде жергілікті халық оны бірден қабылдамайды, бейімделу жиі талап етіледі. Ұлы Жібек жолы бойымен сан түрлі діндер тарады. Олардың ең негізгілері христиандық, ислам, буддизм және басқа да этноконфессиялар болды. Жібек жолының бойында таралу барысында әр түрлі діндер жағдайларға қарай өзгеріп, бастапқы классикалық нұсқаларды ұстанбай, одан тыс адам мен қоғамның психологиясына, шындыққа және секуляризацияға бет бұрды.

Мысалы, Ислам діні түркі халықтарына тез еніп, көптеген жергілікті мәдениеттерді, соның ішінде зороастризм мен шаманизмнің кейбір элементтерін бойына сіңіріп, салыстырмалы түрде алғанда жергілікті халыққа оңайырақ қабылданды. Буддизм, ислам және христиандықтың таралуына қарамастан, діндер үйлесімді өмір сүріп, бір-бірімен толерантты түрде әрекет жасады. Әрбір дін бір-бірінен үйреніп, бірге дами отырып, бірге өмір сүруге тән қасиет қалыптастырды. Жібек жолы бойында тараған әртүрлі Шығыс және Батыс діндері бастапқыда әртүрлі сипатта болды, бірақ Шығыста Орталық Азия халықтары арасында таралуы мен дамуы барысында олардың барлығы белгілі бір сатыға көтерілді (Тан, 2020: 176). Жібек жолының тарихы Шығыс пен Батыс, Азия мен Еуропа өркениетінің тоғысында, дала мен қала кеңістігінде, түркі дәстүрлері мен исламның рухани құндылықтары аясында біртіндеп қалыптасты.

Ислам дінінің пайда болуымен еуразиялық дала кеңістігінде күрделі этносаияси үдерістер жүріп жатты. Солардың барысында түркі халықтары әлемдік тарихи үдерістің белсенді субъектісіне айналды. Ашина державасы көршілес жатқан мемлекеттерді өзімен қуатты мемлекет ретінде санасуға мәжбүр етті. Осы уақыттардан бастап түркілер Еуразия даласындағы барлық тарихи оқиғалардың бел ортасында жүріп, өркениеттік дамудың бағыт-бағдарын айқындауға пәрменді ықпал етті. Бұл кезде тарихқа көз салсақ, түркілер арасында әртүрлі діндер мен діни ағымдар таралды (Орынбеков, 2002: 50-55).

Ұлы Жібек жолы арқылы христиан діні де таралды. Алғашқыда несториандық, кейінен яковиттік түрінде V ғасырда ене бастады. Жалпы буддизм мен христиандық түркілер арасында кең жайылуына ешқандай кедергі болмаса да, тұрақтай алмады. Себебі, саяси элитаға ықпал ету үшін бәсекеге түскен бұл діндер бұқара халықтан алшақ қалды. Түркі халқының дүниетанымына жат болып келетін бұл діндер елдің бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ете алмады. Түркілік танымның ерекшелігі сонда, ол өзіне жат дүниетанымды ту етіп көтермеген. Оған түркі қағандары ғұламаларының дүниетанымы дәлел бола алады. Бұл туралы Л.Н. Гумилев: «Бұқара халық санасына ұяланбаған діни сенімнің тіршілігі ұзаққа созылмайды. Мұндай діндер халықтың тарихында және мәдениетінде орын алмаған соң, тіршілігін де қамтамасыз ете алмайды. Олар дәстүрлі мәдениеттің тұғырын шайқайтыны анық. Тарихта мұндай құбылыстар аз болған жоқ. Түркі қағанаттарында көп діншілдік таралғанымен, олардың бірде-бірі ортақ бір мәдениетті қалыптастыра алған жоқ, өйткені әр дін соған сәйкес келетін мәдениеттің негізі болып табылады», – дейді. Алайда, түркі қоғамында ұлттың басын ұйытатын дәстүрлі мәдениет қашаннан жарастық тапқан. Түркілердің тарих өтінде қытайлармен, парсылармен және гректермен, римдіктермен иық тірестіре түскен сәттері көп болды (Гумилев, 2002: 75-80).

Ұлы Жібек жолы арқылы керуенмен Батысқа және Шығысқа қарай көпестер, дипломаттар, қолөнершілер және жер өңдеушілер жүрді. А.М. Петровтың айтуынша, «Ұлы Жібек жолы – бұл ежелде және ортағасырда Азияның шетінен Батысқа дейінгі аралықтағы халықаралық қарым-қатынас орнаған тарихи-мәдени кеңістік» болған (Петров, 1995: 11-15). Ұлы Жібек жолы діни тәжірибелер мен нанымдарды таратуда және бөлісуде шешуші рөл атқарғанын атап өткен жөн. Жібек жолы қоғамдардың, идеялардың және діни тәжірибелердің қозғалысына ықпал етті, сонымен қатар мәдени және географиялық шекаралардан тыс жаңа діни дәстүрлердің дамуына септігін тигізді.

Ұлы Жібек жолын орта ғасырлардағы Еуропа, Парсы шығанағы, Жерорта теңізі, Африка, Орталық Азия және Қытайды байланыстыратын желі ретінде сипаттауға болады. Бұл желі бойымен тек тауарлар ғана емес, сонымен қатар діни идеологиялар да таралып, олардың ең күштілері Құдайға қатысты болды. Христиан діні Шығысқа да, Батысқа да тарады және бұл процесте ілім мен ғибадат түрлерінде әртүрлі айырмашылықтар орын алды. Жібек жолы бойында христиан дінін бастапқыда Шығыс шіркеуі немесе «несториандық шіркеу» деп аталатын V ғасырдағы Константинополь Патриархы Несториус ілімінен кейін (шамамен 386-451 жж.) алып жүрді, ол өзінің дәстүрлі емес ілімдері үшін айыпталған. Мәсіхтің құдайлық және адамдық болмыстары бір адамға біріктірілмей, бөлек құдайлық және адамдық тұлғалар болып қалуы керек. Батыс шіркеуінің Несториусқа қатысты үкімін жоққа шығара отырып, Шығыс шіркеуі 431 жылы Эфес кеңесінен кейін оларға келген Несториустың жақтастарын қарсы алды. Бұл «несториандар» Персияға қашып, кейіннен сонда мойындалды.

Орталық Азияда Шығыс шіркеуі соғдылықтарға, атап айтқанда, қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстанда өмір сүрген ирантекес халықтарға ықпал етті. Пин Людің еңбегінде айтылғандай, соғдылықтар кем дегенде V ғасырдан бастап Жібек жолының коммерциялық қожайындары және оның мәдени таратушылары болды. Соғды тілі Жібек жолының «лингва франкасына» айналды, сол арқылы христиан дінін одан әрі Шығысқа қарай Қытайға және солтүстікке қарай түркілер арасында таратты. Қытай мен Персия арасында – дамыған көлік желісі, Шығыс пен Батыс арасындағы маңызды сауда жолдары мен қалалардың көпшілігінде несториандық бекіністер болды. Осы орайда мысал ретінде бір жағдайды көрсетуге болады. 591 жылы Шығыс Рим империясы Сасанилер патшасы II Хосроуға (590-628 жж.) ондағы көтерілісті басуға көмектесу үшін парсылар мен армян әскерлерін жіберді. Олар маңдайларында крест таңбасы қашалған түркі сарбаздарын тұтқынға алды. Бұл соғыс тұтқындары бір кездері Шығыс Соғды аймағында оба болғанын және кейбір христиандар оларға крестке табыну арқылы апаттан құтылуға болатынын айтты. Бұл жағдай несториандықтың түркі халықтары арасында ерте тарағанын көрсетеді, дегенмен соғдылықтар арасында зороастризмнің басым дін болғанын есте ұстауымыз керек (Teng, 2024: 175-176).

Осылайша, христиан дінінің және оның ішінде несториандық бағыттың Шығыс халықтары мен түркі халықтары арасында таралуында Жібек жолының ықпалы күшті болды. Несториандық Орталық Азияда және Қытайдың солтүстік-батыс шекарасына дейін таралды. Мұнда әу баста парсылар мен соғдылардың санасын жаулаған христиан діні ұйғырлардың, сондай-ақ басқа да түркі тайпаларының назарын өзіне аудара алды. IX-XIII ғасырлар аралығында Жібек жолындағы сауда желісін күшейтіп, мұнда несториандық дін әртүрлі мәдениеттермен байланысу үшін көпір іспеттес болды.

XI ғасырда арабтардың ықпалымен несториандықтардың көп бөлігі Ислам дінін қабылдады, ал қабылдаудан бас тартқандар Шығысқа қашуды жөн санады. Бұл мәжбүрлі қоныс аудару Орталық Азияда христиан дінінің таралуына ықпал етті. Сондықтан Тола өзені мен Орхон өзені аңғарларында тұратын керейт тайпалары, Алтай тауының маңындағы найман тайпасы, Селеңгі өзені аңғарындағы меркіттер және Иншань тау сілемдерінің солтүстігіндегі онгуд түркілері арасында христиан қауымдары сақталып қалды. Христиан дінінің Батыстан Шығысқа ғана емес, Шығыстан Батысқа қалай көшкенін бағалағымыз келсе, «Жібек жолы» ұғымы өте маңызды екенін тағы қайталаған орынды. Юань әулеті мен латын христиан әлемі арасындағы байланыс орнату барысында ерекше атап өтуге тұрарлық екі маңызды тұлға бар, олар атақты Раббан Маркос (шамамен 1245-1317) және оның досы әрі тәлімгері Раббан Бар Саума (шамамен 1220-1294). Раббан Маркос қазіргі Ордос, Ішкі Моңғолия маңында дүниеге келген, ол сол кезде түркі онгуд тайпасының көсемі болған (Teng, 2024: 177-178).

Қарахандар тұсында Ұлы Жібек жолы бойындағы түркілердің қызметі жоғары деңгейде болғанын тарихи зерттеулер көрсетіп отыр. X-XII ғғ. бұл мемлекет Ұлы Жібек жолының арқасында гүлденді. Оның үстіне сауда-саттық, айырбас дамып қана қоймай, мұсылман діні мен оның мәдениеті ерекше өркендеді. Ұлы Жібек жолы бойындағы халықтардың материалдық және рухани жетістіктері бір-біріне сіңісіп, оқу-ағарту, философия, медицина, астрономия, математика, т.б. салаларда даму байқалды. Қарахан мемлекеті тұсында атақты мұсылман ойшылдары Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқаридің күш-жігерінің арқасында ортақ түркі әдеби тілі қалыптаса бастады. Тұтастай алғанда, түркі-

соғды симбиозының құбылысы – сауда, қолөнер, соғды сәулет өнері мен саяси мәдениеті, әскери өнері және дамыған көп қырлы мал шаруашылығы, мұсылман идеологиясымен ұштасып, сол дәуірдегі мұсылман өркениетінің ең табысты мемлекеттік жобасы ретінде Қарахан қағанатының көтерілуіне жағдай жасады (Садырова, 2023: 113).

Келесі кезекте, Қарахандар сияқты Орталық Азия мен Шығыста Жібек жолының дамуына қызмет еткен және сол арқылы өздерін Батыс әлеміне танытқан – селжұқтар болды. Селжұқтар XI-XIV ғасырлар аралығында Таяу Шығыс пен Орталық Азияның бір бөлігін билей отырып, өз аумақтарында сауда қызметін қолдау үшін керуен сарайлар салу арқылы сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Бұл кезеңде Жібек жолы бойындағы қалалар керуендердің негізгі демалатын және қайта топтасатын орындары болды. Осы аялдамаларда қонақ үйлер болған, көптеген керуен сарайлар салынған. Бұл керуен сарайларда византиялық, италян, жалпы еуропалық саудагерлер мен миссионерлер тынығып, осында халық арасында өз тілі мен дінін дәріптейтін болған.

Алғашқы керуен сарайларды X ғасырдың аяғында Орта Азиядағы селжұқ сұлтандары қорғаныс мақсатында салған, ал кейіннен олар ірі мәдениет орталықтарына айналды (Запорожец, 2011: 160). Керуен сарайлар Жібек жолының ажырамас бөлігі болды. Анадолыдағы керуен сарайлар құрылысы селжұқтар дәуірінде гүлденді. Селжұқтардан кейін керуен сарай мәдениеті құлдырап, Османлы дәуірінде іс жүзінде тоқтап қалды. Бұл құлдыраудың негізгі себебі Ұлы Жібек жолын бірте-бірте тоқтатқан португал және испан теңізшілері құрған жаңа теңіз сауда жолдарының ашылуы болды.

Сонымен, ерте орта ғасырлардан бастап моңғол кезеңіне дейінгі түркі халықтарының Ұлы Жібек жолы мәдениеттердің байланыстырушы буыны және жаһандандудың қозғаушы күші болғанын атап өткіміз келеді. Ұлы Жібек жолы саудамен қатар, халықтар арасында идеологиялардың және мәдениеттердің алмасуына ықпал етті, нәтижесінде жаңа дәстүрлер мен жалпы ортақ мәдениет пайда болды. Ұлы Жібек жолы Еуразия кеңістігінде Батыс пен Шығысты жалғастырып жатқан мәдениеттер мен өркениеттер диалогының және де жаһандық экономикалық байланыстардың қалыптасып, дамуында үлкен із қалдырды.

Моңғол кезеңіндегі түркі әлемі мен Батыс халықтары арасындағы мәдени-өркениеттік диалог

Сан ғасырлар бойы Шығыс пен Батыс өркениеттерінің бірін-бірі байытып, жалпы адамзат дамуына өлшеусіз үлес қосқан «Дала жолы», «Ұлы Жібек жолы» немесе «Ноғай жолы» деген атаулармен Еуразия тарихында мәдениеттер үндестігін қалыптастырған қасиетті күре тамырдың рухани санамызға берері мол екендігі даусыз. Ұлы Жібек жолының тармақтарындағы мәдениетаралық байланыстар мен ықпалдастықтың келесі бір кезеңі Моңғол дәуіріне тиесілі. Ұлы қаған Шыңғысханның ұрпақтары билеген заманда Еуразияның кең-байтақ даласында «түркі-моңғол симбиозы» қалыптасып ол этникалық, мәдени, тарихи сипаттағы келесі бір аса көлемді үдерісті қамтыды. Соның негізінде тарихта моңғол мемлекеттерінің басым бөлігі түркі мемлекеттері болып саналды. Мұның тағы бір себебі, Шыңғыс ұрпақтары құрған мемлекеттердің халқының үлкен бөлігі жергілікті түркілер болды. Осының негізінде Ұлы Жібек жолы арқылы Шығыс пен Батыстың мәдени диалогы моңғолдық мемлекеттерде де өз жалғасын таба білді. Келесі кезекте Шығыспен байланысты жалғастыру мақсатында дамыған орта ғасырларда Батыс елдері белсенділік танытып, олар Шығысқа өз саяхатшылары мен діни миссионерлерін

жіберіп отырды. Басты мақсат – қалыптасқан мәдени байланыстарды жаңғырту. Оның ішінде бастысы христиан діні мен оның мәдениетін Шығысқа тарату болды. Бұл кезде Батыста Венеция, Генуя, Флоренция ірі сауда мемлекеттері ретінде танылды, ал империя ретінде Қасиетті Рим шіркеуі мен Византия бой көрсетті. Еуропадан Азияға қарай сауда жолының тармақтары арқылы Алтын Орда мен басқа да моңғол мемлекеттеріне және одан ары Қытай асқан еуропалық саяхатшылар мен миссионерлер Шығысқа Византия арқылы шықты және соның арқасында Константинополь мәдениеттердің «алтын көпірі» саналды. Алтын Ордада болған атақты еуропалық саяхатшы Г.Рубрук былай дейді: «Хан сарайына кіре берісте күмістен үлкен ағаш үлгісін жасаған, ағаштың тамырлары арыстан бейнесінде орындалған, одан сүт ағып жатқандай болып көрінеді, күміс ағашты жылан орап алған, ал ағаштың ең жоғары жағына періште мүсіні қойылған...» (Даркевич, 1976: 158-159).

Саяси тұрақсыздық қаупі төніп тұрған XIII-XIV ғасырларда моңғолдардың қорғауымен Жібек жолы сауда бағыты ретінде гүлденіп, саяхатшылар мен саудагерлер бұрын-соңды болмаған қауіпсіздікте жүре алды. Орталық Азияның егінші, қолөнерші қауымының тауар айырбастайтын орталықтары Ұлы Жібек жолы бойындағы қалаларда орналасты. Ұлы Жібек жолы моңғол дәуірінде де түркілер үшін тек сауда жолы ғана емес, жаһанданудың маңызды факторы болды. Ол әлемнің әртүрлі аймақтарындағы адамдар мен мәдениеттерді біріктіруде, сондай-ақ тауарлар, идеялар мен технологиялар алмасуға ықпал етуде маңызды рөл атқарды. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениеттің алмасуы тек отырықшы өркениеттер арасында ғана жүзеге асқан жоқ, ол көшпенділердің де күнделікті өмірінде маңызды болды. Л. Гумилев бұл кезеңдегі түркілер мен моңғолдардың материалдық мәдениеттегі жетістіктерін жоғары бағалайды (Гумилев, 1992: 39-41).

Ұлы Жібек жолы жаһанданудың алғашқы үлгісі болды, өйткені ол әр түрлі аймақтар мен өркениеттердің біртұтас жаһандық желіге интеграциялануына ықпал етті. Ұлы Жібек жолы адамдардың, идеялардың және тауарлардың қозғалысына ықпал етіп, жалпы жаһандық мәдениеттің дамуына үлес қосты. Жібек жолы да бүгінде әлемді қалыптастыруды жалғастырып жатқан жаһандық экономиканың дамуына өз үлесін қосты. Осы орайда, айта кетерлігі, өзара ықпалдастықты бастан өткізетін Еуразияның негізгі мәдени орталықтарын байланыстыратын Жібек жолының қызмет жүйесі уақыт өте өзгерді. Жібек жолының әртүрлі учаскелері жойылып, кейін жаңа күшпен қайта жанданып, ол трансконтинентальды керуен жолы – «магистраль» қызметін атқарды. Бұл кезде саяси факторлар мен теңіз жолдарының маңыздылығының артуы Жібек жолы негізгі бағыттарының өзгеруіне әкелді (Худяков, 1998: 46-49). Бұл түркілер дәуірінің моңғол кезеңіндегі тарихымен де байланысты болды.

Адамзат өркениетінің тарихында әр түрлі саяси, діни және этникалық дәстүрлері бар елдер мен халықтар арасындағы ұзақ мерзімді, өзара тиімді мәдени және өркениеттік ынтымақтастықтың мысалдары бар. Соның ішінде Батыс пен Шығыстың ынтымақтастық жолы болған Ұлы Жібек жолы әлемдегі халықтар арасын мәдени салада жалғаушы ең маңызды көпір саналды. Бұл жол Азия мен Еуропаның ұлан-ғайыр кеңістігін байланыстырып қана қойған жоқ, сонымен бірге көптеген аймақтардың және оларды мекендеген алуан түрлі халықтардың өмірі мен әдет-ғұрпын біріктірді.

Жібек жолының халықтар мен мемлекеттер арасындағы мәдени ынтымақтастығы мен өзара ықпалдастығы жайлы философ ғалымдар мен қоғамтанушылардың еңбек-

терін ғылыми негіздемеге алған орынды. Философиялық көзқарас абстракцияның жоғары деңгейімен ерекшеленеді дейтін болсақ, онда мәдениет рухани өмірдің салты немесе қоғамның рухани болмысы (идеялар, теориялар, бейнелер) ретінде ұсынылады. Мәдениет пен өркениет арақатынасының мәдениеттанулық концепциясы өркениеттік көзқарас аясында жасалды. Бұл туралы даңқты теоретик, Батыс пен Шығыс әлемі арасындағы өзара байланыс пен ықпалдастықты зерттеген Освальд Шпенглер өркениетке жат дүниедегі мәдениет трагедиясын алғашқылардың бірі болып түсіндірді (Шпенглер, 1993: 343).

Жібек жолы Алтын Орда заманында күшейді. Бұл кезде түркілер исламды терең игеріп, бұл дін Алтын Орданың мемлекеттік діні болып қабылданды. Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде стратегиялық тұрғыда салынған Сарайшық Еуропа мен Алтын Орда астанасынан Еділ бойына, Хорезм, Иран, Үндістан, Қытай қалаларына дейінгі трансқұрлықтық керуен жолының бір бөлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Сарайдан Сарайшыққа дейінгі сауда жолы құдықтар мен керуен сарайлармен жабдықталған. Бұл XII-XIV ғасырлар аралығында Шығыс пен Батысты байланыстыратын негізгі жол болды. Соның нәтижесінде қалада сәнді сарайлар, керуен сарайлар, моншалар, мешіттер, медреселер, тағы басқа ғимараттар салынды. Қаланың жобасын жасаумен сол кездегі ең таңдаулы сәулетшілер, дарынды шеберлер шұғылданды. Қаланың түзу, кең көшелері мен алаңдары бар жақсы жобаланған макет Шығыс әсерін айқын көрсететін (Золотарева, Жумашев, 2018: 63).

Моңғол дәуірінде Ұлы Жібек жолы мен оның тораптарын өз бақылауында ұстаған Алтын Орда, Хулагу және Шығыстағы Шыңғыс әулетінің басқа да мемлекеттері Батыс елдерімен Жібек жолы арқылы сыртқы саудадан тыс мәдени байланыстарды жалғастырып жатты. Шығыстан Еуропаға баратын құрлықтағы жолдардан бөлек су жолдары ашылды. Бұл кезде Еуропада Генуя, Венеция, Флоренция сынды итальяндық теңіз республикалары Шығыс елдерімен сауданы мейлінше күшейтті. Еуразия және түркілер тарихында «Моңғол дәуірі» деп аталатын тарихи кезеңде Шыңғыс ұрпақтары құрған мемлекеттер мен ұлыстардың халықтары негізінен түркілер болып, олар Жібек жолы арқылы сауданы жалғастырды. Бұдан тыс, өзара мәдени ықпалдастық үдерістері жүріп жатты. Солардың бір бағыты дін болды. Жоғарыда аталғандай, христан дінінің таралу үдерісі Моңғол дәуірінде де жалғасты. Бұл кезеңде Жібек жолының бағыттары көбейіп, оның қызметі барынша дами түскен еді.

Еуропалықтар христиан дінін Шығысқа Жібек жолы арқылы тарату жұмыстарын жалғастырды. Осының басты мысалдарының бірі – Хулагулер мемлекетінде Арғұн ханның Еуропа елдерімен діни саладағы байланыстары болды. 1287 жылы раввин (несториандық монах) Раббан Саума бастаған Арғұн ханның Еуропаға жасаған миссиясы айтулы оқиғалардың бірі болып, ол Қара теңіз арқылы Константинопольге барды. Раббан Саума Византия императоры Андроник II Палеологпен бірге діни шараларға қатысып, Аясофияға кірді. Еуропаға барар жолда ол 1287 жылы 18 маусымда Этна жанартауының атқылауын, сондай-ақ сол жылы 24 маусымда Сорренто шығанағындағы теңіз шайқасын көрді. Римге аттанған кезде Рим Папасы V Гонорий қайтыс болған еді. Қысты Жерорта теңізі мен Қара теңізде кең ауқымды сауда байланысы бар қала-мемлекет Генуяда өткізгеннен кейін Раббан Саума Францияға барып, француз королі IV Филиппен кездесті және одан ары қарай Англияға жол тартып, онда ағылшын билеушісі I

Эдуардпен жүздесті. Миссияның саяси мақсаты да бар еді. Батыс христиандары исламдық күштер басып алған Мысырға шабуыл жасау үшін Персиядағы несториандықтармен бірігеді деген үміт болды. Әскери жоспар орындалмаса да, раввин Саума 1288 жылдың көктемінде Римге оралды. Жаңадан сайланған Рим Папасы IV Николай оны жылы қарсы алып, қасиетті апта бойы діни шараларға қатысуға шақырды. Бұл оқиға мәсіхшілер сенімінің әмбебаптығының жарқын үлгісі болды (Teng, 2024: 179).

Раввин Саума Римде Қасиетті бірлікті қабылдаған шақта, Қытайдағы несториандар француз миссионері фламандтық монах, шіркеу қызметкері Г. Рубруктан (1220-1293) тәлім алды. Тұтастай алғанда, фламандтық францискандардың несториандар мен олардың «діни қызметкерлері» туралы пікірі өте төмен еді. Г. Рубрук несториандықтар сирия тілінде дұға ете алғанымен, оның мағынасын толық түсінбегенін жазған. Оның айтуынша, түркілер мен татарлар және мұсылмандармен араласқанда, кейбір несториандар тіпті көп әйел алатындығы үшін кінәлі болған. Өмірдің барлық салаларына енген мұсылмандық рәсімдердің әсерінен несториандар Евхаристияны жексенбі емес, жұма күні атап өтті. Сондай-ақ шіркеуге кірген кезде олар дәретке – әдеттегі исламдық тазарту рәсіміне еліктеді. Бұл жағдай дінаралық мәдениеттің халықтар арасында кеңінен таралғанын көрсетеді. Сонымен қатар Орталық Азияда, Алтын Орда мен Хулагу мемлекетінде түркі-мұсылман халықтарының бірлігі күшейіп, онда исламды терең қабылдау үдерісі жүрді (Jackson, 2009: 187-189).

Бір айта кетерлігі, Жібек жолы арқылы тараған діндер мен конфессиялар Еуразиядағы христиан тарихын сипаттайтын маңызды өзгерістер туралы түсінік береді. Ал Раббан Саума мен Г. Рубруктың әртүрлі тәжірибелері сәйкесінше Інжілдің әлеуетті әмбебаптығы мен оның шегін көрсетеді. Г. Рубруктың жазбасында моңғолдардың христиандыққа деген реакциясы көбірек болды. Г. Рубрук моңғол мемлекетінің орталығына саяхаттап барған еді. Дегенмен, ол оңайға түскен жоқ. Әрине, ол оңай болуы да мүмкін емес, себебі бұл кезеңде Шыңғыс ұрпақтары Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарын өз бақылауында ұстап тұрған еді. Бұл дегеніміз Жібек жолының барлық тармақтары Шыңғыс ұрпақтары құрған мемлекеттердің аумағынан өтетін еді. Орталық Азияда үстемдік еткен Алтын Орда мен Хулагу мемлекетінің құрамындағы түркі-мұсылман халықтары Жібек жолының нағыз «делдалдары» саналды. Олар сауда-саттықты ғана емес, мұнда келіп-кеткен саяхатшыларды, зерттеушілерді және дін өкілдері мен миссионерлерді қабылдап, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Дәл сол сияқты Ұлы Жібек жолы Алтын Орда дәуірінде Батыс пен Шығысты жалғайтын «мәдениет пен өркениеттің алтын көпірі» саналды. Мұның басты мысалдарын еуропалық саяхатшылар мен діни миссионерлердің әрекетінен көре аламыз. Олар Батыс пен Шығыс арасында мәдениет пен өркениетті тасымалдаушылар деп есептелді. Танымал еуропалық оқымыстылар, шіркеу адамдары, саяхатшылар мен миссионерлер болған Гильом Рубруктың, Плано Карпинидің, Марко Полоның және басқа да діни адамдардың саяхаттары негізінен Моңғол империясы мен Қытайға қарай бағытталды. Соның салдарынан Моңғол империясы римдік католицизм мен оның бағыттарын қабылдай алды. XIII-XIV ғасырларда Орталық Азияда және жалпы Шығыста моңғол билігінің орнауы несториандық дінінің таралуы мен өркендеуінің басты факторы болды. Рим католицизмі де дәл осындай контексте тарады. Рим Папасы IV Иннокентий Ұлы Моңғол ханы Күйік ханмен (1246-1248 жж.) хат алмасып, Орталық Азия арқылы Жібек жолымен

Қытайға бірнеше рет миссионерлер жіберді. Қытайға келген миссионерлердің көпшілігі францискандықтар болды. Олардың ішінде Джованни да Пиан дель Карпини (шамамен 1185-1252) мен оның ізбасарлары XIII-XIV ғасырлардағы Шығыс пен Батыстың діни және мәдени алмасуының негізгі қатысушылары болды.

Әулие Франциск Ассизскийдің алғашқы шәкірттерінің бірі ретінде Моңғолияның Ұлы ханына Папаның екі сәлем хатын жеткізді. Бірі католиктік нанымдарды түсіндірсе, екіншісі Ұлы ханға Еуропаға шабуылын тоқтатуға кеңес берді. Күйік хан миссионерлерге құрметпен және сыпайылықпен қарады, бірақ католицизмді қабылдаудан ашық түрде бас тартты. Пано Карпини моңғолдармен одақ құру және дінді насихаттауда аса ірі нәтижелерге қол жеткізе алмағанымен, жол бойында көргені мен естігені туралы өте егжей-тегжейлі жазбаларды жинақтап, моңғол дәуіріндегі халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін сипаттайтын құнды тарихи мәліметтер қалдырды (Dawson, 1980: 85-87).

Моңғол кезеңінде түркілердің сыртқы саудадағы үлесі және дамыған орта ғасырлардағы діни білім мен жетістіктердің қарқынды алмасуы осылайша Жібек жолын әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттерді біріктірудің қуатты құралына айналдырды. Осындай алуан түрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі саяхатшылардың, діни миссионерлердің, елшілердің Шығысқа келуі және керісінше Шығыс тұқымынан шыққан хандардың Батыспен жасаған байланыстары өз заманында дипломатия өнерін, саяси және әскери одақтар құру қабілетін және ауқымды сауданы дамытты. Ең бастысы, бұл әртүрлі мәдениеттер арасындағы ынтымақтастықтың өзіндік үлгісін көрсетті.

The association of personal names with dates in four inscriptions (I, II, VII, and X) indicates that the authors sought to anchor their names in time. Moreover, the two inscriptions referring to the community or to future passers-by also project themselves toward the future: one mentions the author's descendants (VII), while another addresses those who might later come to the site (V).

It is also noteworthy that these inscriptions are not directly associated with tamgas, and that only three tamgas were documented in the entire valley despite the presence of five settlements. While the tamgas most likely date to the 19th century, the inscriptions appear to belong to the late 19th and early 20th centuries. This observation leads us to hypothesize that the possibility of writing personal names on rocks may have gradually rendered the engraving of tamgas obsolete. If an inscription could record both a name and a date, marking territorial presence through a tamga may no longer have been necessary.

Future publications of Arabic inscriptions from rock art sites will help confirm or refute this hypothesis and will likely provide further insights into the history of Kyrgyzstan and of the peoples of Central Asia during the 19th and early 20th centuries. For this reason, it is essential that archaeologists systematically document and publish Arabic inscriptions. Such materials may also contribute to a renewed understanding of rock art from earlier periods.

Reference

Базылхан Н., Железняков Б.А., Херманн Л., Жамбулатов К., 2013. Новые находки арабографических надписей в горах Кулжабасы. Известия МОН РК. Сер. обществ. наук. №3 (289). Алматы. С. 151-155.

Гапоненко В.М., 1963. Наскальные изображения Таласской долины. Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Изд-во АН Кирг.ССР. С. 101–110.

Джумагулов Ч., 1987. Эпиграфика Киргизии. Вып. 3. Фрунзе: Илим. 167 с.

Железняков Б., Херманн Л., Базылхан Н., 2019. Арабографические надписи из Аккайнара и Тамгалы. История и археология Семиречья. № 6. С. 234-239.

Кащей О. А., 2020. Наскальные изображения Караташа. Археология Евразийских степей. № 5. Казань. С. 39–49. <https://doi.org/10.24852/2587-6112.2020.5.39.49>

Мүминов Э.Қ., Дүйсенов Б.Д., 2023. «Абат-Байтақ» қорымының арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштері. Кітап-альбом. Алматы: Алтын парақ. 496 с.

Табалдыев К.Ш., 2019. Средневековые знаки-тамги Кыргызстана. Тамги доисламской Центральной Азии. Самарканд: МИЦАИ. С.364-386.

Табалдиев К. Ш., Белек К., 2008. Памятники письменности на камне Кыргызстана (свод памятников письменности на камне). Бишкек: Учкун. 336 с.

Шер Я. А., Миклашевиш Е.А., Самашев З.С., Советова О.С., 1987. Петроглифы Жалтырак-Таша. Проблемы археологических культур степей Евразии. Кемерово. С. 70-78.

Amanbaeva B., Suleymanova A., Zholdoshev Ch., 2011. Rock art in Kyrgyzstan. Clottes J. (ed.). Rock art in Central Asia. Paris: ICOMOS. P. 43-71.

Castagné J., 1921. Les tamgas des Kirghizes (Kazaks). *Revue du monde musulman*. XLVII. Paris. P. 29-65.

Hermann L., 2017. Un site d'art rupestre dans l'Ur-Maral (oblast de Talas) au Kirghizstan [A rock art site in Ur-Maral (oblast of Talas) in Kyrgyzstan]. *International Newsletter on Rock Art*. №78. Foix. P. 10-13.

Hermann L., 2018. Le site de Chiim-Tash dans la région de l'Ur-Maral (oblast de Talas) au Kirghizstan. *International Newsletter on Rock Art*. №82. Foix. P. 11-16.

Hermann L., 2019. L'art rupestre de la vallée de Kara-Too (oblast de Naryn) au Kirghizstan. *International Newsletter on Rock Art*. №83. Foix. P. 14-24.

Hermann L., 2020. Repertory of the tamgas in the Talas region (Kyrgyzstan), Jacobson-Tepfer E., Novozhenov V. A. (eds.). *Rock Art Chronicles of Golden Steppe from Karatau to Altai*. №2. Almaty: UNESCO center for the Rapprochement of Cultures. P. 185-191.

Hermann L., Bazytkhan N., 2023. Kazakh ethnographic petroglyphs and an Arabic inscription in Eshkiolmes (South-Eastern Kazakhstan). *Arkheologiya Kazakhstana*. №2 (20). Almaty. P. 222-231. <https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.222.231>

Hermann L., Bazytkhan N., Soronkulov G., Delwiche L., Usein Uulu A., 2025a. The new Rock Art Site of Kara-Say (Province of Talas) in Kyrgyzstan with Tamgas and two Arabic Inscriptions. *Arkheologiya Kazakhstana*. №2 (28). Almaty. P. 359-375. <https://doi.org/10.52967/akz2025.2.28.359.375>

Hermann L., Bazytkhan N., Soronkulov G., Delwiche L., Asein Uulu A. 2025b. Arabic Inscriptions from the Ur-Maral region (Province of Talas) in Kyrgyzstan. *Turkic Studies Journal*. T.7. №4. Astana. P. 170-195. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-170-195>

Hermann L., Soronkulov G., Delwiche L., 2025c. The rock art site of Sandyk-Tash (Jalal-Abad) in Kyrgyzstan. *Expression*. №49. Capo di Ponte. P. 44-60.

Rogozhinskii A.E., 2019. Medieval petroglyph tamgas in Southern Kazakhstan and Semirechie. *Tamgas of Pre-Islamic Central Asia*. Samarkand. P. 249-295.

Yatsenko S.A., Rogozhinskii A.E., 2019. Introduction, *Tamgas of Pre-Islamic Central Asia*. Samarkand. P. 8-42.

Reference

Bazytkhan N., Zheleznyakov B., Hermann L., Zhambulatov K., 2013. Novie nakhodki arabographicheskikh nadpisei v gorakh Kulzhabasy [New Finds of Arabic Inscriptions in the Kulzhabasy Mountains]. *Khabarlary izvestiya*. №3 (289). Almaty. P. 152-155. [in Russian].

Gaponenko V.M., 1963. Naskalnie izobrazheniya Talasskoï doliny [Rock art of the Talas valleys]. *Arkheologitscheskie pamyatniki Talasskoi doliny* [Archaeological monuments of the Talas hills]. Frunze. P. 101-110. [in Russian].

Dzhumagulov Tsh., 1987. Epigrafika Kirgizii [Epigraphy of the Kyrgyz]. 3. Frunze: Izdatelstvo "Ilim". 168 p. [in Russian].

Zheleznyakov B., Hermann L., Bazylkhan N., 2019. Arabografitschnie nadpisi iz Akkainara i Tamgaly [Arabic inscriptions from Akkainar and Tamgaly]. *Istoriya i arkheologiya Semiretschya* [History and archaeology of Semirechie]. №6. Almaty. P. 234-239. [in Russian].

Kaschey O.A., 2020. Naskalnye izobrazheniya Karatasha [Rock art of Karatash]. *Arkheologiya Evraziiskikh stepei* [Archaeology of the Eurasian steppes]. №5. Kazan. P. 39-49. <https://doi.org/10.24852/2587-6112.2020.5.39.49> [in Russian].

Muminov A.K., Duisenov B.D., 2023. «Abat-Baitak» Korymynyn arabzhazuly epigrafikalyk eskertkshsteri» [Epigraphic Monuments in Arabic Script from the "Abat-Baytad" Necropolis]. *Kitap-albom. Almaty: Altın paraq.* 496 p. [in Kazakh and Russian].

Tabaldiev K., 2012. Izutshenie epigrafiki i znakov-tamg Kyrgyzstana [Documentation of epigraphy and tamgas of Kyrgyzstan]. *Istoritsheskoe kulturnoe nasledie i sovremennaya kultura* [Historical cultural heritage and contemporary culture]. Almaty. P. 52-61. [in Russian].

Tabaldiev K.Sh., Belek K., 2008. Pamyatniki pismennosti na kamnie Kyrgyzstana (svod pamyatnikov pismennosti na kamnie) [Monuments of inscriptions on stone of Kyrgyzstan (collection of monuments of inscriptions on stones)]. Bishkek. 336 p. [in Russian].

Sher Ya.A., Miklashevitch E.A., Samashev Z.S., Sovetova O.S., 1987. Petroglify Zhaltyrak-Tasha [Petroglyphs of Zhaltyrak-Tash]. *Problemy arkheologitsheskikh kultur stepei Evrazii* [Problems of the archaeological cultures of the Eurasian steppes]. Kemerovo. P. 70-78. [in Russian].

Amanbaeva B., Suleymanova A., Zholdoshov Ch., 2011. Rock art in Kyrgyzstan. Clottes J. (ed.). *Rock art in Central Asia*. Paris: ICOMOS. P. 43-71.

Castagné J., 1921. Les tamgas des Kirghizes (Kazaks) [Tamgas of the Kyrgyz (Kazakh)]. *Revue du monde musulman*. Vol. XLVII. Paris. P. 29-65. [in French].

Hermann L., 2017. Un site d'art rupestre dans l'Ur-Maral (oblast de Talas) au Kirghizstan [A rock art site in Ur-Maral (Talas region) in Kyrgyzstan]. *International Newsletter on Rock Art*. №78. Foix. P. 10-13. [in French and English].

Hermann L., 2018. Le site de Chiim-Tash dans la région de l'Ur-Maral (oblast de Talas) au Kirghizstan [The site of Chiim-Tash in the Ur-Maral region (oblast of Talas) in Kyrgyzstan]. *International Newsletter on Rock Art*. №82. Foix. P.11-16. [in French and English].

Hermann L., 2019. L'art rupestre de la vallée de Kara-Too (oblast de Naryn) au Kirghizstan [The rock art of the Kara-Too valley (oblast of Naryn) in Kyrgyzstan]. *International Newsletter on Rock Art*. №83. Foix. P.14-24. [in French and English].

Hermann L., 2020. Repertory of the tamgas in the Talas region (Kyrgyzstan), Jacobson-Tepfer E., Novozhenov V. A. (eds.). *Rock Art Chronicles of Golden Steppe from Karatau to Altai*. №2. Almaty. P. 185-191.

Hermann L., Bazylkhan N., 2023. Kazakh ethnographic petroglyphs and an Arabic inscription in Eshkiolmes (South-Eastern Kazakhstan). *Arkheologiya Kazakhstana*. №2 (20). Almaty. P. 222-231. <https://doi.org/10.52967/akz2023.2.20.222.231>

Hermann L., Bazylkhan N., Soronkulov G., Delwiche L., Usein Uulu A., 2025a. The new Rock Art Site of Kara-Say (Province of Talas) in Kyrgyzstan with Tamgas and two

Arabic Inscriptions. *Arkheologiya Kazakhstana*. №2 (28). Almaty. P. 359-375. <https://doi.org/10.52967/akz2025.2.28.359.375>

Hermann L., Bazylkhan N., Soronkulov G., Delwiche L., Asein Uulu A., 2025b. Arabic Inscriptions from the Ur-Maral region (Province of Talas) in Kyrgyzstan. *Turkic Studies Journal*. V.7. №4. Astana. P. 170-195. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-170-195>

Hermann L., Soronkulov G., Delwiche L., 2025c. The rock art site of Sandyk-Tash (Jalal-Abad) in Kyrgyzstan. *Expression*. №49. Capo di Ponte. P. 44-60.

Rogozhinskii A.E., 2019. Medieval petroglyph tamgas in Southern Kazakhstan and Semirechie. *Tamgas of Pre-Islamic Central Asia*. Samarkand. P. 249-295.

Yatsenko S.A., Rogozhinskii A.E., 2019. Introduction, *Tamgas of Pre-Islamic Central Asia*. Samarkand. P. 8-42.

Information about authors:

Luc Hermann, PhD, Independent Researcher, 6 B-4970 Stavelot, Les Closures, Belgium.

Napil Bazylkhan, Candidate of Philology, Senior Expert, Department of Science, Turkic Academy, E-179 Str., 32, Diplomatic Town, Astana, Republic of Kazakhstan.

Gamal Soronkulov, Master of Engineering, Independent Researcher, Eco-AYAN Environmental Public Foundation, Nurzhanov Str., 10, KG-Talas, Kyrgyzstan.

Laurence Delwiche, Independent Researcher, Eco-AYAN Environmental Public Foundation, Nurzhanov Str., 10, KG-Talas, Kyrgyzstan.

Azamat Asein Uulu, Director, Manas Ordo National Complex Museum, 724114 Tash-Aryk, Talas, Kyrgyzstan.

Авторлар туралы мәлімет:

Люк Херманн, PhD, тәуелсіз зерттеуші, 6 B-4970 Stavelot, Les Closures, Бельгия.

Напил Базылхан, филология ғылымдарының кандидаты, аға сарапшы, ғылым бөлімі, Түркі академиясы, E-179 көш., 32, Дипломатиялық қалашық, Астана, Қазақстан Республикасы.

Гамал Соронқулов, техника магистрі, тәуелсіз зерттеуші, «Эко-АЯН» экологиялық қоғамдық қоры, Нұржанов көш., 10, КГ-Талас, Қырғызстан.

Лауренце Дельвич, тәуелсіз зерттеуші, «Эко-АЯН» экологиялық қоғамдық қоры, Нұржанов көш., 10, КГ-Талас, Қырғызстан.

Азамат Асеин Уулу, «Манас Ордо» ұлттық кешені мұражайының қызметкері, 724114-Таш-Арық, Талас, Қырғызстан.

Сведения об авторах:

Люк Херманн, PhD, независимый исследователь, 6 B-4970 Stavelot, Les Closures, Бельгия.

Напил Базылхан, кандидат филологических наук, старший эксперт отдела науки, Тюркская академия, ул. Е-179, 32, Дипломатический городок, Астана, Республика Казахстан.

Гамал Соронкулов, магистр технических наук, независимый исследователь, Экологический общественный фонд «Эко-АЯН», ул. Нуржанова, 10, КГ-Талас, Кыргызстан.

Лауренце Дельвич, независимый исследователь, Экологический общественный фонд «Эко-АЯН», ул. Нуржанова, 10, КГ-Талас, Кыргызстан.

Азамат Асеин Уулу, директор, Национальный комплексный музей «Манас Ордо», 724114-Таш-Арык, Талас, Кыргызстан.

Contribution of the authors:

L. Hermann conceptualization, methodology, writing-reviewing and editing the manuscript, processing of illustrations, conducting the research.

N. Bazylkhan methodology, writing-reviewing the manuscript.

G. Soronkulov conducting and gestion of the research, reviewing the manuscript.

L. Delwiche conducting research, permormed administrative and organisational tasks.

Asein Uulu Azamat conducting and gestion of the research.

Авторлардың үлесі:

Л. Херманн тұжырымдама, әдіснама, қолжазбаны жазды, сараптады және редакциялады, иллюстрацияларды өңдеді, зерттеу жүргізді.

Н. Базылхан әдіснама, көне мәтінді оқыды, қолжазбаны жазды, сараптады.

Г. Соронкулов зерттеуді жүргізді және басқарды, қолжазбаны сараптады.

Л. Дельвич зерттеу жүргізді, әкімшілік, ұйымдастыру жұмыстарын атқарды.

А. Асеин Уулу зерттеуді жүргізді және басқарды.

Вклад авторов:

Л. Херманн концептуализация, методология, написание, рецензирование и редактирование рукописи, обработка иллюстраций, проведение исследования.

Н. Базылхан методология, написание и чтение текста, рецензирование рукописи.

Г. Соронкулов проведение и управление исследованием, рецензирование рукописи.

Л. Дельвич проведение исследования, выполнял административные и организационные работы.

А. Асеин Уулу проведение и управление исследованием.



Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Махмұт Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегіндегі лексемалардың этногилдік түсіндірмесі

3. Каймаз

Эгей университеті, Измир, Түркия Республикасы

ORCID ID: 0000-0002-1332-2899

(E-mail: zekikaymaz@gmail.com)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
түркі тілдері,
«Диуан лұғат
ат-түрк»,
Махмұт
Қашқари, тарихи
лингвистика,
авторлық
комментарий,
этимологиялық
интерпретация,
классификация,
фонетикалық
және
грамматикалық
заңдылықтар,
семантика,
халық
этимологиясы.

FTAMP 16.21.47

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-159-181>

АННОТАЦИЯ

Махмұт Қашқари – түркі әлемі тарихи тұлғаларының бірі, түркі халықтарының өмірі, мәдениеті мен тіліне арналған ортағасырлық бірегей «Диуан лұғат ат-түрк» ескерткішінің авторы. Сөздіктің мазмұнын карта, ауқымды тілдік және мәдени материал құрайды. Махмұт Қашқари сөздігінде алғаш рет түркі этнонимдері көрсетіліп, түркі диалектілерінің (қыпшақ, оғыз) салыстырмалы жіктеуі жасалады, олардың грамматикалық ерекшеліктері сипатталып, сөз мағыналары айқындалады. Ескерткіште келтірілген иллюстрациялық материалдар (мақал-мәтелдер, мәтіндер) түркі халықтарының дүниетанымын, олардың материалдық және рухани мәдениетін жан-жақты ашады. Сөздікте сөздердің шығу тегі, мағынасы мен формаларына қатысты авторлық комментарийлер ұшырасады. Мұндай авторлық комментарийлерге «*түбірі осындай; бұл дыбыс орын алмастырған, түсіп қалған, кейін қосылған, алмасқан, осы дыбыстан шыққан; бұл сөз мынадан қысқартылған, қатаң дауыссызға айналған, екі сөз біріктірілген, бұл сөздегі дыбыстар түсіп қалған, белгілі бір сөзден алынған; немесе парсы тілінен алынған, араб тіліне сәйкес түсіп қалған*» сынды сипаттамалар жатады. Бұл түсіндірмелерде Махмұт Қашқари түркі тілдерінің фонетикалық заңдылықтарын, грамматикалық ерекшеліктерін, лексемалардың этимологиялық негіздерін айқындайды. Бұл орта ғасыр дәуірі үшін ірі ғылыми жетістік болып саналады әрі Сөздік авторының зерттеушілік дарынын айқын көрсетеді. Мақала авторлық комментарийлерді талдауға, лексемалар мен халач, чигил, ұйғыр, түрікмен және басқа да түркі этнонимдерінің шығу тегін зерделеуге, сондай-ақ лексемаларды фонетикалық, грамматикалық және семантикалық аспектіде зерттеуге бағытталған. Мақала авторы сөздерді төрт топқа жіктеп қарастырады: төл түркі лексикасының этимологиясы, аффиксті морфемалардың (сөз тудырушы және сөз түрлендіруші) мағыналары, кірме сөздер (араб және парсы тілінен енген сөздер)

этимологиясы мен түркілік қабат, сондай-ақ шығу тегі белгісіз сөздердің мағыналары. Әрі қарай осы топтардағы фонетикалық заңдылықтар көрсетіледі: сөз түбіріндегі дыбыстардың метатезасы (орын ауыстыруы) *edgiş/egdiş*; синкопа – сөз ортасындағы дыбыс немесе буынның түсіп қалуы – *nerek/ nē kerek*; регрессивті ассимиляция заңы *igit < egidti*; дауыссыз дыбыстардың ұяңдануы мен қатаңдануы. Сондай-ақ *eren, taparu, alıgsa* сынды мысалдардағы *-n, -mız, -sA – ru* сөз түрлендіруші жұрнақтардың мағыналарына да назар аударылады. Этимологиялық талдауда *-daş, -lık/-luk, -nç* (*kadaş, üçünç, ekinç*) тәрізді сөз тудырушы аффикстер арқылы жасалған, сондай-ақ сөздердің бірігуі нәтижесінде пайда болған бірліктердің (*topık < top, kasuk < kas, öçit < öç, terkin < terk, közetti < köz attı; kutaldı < kut aldı; tonattı < ton idt*) сөзжасамдық әлеуеті де ашылады. Алайда сөзжасам мен морфология бірліктері жеке-жеке емес, бірге қарастырылады. Мақала авторы түркі этнонимдерін интерпретациялауда олардың шығу тегін халықтық этимологияға сүйеніп негіздеу қажет деп есептейді.

Z. Kaymaz

Ege University, Izmir, Republic of Türkiye

ORCID ID: 0000-0002-1332-2899

(E-mail: zekikaymaz@gmail.com)

Ethnolinguistic interpretation of lexemes in Mahmud Kashgari's “Dīwān Lughāt al-Turk”

Abstract. Mahmud Kashgari is one of the most famous figures in Turkic history. He is the author of the unique medieval work *Dīwān Lughāt al-Turk*, which is an encyclopaedia of Turkic life, culture and language. The dictionary contains a map and extensive linguistic and cultural information. For the first time, Mahmud Kashgari's dictionary includes a list of Turkic ethnonyms, a comparative classification of Turkic dialects (Kipchak, Oghuz), a description of their grammar, and definitions of words. The monument's illustrated material (proverbs, sayings and texts) provides an insight into the life of the Turks and their material and spiritual culture. The author's insights into the origins, meanings and forms of words occupy a special place in the dictionary. Such authorial comments include the following: “*initial form, sound displacement and omission, word contraction or reduction, consonant devoicing and voicing, vowel length, borrowings from Arabic or Persian, and Turkic words in other languages*”. In

Received 06 December 2025. Revised 07 January 2026. Accepted 08 February 2026. Available online 30 March 2026.



Дәйексөз үшін: З. Каймаз Махмұт Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегіндегі лексемалардың этнотілдік түсіндірмесі // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 1. 159-181 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-159-181>

For citation: Z. Kaymaz Ethnolinguistic interpretation of lexemes in Mahmud Kashgari's “Dīwān Lughāt al-Turk” // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 1. P. 159-181. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-159-181>

these commentaries, Mahmud Kashgari effectively identifies the phonetic laws of the Turkic languages, their grammatical features, and the etymological origins of lexical items. This represents a major scholarly achievement for the medieval period and clearly demonstrates the research talent of the author of the *Dictionary*. This article analyses the author's comments and the etymologies of lexemes and Turkic ethnonyms such as Khalach, Chigil, Uyghur and Turkmen. It also studies lexemes in terms of phonetics, grammar and meaning. The author of the article categorises words into four groups: words derived from the Turkic lexicon itself; affixal morphemes (formative and word-forming); borrowed words (loanwords of Arabic, Persian, and Turkic origin); and words of unknown origin. Then, the following phonetic patterns are identified in these groups: metathesis (transposition) of sounds in the root of the word *edgiş/egdiş* (ethnonym); syncope – the omission of a sound or sounds in the middle of the word *nerek/ nē kerek*; the law of regressive assimilation *igit* from *egidti*, as well as the contraction of consonants, their devoicing and voicing. Attention is also paid to the meanings of formative affixes such as *-n, mız, -sa – ru: eren, taparu, alıgsa*. The etymological analysis also reveals the word-formation potential of Turkic words formed by the word-forming affixes *-daş, -lık/-luk, -nç (kadaş, üçünç ekinç)* and word composition (*topık < top, kasuk < kas, öçüt < öç, terkin < terk, közetti < köz attı; kutaldı < kut aldı; tonattu < ton idt*). However, word formation and morphology units are not separated, but are demonstrated together. The author of the article believes that in the interpretation of Turkic ethnonyms, folk etymology became the basis for their origin.

Keywords: Turkic languages, *Dīwān Lughāt al-Turk*, Mahmud Kashgari, historical linguistics, author's commentary, etymological interpretation, classification, phonetic and grammatical patterns, semantics, folk etymology.

3. Каймаз

Эгейский университет, Измир, Турецкая Республика

ORCID ID: 0000-0002-1332-2899

(E-mail: zekikaymaz@gmail.com)

Этноязыковое толкование лексем в памятнике

«Диван лугат ат-турк» Махмуда Кашгари

Аннотация. Махмуд Кашгари – один из известных исторических личностей тюркского мира, автор уникального средневекового памятника «Диван лугат ат-турк» – энциклопедии тюркской жизни, культуры и языка. Содержание Словаря составляет карта, обширный языковой и культурный материал. Впервые в Словаре Махмуда Кашгари указываются тюркские этнонимы, дается сравнительная классификация тюркских диалектов (кыпчакские, огузские), описывается их грамматика, определяются значения слов. Иллюстрируемый материал памятника (поговорки, пословицы, тексты) раскрывает картину жизни тюрков, их материальную и духовную культуру. Особое место в Словаре занимают авторские комментарии относительно происхождения слов, их значений и форм. К таким авторским комментариям относятся выражения типа «начальная форма, перемещение и выпадение звуков, стяжение или сокращение слова,

оглушение и озвончение согласных, долгота гласных звуков, заимствования из арабского или персидского языков, тюркские слова в других языках, изменение значения слова». В этих комментариях Махмуд Кашгари фактически определяет фонетические законы тюркских языков, их грамматические особенности, этимологические истоки лексем, что является большим научным достижением для эпохи средневековья и в которых, безусловно, раскрывается исследовательский талант автора *Словаря*. Данная статья посвящена анализу авторских комментариев, этимологическому анализу лексем и некоторых тюркских этнонимов типа халач, чигил, уйгур, туркмен и других, а также исследованию лексем в фонетическом, грамматическом и смысловом аспектах. Автор статьи классифицирует слова на четыре группы: этимология слов собственной тюркской лексики, значения аффиксальных морфем (формообразующих и словообразующих), этимология заимствованных слов (арабизмов и фарсизмов) и тюркизмов, а также значения слов, происхождения которых неизвестно. Затем в этих группах выявляются следующие фонетические закономерности: метатеза (перемещение) звуков в корне слова *edgiş/egdiş* (этноним); синкопа – выпадение звука или звуков в середине слова *nerek/ nē kerek*; закон регрессивной ассимиляции *igit om egidti*, а также стяжение согласных звуков, их оглушение и озвончение. Внимание также уделяется значениям формообразующих аффиксов типа *-n, -mız, -sa – ru: eren, taparu, alıgsa*. В этимологическом анализе также раскрывается словообразовательный потенциал тюркских слов, образованных словообразовательными аффиксами *-daş, -lık/-luk, -nç (kadaş, içünç ekinç)* и сложением слов (*topık < top, kasuk < kas, öçüt < öç, terkin < terk, közetti < köz attı; kutaldı < kut aldı; tonattı < ton idt*). Правда, единицы словообразования и морфологии не вычленяются отдельно, а демонстрируются вместе. Автор статьи считает, что в интерпретации тюркских этнонимов обоснованием для их происхождения стала народная этимология.

Ключевые слова: тюркские языки, «Диван лугат ат-турк», Махмуд Кашгари, историческая лингвистика, авторские комментарии, этимологическая интерпретация, классификация, фонетические и грамматические закономерности, семантика, народная этимология.

Кіріспе

Махмұт Қашқари түркі тілдерін географиялық-диалектологиялық және тайпалық негізде жіктеп, тіл білімі саласына қатысты да бірқатар тың ғылыми тұжырымдар ұсынды. Ол ғылыми ортаға түркі халықтарының алғашқы сөздігін жасаушы, алғашқы грамматикалық сипаттама беруші, алғашқы карта құрастырушы әрі фольклортанушы ретінде кеңінен танылды. Сонымен қатар ғалым аталған еңбегінде сөздердің шығу тегіне ерекше назар аударып, олардың этимологиясына қатысты талдаулар мен түсіндірмелер берді. Махмұт Қашқари сөздердің этимологиясына қатысты тұжырым жасағанда: «*түбірі осындай; бұл дыбыс орын алмастырған, түсіп қалған, кейін қосылған, алмасқан, осы дыбыстан шыққан; бұл сөз мынадан қысқартылған, қатаң дауыссызға айналған, екі сөз біріктірілген, бұл сөздегі дыбыстар түсіп қалған, белгілі бір сөзден алынған; немесе парсы тілінен алынған, араб тіліне сәйкес түсіп қалған*» деген сияқты пікірлер білдіреді. Мысалы, Махмұт Қашқари метатезаға ұшыраған түркі сөздерінің түбірін көрсетеді: *edgiş*: Өзкентте өмір сүретін түркі тайпасы. Түбірі *egdiş*. Бұл сөзде дыбыстардың орын

ауыстыруу байқалады (31a). Гиперкоррекция әдісі арқылы сөздің бастапқы тұлғасын көрсетеді: *angar-*: *ol anı angardı*. «Ол оған ант берді». Түбірі *andgardı*. Ыңғайлылық үшін «d» дауыссыз дыбысы түсіп қалған (60a). *ty-*: *ol anı tydı* «ол оны жоғалтты». Түбірі *đ* дауыссыз дыбысы арқылы жасалады. **Tıdtı, đ** дауыссызы у-ге ауыстырылған (276b). Махмұт Қашқари дыбыстық өзгерістерге де назар аударады: **en-**: *ol tāgdın kodı endi* «ол таудан төмен түсті». Мұндағы *n* дауыссызы *l* дауыссыз дыбысынан алмасу нәтижесінде пайда болған (47b). *Oran* – «Рұм өлкесіне жақын солтүстік өңірдегі бір жер атауы». Дұрыс нұсқасы – *varan* (40b). Сонымен қатар сөздердің вариативтерін көрсетеді: *ken*: «шығыс елдерінде қала дегенді білдіретін атау». Бұл сөз *kend* сөзінің қысқартылған түрі (86a). Парсы және араб тілінен енген сөздерді де нақтылайды: **tana**: «дақыл» мағынасындағы парсы тіліндегі «*dāna*» сөзінен алынған деп ойлаймын. Түріктер оны түрікшелеп **tana** деп айтқан (232a). **ari**: бұл сөз араб тіліне тән. Арабтар балға «*al-ari*» дейді. Түріктер бұл атауды бал жинаушыға береді (28b). Егер белгілі бір сөзге қатысты пікірі болмаса, оны да көрсетуден тартынбайды: **tugrag**: «оғыз диалектінде “*tuğra, tura*”; ханның мөрі. Мұны басқа түріктер білмейді. Мен де түпкі мәнін білмеймін» (116b). Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, Махмұт Қашқаридың сөздер этимологиясы жөніндегі тұжырымдары қызықты, әрі зерттеуге тұрарлық.

Махмұт Қашқари лексемаларға түсініктеме бергенде өзіндік терминология қолданады. Мысалы: **жеңіл**: тілдердің *ең жеңілі* – оғыздардың тілі, *ең турасы* – тухсы мен яғмалардың тілдері. **Жақсы**: Ұйғыр қаласына жеткенге дейін Ертіс, Іле, Ямар, Еділ өзендері бойында тұратын халықтардың тілдері жақсы тіл. Бұлардың ішіндегі ең анық та, ашық та, әдемі, татымды тіл – Хақания өлкесіндегі халықтың, хақандықтардың тілі (13a). **Айқын**: **astun** – «төмен» деген мағынадағы сөз. Бұлай айтылуы айқын емес, айқын нұсқасы – *altun* (34a). Әдемі: **sidig**: шапанның екі жеңінің біреуі. Бұл сөз *sidig* сөзінен әдемірек (98b). **Таза түріктер және таза түрікше**: *байғызға ühi* деп те айтылады, алайда таза түріктер оны *ügi* деп атайды (247a/b). **Şuti**: таза түрікше сөз емес (271a). **Негізгі**: **tewür-**: *er tawarig ewürdi tewürdi* «ер тауарды аударып-төңкерді, астаң кестен етті». Мұндағы *ewürdi* – негізгі тұлға, ал *tewürdi* соған ұқсастық негізінде жасалған нұсқа (155b). **Borduz**: Бостан. Таза түрікше сөз емес (115b). **Жарамды**: **kawuş-**: *tag tagka kawuşmaz kişi kişike kawuşur* «тау таумен қауышпайды, адам адаммен қауышады». Бұл сөзде *w* дыбысының орнына *v* дыбысын қолдану да жарамды деп есептеледі (160b).

Махмұт Қашқари түркі тілдерінде сөздердің тұлғалық жағынан ықшам, ал артикуляциялық тұрғыдан қатаң болып келуін дұрыс деп санай отырып, түбірінде созылық дауысты дыбыс бар сөздерді «бұлардың түбірі мынадай» деп арнайы атап көрсетеді. Мұндай сөздердегі дауыстының созылықығы мағынаны өзгертпейтіндіктен, олар бұл жерде тек тізбектеліп беріледі: *bēş, çilandı, çilaşdı, çilattı, çinardı, kābardı, kaçaç, kāçaladı, kälattı, kānıdı, kār, Kargālig, kartādi, kügledi, öglendi, ögsüz, sānadı, sözleşdi, söktürdi, süledi, Şānçu, tamgālig, tātıglıg, tört, tōş, ün, yāg, yāgladı, yagsādi, yāmlıg, yāşladı, yāşlıg, yōlak, yolsuz, yügletti*.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Махмұт Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегі – XI ғасырдағы түркі тілдерін барынша кең ауқымда зерттеген аса құнды тілдік мұра. Ғұлама өз еңбегінде мысал

ретінде келтіретін сөздердің шығу төркініне де жүйелі түрде назар аударады. Алайда «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегіндегі этимологияға қатысты материалдар осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Жалпы этимология мәселесіне арналған еңбектердің бірі ретінде М. Жанполаттың «*Махмұт Қашқари және этимология*» (*Kaşgarlı Mahmud ve Etimoloji*) атты зерттеуін атауға болады. 1999 жылы Анкара қаласында өткен конференцияда жасалған бұл баяндамада алғаш рет Махмұт Қашқари «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде шығу тегіне назар аударған шамамен жиырмаға жуық мысал талданады. Этимология мәселесіне арналған тағы бір еңбек ғалым С. Шенге тиесілі. 2015 жылы Түркияның Элазыг қаласында өткен VII халықаралық «Әлемдік тіл – түрік тілі» атты конференцияда жасалған «Диуан лұғат ат-түрkteгі халықтық этимология мысалдары» тақырыбындағы баяндамада Махмұт Қашқари халықтық этимология әдісі арқылы түсіндіруге тырысқан сөздер кешенді түрде қарастырылған. Сондай-ақ Б.Н. Бияров «Көне түркі қағанаты кезіндегі Ұлы Жібек жолында орналасқан кейбір тарихи этнонимдердің этимологиясы» атты мақаласында қарлұқ, құрықан, он оқ, соғды, табғаш, татар, тәжік, түбіт, шігіл сынды этнонимдердің этимологиясын анықтауда М. Қашқаридың тұжырымдарына сүйенеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада деректерді талдау әдісі арқылы жинақталған материалды анықтау барысында алдымен Б.Аталай мен Эржиласун-Аккойунлуның еңбектері негізге алынды, кейіннен бұл деректер «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінің қолжазба нұсқасымен салыстыра тексерілді. Зерттеу барысында жалпығылымдық әдістермен қатар лингвистикалық түркітануға тән әдістер, атап айтқанда, сөздерді компоненттік және салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдістері, ескерткіш лексемаларының шығу тегін семантикалық интерпретациялау әдістері қолданылды. Маңызды әдістердің бірі ретінде автордың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінің түпнұсқа мәтінімен жұмыс істей білуін және түпнұсқадан қажетті мәліметтерді алу қабілетін атай аламыз.

Талдау

Мақалада Махмұт Қашқари «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде шығу төркінін көрсеткен сөздер төмендегідей жіктеліп, 4 бөлімде қарастырылады:

1. Түркілік қабатқа қатысты этимологиялық талдаулар;
2. Кірме лексемаларға берілген этимологиялық интерпретациялар;
3. Түркі тілдерінен басқа тілдерге енген сөздерге қатысты түсіндірмелер;
4. Шығу тегі белгісіз деп танылған лексемаларға қатысты этимологиялық пайымдаулар.

1. Түркілік қабатқа қатысты этимологиялық талдаулар:

а) Махмұт Қашқаридың дыбыстардың алмасуына қатысты тұжырымдары:

aduk: aduk неғ «таныс емес нәрсе». Түбірі **agduk**. Ол «бұзылған, өзгеше, белгісіз» мағынасын береді. Бұл сөз *niç meñzi agdı* «оның түсі өзгерді» сөйлемінен алынған. Айтуға жеңіл болу үшін ғайн дауыссыз дыбысы түсіп қалған (23a)¹. **Agduk** кісі: бір жерге пана

¹Жақша ішінде берілген сандар «Диуан лұғат ат-түрк» түпнұсқа қолжазбасының парақ нөмірлерін көрсетеді (Kurt, 2008).

іздеп келген жат кісі. Дыбыстардың орын алмасуы арқылы айтылатын **adguk** деген түрі де бар (31b).

agırlan-: er agırlandı «ер күтілді». *n* дыбысы *l* дыбысынан алмасқан (74b).

agıl-: er agıldı «ер жерге құлатылды». Түбірі **agtarıldı** (65a).

axtar-: er tāsıg axtardı «ер тасты ақтарды, аударды». Сондай-ақ *tipi yıgacıg axtardı* «ағашты түбінен құлатты» дейді (...) Бұл сөздің құрамындағы *x* дауыссыз дыбысы *gayın* дыбысынан алмасқан (59a).

alañ: alañ yazı «жазық алаң». Бұл сөз «ашық есік» мағынасындағы **añıl** сөзіндегі дыбыстардың орын алмасуы нәтижесінде жасалған (40b).

angar-: ol anı angardı. «Ол оған ант-су ішкізді». Негізі **andgardı** болу керек. Айтуға жеңіл болсын деп *d* дауыссыз дыбысы түсірілген (60a).

arka-: бұл мақтау үшін қолданылатын **alkış** сөзінен туындаған. Жиі қолданылуына байланысты *alkadı* сөзі бастапқыда «қайыр, игілік» мағынасын білдіргенімен, кейіннен «зиян, жамандық» мәнінде де қолданыла бастаған. Мұндағы *r* дауыссыз дыбысы *l* дыбысынан алмасқан (73a).

aşuk: «темір дулыға». Бұл сөзде *алиф* дыбысы *у* дыбысынан алмасқан; *elma'ı* және *yelma'ı* деп айтылатыны сияқты (23b).

āz: «ақкіс». Бұл сөздің *sin (s)* дыбысымен жасалған нұсқасы да бар және сол дұрысырақ (27a).

badga-: ol anın adakın badgadı. «Ол күрес кезінде оның аяғын орап алды». Бұл сөз дыбыстардың орын алмастыруы нәтижесінде *bağdadı* түрінде де қолданылады (285b).

ban-: *kōy bandı* «қой байланды». Қандай да бір зат жіппен байланған жағдайда осы етістік қолданылады. Мұндағы *nın (n)* дыбысы *lam (l)* дыбысынан алмасқан (189a).

bayram: «мейрам». Оғыз диалектісінде. Меніңше, мұның түбірі халық арасында «қуаныш, шаттық, ойын-сауық күні» мағынасында қолданылатын *badram* сөзі. Өйткені мейрам – қуаныш күні; ал исламға дейін түркілерде «байрам» (айт) болмаған, атау қайдан болсын? Егер болса, оны барлық түркі халықтары білер еді. Бұл сөзді тек тілдерінде *d* дауыссызын *у* дыбысына алмастыратындар қолданады (261b).

berk: *berk neng* «берік зат». Түбірі *bek*. Мұндағы *r* дауыссыз дыбысы кейін қосылған (88b).

biruқ: «қағанның жанына дәрежесіне қарай беделді адамдарды орын-орындарына жайғастырып отырғызушы кісі». Бұл сөздің негізі *byuruқ* «бұйрық», өйткені бұл адам оларға солай бұйрық береді (95b).

bogın: «буын, қамыс буыны, саусақ буыны». Бұл сөздегі *n* дауыссызы *m* дыбысынан алмасқан (101a).

boşgun-: er elıgı boşgundı «қолы шықты да, іске жарамай қалды». Аяққа қатысты да осылай қолданылады. Түбірі *boşundı* (193a).

böh: *böh kişi* «ірі денелі, семіз, мешкей адам». *böh* сөзі *şebih* сөзінен қысқартылған. Бұл «темір таяқ» дегенді білдіреді (300a).

bugar-: ol ygaç bugardı «ол ағашты кертті». Түбірі *bugradı* (155a).

cet-: ol menı cetti «ол маған жетті». Оғыздар мен қыпшақтар сөздің басындағы *у* дауыссызын *c* деп айтады. Түбірі *у* дыбысымен жасалған *yetti* «üemti» (211b).

çagmur: «шалғам». *Çamgur* деп те айтылады. Мұнда *m* және *ğ* дыбыстары орын алмастырған (115b). Бұл сөз қытай тілінен алынған деп көрсетіледі (Sertkaya, 2009: 18).

çaңşı: «Хотан бегінің аты». Хотанды осы бек жаулап алған. *Çaңşı* сөзінің түбірі *camşıyd* (305a). Махмұт Қашқари бұл сөзді халықтық этимология әдісімен түсіндіреді, негізінде ол қытай тілінен енген (Sertkaya, 2009: 18).

-d → -t-: bilget-: oğlan bilgetti «балаға ақыл кірді». Түбірі *bilgedti*, идғам жасалған (217b). Осы тәрізді *bilig* те «ақыл» мағынасын береді. Етістікке айналып *oğlan bilgedti* «балаға ақыл кірді» деп айтылады. Мұнда *a* дыбысы түсіріліп, *d* дыбысы мен *t* дыбысы үндесіп, кірігіп кеткен (217b). **Bukat-: buzagu bukattu** «бұзау бұқа болды да, бұқалардың арасына қосылды». Түбірі *bukađtı*. **Bulatt-: ol kozı bulattu** «ол қозыны булады» (...). Түбірі *būlađtı*. Айтуға жеңіл болу үшін *ū* (*yay*) дыбысы түсірілген және идғам жасалған (210b). **Eret-: oğlan eretti** «бала ер жетті». Сөздің түбірінде *tis* дыбысы бар: *eredti* (56b). **İgit-: ol anı igitti** «ол оны өсірді». Түбірі *egidti*. Мұндағы зәл дыбысы *t* дыбысының әсерінен қатаңданған (57b). **Kalnatt-: yuwka nēñ kalnattu** «жіңішке зат қалыңдады». Түбірі *kalnađtı*. Ұяң дыбыс қатаңданған (219b). **Ket-: er tōnin ketti** «ер тонын киді». Түбірі *kedti* (207b). **Kot-: ol nēñ kottı** «ол затты тастады». Түбірі *kođtı*. Идғам жасалған (207a). **Körket-: kız körketti** «қыз көркейді». Түбірі *körkedti*. *Körk* «көрік, әдемілік». Оған *-edti* жұрнағы жалғанып, «көркейді, әдеміленді» деген мағына шыққан (217b). **Er sitti:** «ер сиді». Түбірі *siddti*. Идғам жасалған (207a). **Sittürdi: ol oğlın sittürdi** «ол баласын сидірді». Жылқыға қатысты да осылай қолданылады. Түбірі *siddtürdi* (179b). **Suttur-: ol anın yüzüne tükürttü** «ол оның бетіне түкірді». Түбірі *südtürdi*. Идғам жасалған (179b). **Tit-: ol anı titti** «ол оны тыйды». Түбірі *tiddti*. Идғам жасалып, дыбыс қосарланған (206b). **Uyat-: ol mindin uyattu** «ол менен ұялды». Түбірі *uyadti*. Ұяң дауысыз қатаңданған (58a). **Yattur-: ol angar töşek yatturdi** «ол оған төсек жайдырды». Түбірі *yadturdi*. Идғам жасалған (242a). **Yarpatt-: iglig yarpatti** «науқас жазылды». Түбірі *yarpađtı*. Идғам жасалған (220a). **Oğlan yarpatti** «бала жазылды». Түбірі *yarpađtı*. Идғам жасалған (219b). **Yenetti: baş yenetti** «жара жазылды». Түбірі *yenedti*. Идғам жасалған (212a). **Yottur-: men añar bitig yotturdum** «мен оған жазуды өшірттім». Түбірі *yodturđum* (242a). **Yuvgat-: oğlan yuvgattu** «бала ерке, тік мінезді болды». Түбірі *yuvgadti*. Идғам жасалған (220b).

Ескертпе: Тікелей қосарланып идғамға ұшыраған сөздер түрік тілінде сирек кездеседі, бірақ етістіктердің түбірінде *t* дауыссыз дыбысы болғанда және өткен шақ белгісі ретінде *d* дауыссызы жалғанғанда, дыбыс қосарланады. Дыбыстардың қосарлануы осылай пайда болады (206a).

-d > -y-: ty-: ol anı tyadı «ол оны тыйды». Түбірі *d* дауыссызы арқылы жасалған *tıdtı* болған, ұяңданған (276b); **toy-: karın toydı** «қарын тойды». Түбірі *d* дауыссызымен *tođtı* болған, кейін *d* дыбысы *y* дыбысына алмасқан (276b).

еңе: «әпке» мағынасында қолданылады, *eke* сөзімен мәндес. *Жим* дауыссызы *kəf*-ке айналған. *Germ > cerm, günbed > cünbed* болғаны тәрізді (28b). Қашқаридың пайымдауынша, *eke > еңе* формасына айналған. Алайда қарастырылып отырған *eke* лексемасы моңғол тіліндегі *egeçi > eke* формасымен байланысты. Сондықтан да *eke* моңғол тілінен енген кірме сөз (Sertkaya, 2009: 24).

edgiş: «Өзкентте қоныстанған түркі тайпасы. Түбірі *egdiş*. Бұл сөзде дыбыстардың орын алмасуы байқалады (31a).

en-: ol tādın kodı endi «ол таудан төмен түсті». Мұндағы *n* дауыссызы *l*-ге ауысқан (47b). *attın il* «аттан түсу», *ılma* «түсу» (49a). *Ol anı tagdın ıldurdi* «ол оны таудан түсірді», *ıldurur / ıldurmak*. Сондай-ақ бұл сөз *n* дыбысы арқылы *endiürdi* тұлғасында да айтылады (60a). **kodı ıldı** «төменге түсті» деген мағынада (271b).

erdini: «денесі інжудей таза әйелге *ertini özüik* деп айтылады, өйткені ірі дәнді інжуді *erdini* дейді». Бұл сөзде *t* дауыссызы *d*-ге алмасқан (24b; 41b). Санскрит тілінен енген кірме сөз: *ertini* < *Skr. ratna* (Sertkaya, 2009: 28).

eşler: «әйел». Түбірі *eşiler*. Жиі қолданылуына байланысты айтылуын жеңілдету мақсатында *i* дыбысы түсіп қалған. Бұл сөз көпше түрде тұрғанымен, жекеше мағынада да қолданылады. Бұл сөздің тарихы ұзақ әңгіме. *y* дауыссызы (*i*) айтылуын жеңілдету үшін түсірілген (36a).

ılıg: *ılıg suw* «жылы су». Түбірі *y* дыбысымен басталатын *yılıg* (22b).

idrig: арғу тілінде «қалың әрі бұдырлы зат». Түбірі *irig* (32b).

ilik: «ілік» сөзі оғыз диалектінде. Өзге түріктер *yilik* дейді. Мұндағы *y* дыбысы алифке ауысқан (25a).

kaçaç: «кір». *Ton kaçaç boldı* «киім кірледі». Бұл сөздегі *k* дауыссызы *ç*-ге ауысқан, Түбірі *kakaç* (204b). «Қытайдың жібек матасы» мағынасындағы бұл сөз де қытай тілінен енген (Sertkaya, 2009: 20).

kađırlan-: *er kađırlandı* «ер қатуланды». Түбірі *kadrandı* және осы дұрысырақ (200b).

kanak: «қаймақ». Арғу және бұлғар тілдерінде. Мұндағы *n* дауыссызы *y* дауыссызының орнына түскен (96b).

kanda: «қайда мағынасындағы сұрау есімдігі». Бұл сөздегі *n* дыбысы *kayda* сөзіндегі *y*-ге алмасқан. Түбірі *kayuda* (106a).

kantur-: *ol meni suwka kanturdı* «ол мені суға қандырды». *kanturur* / *kanturmak*. Түбірі *d* дауыссызымен *kandurdı* болған (181b).

kanu: «қане» мағынасындағы сұрау есімдігі. *Kanu kişi* «қай адам». Арғу тілінде. Бұл сөздегі *y* дауыссызы *n*-ге алмасқан (275a).

karğılaç: «қарлығаш». Дыбыстардың орын алмастыруы арқылы жасалған *karlıgaç* нұсқасы да бар (132a).

karmaş-: *ol menin birle tawar karmaşdı* «ол менімен бірге мал олжалау жарысына түсті». «Көмектесу» мағынасын да білдіреді. Түбірі *karmalaşdı* / *karmalaşur* / *karmalaşmak* түрінде болған (189a).

ken: «шығыс елдерінде қалаға берілетін атау». Бұл *kend* сөзінің қысқарған нұсқасы (86a).

kulak: «құлақ». Кейбіреулер *kulxāk*, енді біреулер *kulkāk* дейді, алайда ең дұрысы алғашқы нұсқасы (96b). [ЕТ. *kulgak* ~ *kulkak*].

kulābuz: «жол көрсетуші, жетекші». Мұндағы *be* дыбысы *yaу*-дан алмасқан (122b).

koç: «қошқар». Оғыз диалектінде түбірі *koçnar* (81a). Махмұт Қашқари *koç* сөзінің түп-төркінін *koçnar*-ға тірейді. Алайда *koçnar* моңғол тілінен енген кірме сөз (Sertkaya, 2009: 25).

kūr: «құрғақ». Оғыз диалектінде. Бұл сөз *quruğ* сөзінің ықшамдалған нұсқасы (248b).

qurşandı: *kūr qurşandı* «белдік байланды». Түбірі *qurşadı* (197a).

kurtul-: «құтыл». Түбірі *kutuldı* (192a).

kükü: «көке, тәте». *küküy* нұсқасы да қолданылады және дұрысы сол: *küküyüm keldi* «көкем келді» (274a). Махмұт Қашқари *kükü* сөзінің дұрыс формасын *küküy* деп бергенімен, *küküy* лексемасының қытай тілінен енген кірме сөз екені айтылады (Sertkaya, 2009: 20).

küymen-: *er ıřka küymendi*. «Ер істі созбақтап, күйбеңдеді». Дыбыстардың орын алмастыруы нәтижесінде *kümyendi* нұсқасы да қолданылады (266a).

maıyıř- *er yērke maıyıřdı*. «Ер жалқаулығынан жерге жабысқандай болды». **maıyıřur / maıyıřmak** формалары бар. Бұл етістік бір іс тапсырылғанда оны орындаудан тартыну, дегенді білдіреді. *Yamařdı* сөзі шағын өзгеріс арқылы *maıyıřdı* тұлғасынан шыққан, *yamařur / yamařmak* тұлғалары бар (264b).

ogrı: *bu nen anıg ogrı ol*. «Бұл зат одан төмен». Бұл сөздің түбірінде *g* дауыссызы *i*-мен айтылады (*ogrı*), алайда айтылуын жеңілдету үшін *i* дыбысы түсіп қалған (38b).

biz bardımız: «біз бардық», *keldimiz* «келдік». В дауыссызы сөз басында тұрған жағдайда өзгермейді. + *mız*: «біз». Мұндағы *m* дыбысы *b*-ден алмасқан. Бұл заңдылық есімдер мен етістіктердің барлығына ортақ, *atımız* сөзі де осыған мысал болады (82b).

okın-: *bitig okındı* «кітап оқылды»; *ol bitig okındı* «ол шын мәнінде оқымаса да өзін кітап оқығандай көрсетті». *Okınur / okınmak* тұлғалары бар. Мұнда *n* дауыссызы *l* дауыссызынан ауысқан (55b). *Bitig okıldı* «кітап оқылды» тұлғасы бар (54b).

olxutti: *ol meni olxutti* «ол мені отырғызды». *Olxuttur / olxutmak* тұлғалары бар. Түбірі *ğayın* дауыссызымен *olгутti* болған. Себебі етістік негізінен *x* арқылы сабақты етістік болмайды, кейде *ğayın* арқылы жасалады. «Ояту» мағынасында *odğurđı*, «тойдыру» мағынасында *tođğurđı* мысалдарындағыдай. Міне, бұл жағдайда етістік *ğayın* арқылы сабақты етістікке айналған (67b).

oraң: «Рұм еліне жақын, солтүстік аймақта орналасқан бір жердің аты». *Varaң* дегені дұрысырақ (40b).

orlař- *bodun kamug orlařtı*. «Бүкіл халық айқайлап, шулап кетті». *orlařur / orlařmak*. Түбірі *orlařtı* (63b).

otra: «орта, жиегі бар кез келген заттың ортасы». Бұл *ortu* сөзінен алмасқан (38a).

öğsüz: «өксіз, аң-таң қалған». Түбірі *öğsüz*, «ақыл, түсінік» мағынасындағы *öğ* сөзінен туындаған (31a).

öñi: «басқа». Мұндағы *y* дауыссызы *n* дыбысының орнына алмасқан. Түбірі *öñin* болады (40a).

öñik: «ешкі қылынан жасалған әйелдердің жасанды бұрым шашы». *Öñik yörgeyek* «жалған бұрым». Бұл атау «басқа» мағынасындағы *öñi* сөзінен туындаған (40b).

örçüg: «өрілген шаш». Оғыз диалектінде. Бұл *örgüç* сөзінен дыбыстардың орын алмастыруы арқылы туындаған (32b).

ötlük: «үгіт». Осы мағынада *övüt* те делінеді. Түбірі *ögüt* болады (32b).

ötrüş- *olar bir birke bitig ötrüşti*. «Олар бір-біріне хат жолдады». *ötrüşür / ötrüşmek* тұлғалары бар. Бұл сөздің түбірі *ötgürüşti* (62a).

ötün-: «өтіну». *Ol hanka ötüğ ötündi*. «Ол ханға өтініш айтты». Түбірі *ötgündü*, «естігенін сол күйінде баяндады» деген мағынаны білдіреді (54b).

sā: «сен» мағынасында қолданылатын сөз. *Sā ayur men* «саған айтамын». Мұндағы *a* дауысты дыбысы *sen* сөзіндегі *n*-ден алмасқан немесе *saңa* сөзінен *ŋ* дыбысының түсіп қалуы нәтижесінде туындаған (268b).

sanrı-: *esrük sanrıdı* «мас адам сандырақтады, мағынасыз сөздер айтты». Бұл сөздің түбірі *sandırıdı* болады (284a).

sanruř- / sanrıř- *esrükler kamug sanruřdı* «мас адамдар сандырақтады». Түбірі *sandırıřdı* болады (186b).

sekiz: «сегіз». Бұл *sekkiz* сөзінің бір дыбысы түсіп, жеңілдетілген нұсқасы (92a).

soқu: «келі». Бастапқыда /k/ дауыссызының қосарлануы арқылы *soқku* болған, кейін жеңілдетілген. Сол сияқты *baқu* «төбе, биіктеу жер» сөзі де осыған мысал бола алады (түбірі *baқku*).

solak: «талақ, көкбауыр». Қыпшақ тілінде. Бұл сөздегі *s* дыбысы *t*-ден алмасқан (104a). Махмұт Қашқари бұл жерде *tolak* > *solak* өзгерісін көрсетеді, алайда мұндай ауысымды ғылыми тұрғыдан түсіндіру қиын.

talka: «қорық». Мұндағы *l* дыбысы *r*-ден алмасқан (яғни *tarka*) (108a).

tançadı: бұл сөздің түбірі *tançgadı*. Оғыздар мен қыпшақтар есімдер мен етістіктердің ортасында тұрған /ğ/ дауыссызын түсіріп айтады (258a).

tapçur-: «тапсыр». *Men ogulnu anasıña tapçurdım*. «Мен баланы анасына тапсырдым». Мұндағы /ç/ дыбысы /ş/-ден алмасқан, яғни түбірі *tapşur* (177b).

tasal: «чевген ойынында сызылған шекара». Бұл *talas* сөзінен алмасқан (99b).

tawilku: *tawilguç* сөзінің басқа айтылу нұсқасы. «Жидек, жиде» (123a).

tewşel-: *etmek uşaldı tewşeldi* «нан (т.б.) ұнтақталды, үгітілді». Түбірі *uşaldı* (ұсақталды) (192b).

tıgraş-: *oglan tıgraştı* «балалар күшейді». Бұл «тері» мағынасындағы *tıgrak* сөзінен туындаған (186b).

tikü: *bir tikü et* «бір тілім ет». Түбірінде *k* дауыссызы қосарланған. Бұл да басқалары сияқты фонетикалық жеңілдетуге ұшыраған (*tikkü*) (273b).

tođurған: *bu er ol aşığ tođurған* «бұл аш адамды тойдырған кісі». Түбірі *tođurған* болады (129b).

toğtur-: *tengri ogul toğturdı* «Тәңірі бала тудырды». Түбірі *toğurtturdı* болады (177a).

tütür-: *ol aңar ut tütürdi* «ол итті айтақтады». *tütgürdi* деп те айтылады. Түбірінде үш *t* болған (*tüttürdi*), кейін айтылуын жеңілдету мақсатында біреуі түсірілген (153b).

urk: оғыз диалектіндегі *uruk* сөзінің жеңілдетілген нұсқасы және айтылуы жағынан араб тіліндегі *unk* және *unuk* сөздеріне ұқсас (17a).

utanç: ұятты істерге *utanç iş* деп айтылады. Түбірі «ұят» мағынасындағы *uwut* сөзі болады (39b).

uwutlan-: *er uwutlandı* «ер ұялды». Оғыздар бірнеше дыбысты бірден түсіріп, *utandı* деп айтады (74b).

ühi: «үкі». Түріктер *g* дауыссызымен *ügi* деп айтады. Дұрысы да осы, өйткені түрік тілінде *h* дауыссызы жоқ (46a). Сонымен қатар жапалаққа да *ühi* делінеді, алайда таза түрік тілінде сөйлейтін тайпалар бұны *ügi* деп атайды (247b). Махмұт Қашқари түркілердің *ügi* формасын қолданатынын және оның дұрыс екенін айқын көрсетеді, себебі *ühi* тұлғасы кенжек тіліне тән (Sertkaya, 2009: 31).

ülüş: «үлес, пай». (*ş* қосымшасы негізінде *g* болу керек) *ülüğ* негізінде «пай» мағынасын білдіреді. *Üliş* «тайпалардың өз үлестерін алуы». *ş* дауыссызы *g*-ден алмасқан (22a). *ülüş:* «үлес, пай». Мұның түбірі *g* дыбысымен, пай мағынасында қолданылатын *ülüğ* сөзі болады (22a).

yaқu / yaku: «жаңбырдан қорғану үшін киетін киім». Түбірі *yaғku*. Бір дыбыс түсіп, жеңілдетілген (273a). *yaku:* «жаңбырдан қорғану үшін киетін киім», түбірі *yaғku*, дыбыс түсіп қалған (227b).

yaғru: *ol aңar yaғru yoritmas* «ол оның маңына, жанына бармайды». Бұл сөздің түбірі *k* дауыссызы арқылы *yakru* болған. Дыбысталуы жағынан жақындығына байланысты

қ дыбысы ğ-ға ауысқан. Араб тіліндегі *yakrubu* және түрік тіліндегі *yakru* сөздері бір-біріне жақын (229a).

yi: «жік, тігіс». Түбірі *yigi* болады (228a). *Yigi yığaç* «бұтақтары бір-біріне кірігіп кеткен ағаштар». Кейде /gi/ қосымшасы түсіріліп, *yi yığaç* түрінде де айтылады (228a).

yikle-: *ol yërigyikledi* «ол жерді таптады». Бұл сөз /i/ дауыстысын /y/-ға алмастыратындарға тән. Айқын түрі *ikledi* (290a).

yimle-: *ol maña yimledi* «ол маған ымдады». *yimler / yimlemek*. Түбірі *imledi* болады (290a).

yin-: *anıñ evin yindi* «оның үйін тінтіді». Түбірі *yindti*, дыбыс түсіп қалған (236b).

yogru: «түйе жүнінің ұзын талшықтары», *yogruy* деп те айтылады. Бұл сөздегі *r* дауыссызы *d*-ден ауысқан (< *yogdu*) (229a).

ә) Аффикстік морфемаларға қатысты талдаулары:

alduz- (+z): *ol tavar alduzdı* «ол тауарын алғызды (тоналды)». Мұның түбірі *aldi* «қолымен ұстады, алды» (156b). -z жұрнағы жалғанып, өзгелік етіс жасалған.

basık- / usuk- (+uk): *er yagıka basıkdı* «ер жау қолына түнде түсіп қалды», *er usukdı* «ер шөлдеді» деген сияқты. Бұл етістіктердің негізгі тұлғалары *basdı* және *usdı* (175a).

biziñ (+n): «біздің». Бұл *biz* сөзі мен -n тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы жасалған: *biziñ ew* «біздің үй». Мұның мағынасы «бізге тиесілі нәрсе осы» дегенді білдіреді (303b).

çır: «жұқа әрі жұмсақ бұтақ, шыбық». Бұл *çırık* сөзінен қысқарған (80b). Тор: *torık* сөзінің ықшамдалған нұсқасы (247b).

kadaş (+daş): Ағайын-туысқа *kadaş* дейді; түбірі *kā* «ыдыс, қап». Оған + *daş* қосымшасы жалғанып, *kadaş* болған. «Екеуі бір қапта жатқан» деген мағынаны білдіреді, яғни қарында жатқан (103a). (*tüdeş, karındaş, emigdeş, yerdeş, köñüldeş* сияқты мысалдар бар).

eren (+en): «ерлер» Бұл ережеге бағынбайтын көптік тұлға (26a).

kasuk (+uk): «ағаштың қабығы». Түбірі *kas*, мұндағы *каф* артық (96b).

kekmek (+mek): *kekmek er* «қиындық пен машақат шыңдаған адам». Негізгі түбірі *kek*, ол «бейнет» мағынасын береді (121a).

kezledi (+le): *er ok kezledi* «ер жебені көздеді». Негізгі түбірі *kez*, + *ledi* қосымшасы жалғанып, етістік жасалған (292b).

kizledi (+le): *er tavar kizledi* «ер тауарды жасырды» сөйлеміндегі *kiz* «қорап» сияқты. Басқалары да сондай. Түбірі *kiz* – есім сөз (292b).

körüse- (+sa): *men anı körüsedim* «мен онымен кездесуді қаладым». Түбірі *körügsedim* (285a).

muyançılık (+çı +lık): «екі адам арасындағы бітімгершілік, ара ағайындық». Түбірі «сауап» мағынасындағы *muyan* (262a). + *çı + lık* сөз тудырушы жұрнақтары жалғанған.

üçünç (+nç): *üçünç* «үшінші», *ekinç* «екінші». Бұл ереже. Оннан төмен сандарда реттік мәнді білдіру үшін түбірге өзінен бұрынғы саннан кейін келетінін білдіру үшін *n* және *ç* дыбыстары қосылады: *törtünç, beşinç* сияқты. түбірлері *tört* және *bēş* (39b).

oglān (+an): бұл сөз ережеден тыс *oglān* тұлғасында көптік мағына береді. Негізінде көптік тұлғасы *ogullar* болуы тиіс еді. Бұл «ерлер» мағынасындағы *eren* сөзі сияқты. Екеуі де қолданылады (25a).

öçüt (+üt): «өш, кек». Бұл сөздің түбірі *ōç* (19a).

taparu (+ru): *ol meniñ taparu keldi* «ол маған қарай келді. *Ol anıñ taparu bardı* «ол оған қарай кетті». Тара сөзі «бағыт, тарап, жақ» мағыналарын білдіреді. *r* және *u (+ru)* кейіннен қосылған (112a).

aligsa (+ sA): *ol andın yarmak aligşadı* «ол одан ақша алғысы келді». «Қалау, тілеу» мағынасының осы -sA қосымшасынан шығуы түріктердегі *sādi neḡni* «бір нәрсені санады» тіркесімен байланыстырылады. Яғни әрекетті жүзеге асырушы сол істі өз тілектерінің қатарына қосып, қалаған. Осыған ұқсас *er suwsadı* «ер шөлдеді» тіркесінде «су оның тілектерінің қатарына кірді» деген мағына бар (72a).

suwsıdı (+ sI): егер -sA қосымшасындағы *a* дауыстысы *ı*-ға ауысса, мағына өзгеріп, субъект өзіне телінген заттың күйін, табиғатын қабылдағанын, яғни бір қалыптан екінші қалыпқа өткенін білдіреді. *süciğ suwsıdı* «шарап суланды», *üzüim açıgsıdı* «жүзім ашыды» тәрізді. Бұл заңдылық сұйық заттардың күй өзгерісін білдіруде үнемі осылай қолданылады. Мағыналық негіз *sıdı neḡni* «бір нәрсені сындырды» тіркесінен туындайды (72a).

tamğalıq: «кіші құмыра (*ibrık şağır*)», сондай-ақ «бір адамға арналған дастарқан (*mā'ida şağıra yaḡuşşu bihār-racul*)» мағыналарын білдіреді. Түбірі *tamğalığ* «таңба басылған, мөрленген (*dū't-tābi'*)». Қағандар өз құмыралары мен жеке дастарқандарын мөрлеп отырған; онда бір адамға жеткілікті ас-су болған (132a).

tapın-: *tapındı* «тапты» сөзінен *tapıgsak* «қызмет сүйгіш» сияқты туынды тұлғалар жасалады. Бұл жерде *n* дыбысы түсіріліп, сөз бастапқы түбіріне қайта оралады. Түбірі *tapıg* – «қызмет» (175b).

tayangu: «сарайдың ішкі қызметінің басшысы». Түріктерде *hācib* атауы кең тарағаннан кейін бұл сөз ұмытылған. Түбірі *tayandı* етістігінен алынған (305b).

tegit (+ t): *tegin* сөзінен жасалған көптік тұлға. Негізінде «құл» деген сөз, кейіннен қаған ұлдарының атағына айналған. Бұл – ережеге бағынбайтын көптік форма (90a).

terkin (+ in): *terkin kel* «тез кел». Түбірі «жылдамдық» мағынасын білдіретін *terk* сөзі (111b).

tiken (+ en): «тікен». Жеңіл болу үшін осылай айтылады. Ережеге сай нұсқасы *k* дыбысының қосарлануы арқылы *tikken* болуы тиіс. Бұл сөз «тесу, шаншу, тігу» мағыналарындағы *tikdi* етістігінен жасалған. Алғашқы *k* дыбысы сөздің түбіріне тән, ал екіншісі сындық мән үстемелеу үшін қосылған. (...) «Тікен» мағынасындағы *tiken* сөзі де осылай жасалған. Айтылуын жеңілдету мақсатында *k* дыбыстарының біреуі түсірілген (101b).

tilemsindi (+ m + sin + d): «ол іздегендей көрінді». Мұның түбірі төрт дыбысты *tile* сөзі (199a).

töre (+ e): «төр». *Töre yokladı* «төрге отырды». *Tör* түрінде де қолданылады (271b).

tumlıg (+ lıg): «тұмшаланған, суық, салқын зат» (*bārd, bārid*). *tumlıg* сөзінің түбірі *tum* (117a).

yalıg: *takuk yalıgı* «әтештің айдары», *yalıg* «аттың жалы». *Yal* деп те қолданылады. *Yel* екеуінен де дұрысырақ нұсқасы (225b).

yulak (+ ak): «ұсақ-ұсақ су көздері, бұлақшалар». Осыдан *yul yulak* тіркесі жасалған. *l* дыбысына *+k (+ak)* жалғанған (226b).

б) Күрделі сөздерге қатысты пікірлері:

Bektur: ер кісі есімі. Түбірі *bek tur* «орнында берік тұр» деген мағынада (115a). *Bek* сөзіне қатысты Махмұд Қашқари мынадай түсініктеме береді: *berk* — *berk nen* «берік нәрсе». Түбірі *bek*, ал /r/ кейіннен қосылған (88b). Осыған сәйкес *be(r)k* «берік, мықты» мағынасындағы сөз бен *tur*- етістігінің бұйрық райы арқылы жасалған кісі есімі. Бұл дәл әрі қисынды этимологиялық талдау.

berkle-: *ol tavarın berkleđi* «ол тауарын сақтады, қорғады». Адамды қамаса да осылай қолданылады». Түбірі *bekleđi*. Бұл сөз «қорғалған орын» мағынасындағы *berk yer* тіркесінен туындаған болуы мүмкін (318a–b). Қашқаридың бұл түсініктемесі болжамдық сипатта, сондықтан ғылыми тұрғыдан дұрыс этимологиялық талдау деп есептей алмаймыз.

çantur-: *ol anı bu ıřka çanturđı* «ол оны жұмыстан айнытты». Түбірі *çınu turđı* (179b). Бұл етістікті Эржиласун-Аккойунлу *çandturđı* деп қарастырады. Қашқаридың *çınu turđı* деп дыбыстық ұқсастығына қарай түсіндіруі дұрыс емес. Клоусон бұл сөзді түпнұсқадағы *çandıř-* формасымен байланыстырып, *çand-* түбірін анықтайды (Ercilasun– Akkoynlu, 2020: 285).

dāg / dāg: «жоқ, емес». Арғу диалектінде. *ol andađ dāg-ol* «ол олай емес» деп айтылады. Бұл сөзді оғыздар арғулардан алған, *dāg-ol* сөзін бұзып *tegül* дейді, өйткені оғыздар мен арғулар көрші, тілдері бір-бірімен араласқан (256a). *tegül:* «емес». Оғыз диалектінде. Бұл сөз Арғулардың *dāg-ol* тіркесінен алынған (99b). Бұл түсініктеме ғылымда кеңінен қабылданған. Клоусон да көне түркі тіліндегі *tegül* сөзін *dag* «емес» және *ol* «ол» сөздерінен құралған деп түсіндіреді (Clauson, 1972: 463).

Xalaç: (...) Түрік тілінде ол екеуіне *kal aç* дейді. «Ей, екі кісі, тоқтаңдар, күтіндер» деген мағынада. Кейін олар *xalaç* деп аталды. Қалаштардың шығу тегі осындай (312b). Эфталиттердің ұрпағы ретінде танылған қауым және олардың түркі тайпасы екендігі жөнінде жалпы ғылыми пікір бар. Алайда *Xalaç / Kalaç* этнонимінің нақты, дәлелді этимологиясы жоқ. Махмұт Қашқари бұл атауды аңыз желісі негізінде түсіндіруге тырысқан.

iřtonlan-: *er iřtonlandı* «ер штанданды (іш киімін киді)». Түбірі *içtonlandı*. *ç* дауыссызы айтылу жақындығына байланысты *ř*-ге ауысқан (79b). Махмұт Қашқаридың бұл байқауы орынды әрі ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырым. *ç* және *ř* – қатаң, таңдай-тіс дауыссыздары. *ç > ř* ассимиляциясы түркі тілдерінің барлық тарихи кезеңдерінде кең таралған құбылыс: *ağırçak > ağırřak*, *ağaç > ağař*, *gençlik > genřlik* т.б.

karardı: «қараңғы түсті» мағынасында *tün karardı* деп айтылады. Түбірі «қара болды» мағынасындағы *kara erđi*. «Қара» сөзінен алынған (174b). Алайда бұл түсіндіру дыбыстық ұқсастыққа сүйенетін халықтық этимология әдісімен жасалғандықтан, ғылыми тұрғыдан қабылданбайды. *karar-* етістігі *kara* сөзіне (A)r жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

Kazvin: *kāz* «Афрасиабтың қызының аты». Қазвин қаласын осы қыз салған. Түбірі қаз ойыны. Себебі Афрасиабтың қызы сол жерде тұрып, сол жерде ойнаған екен (255a). Алайда бұрын *Kař-vın* деп те тіркелген бұл қаланың атауының шығу төркіні туралы нақты дерек жоқ (Huart, 1977: 527–528). Махмұт Қашқари Казвин атауын халықтық этимология әдісі арқылы түсіндіруге тырысқан.

kızardı: «киім және т.б. қызарды» мағынасында *ton kızardı* деп қолданылады. Түбірі «қызыл болды» деген мағынадағы *kızıl erđi*. Кейіннен лам мен хамза түсіріліп, толық етістікке айналған (174b). Бұл түсініктеме де *karardı* етістігіне қолданылған әдіспен жасалған. Шын мәнінде, *kız* («қызыл, ыстық, қызған») түбіріне (A)r жұрнағының жалғануы арқылы етістік жасалған.

kovuç: «жын соққан адамда пайда болатын белгі». Жын соққан жағдайда науқастың бетіне суық су шашып емдейді. Кейін *kovuç kovuç* деп айтып, адыраспан мен уд ағашын түтіндетеді. Менің ойымша, «қаш, қаш, ей жын» мағынасындағы *kaç kaç* тіркесінен шыққан (516). Алайда *kovuç* сөзін *kaç-* етістігінің қайталануына негіздеу ғылыми

тұрғыдан мүмкін емес. Махмұт Қашқари мұнда да дыбыстық жақындыққа сүйенген халықтық этимология ұсынады. Бұл сөз Құтты білікте кездесетін *kowı* (іші бос, қуыс) түбіріне + *ç* жұрнағы жалғану арқылы жасалған болуы мүмкін (Eraslan және т.б., 1979: 273). Шен бұл сөздің көне түркі *koi* «бақытсыз» есіміне жұрнағы жалғану арқылы туындауы мүмкін екенін айтады (Şen, 2015: 46). Сонымен қатар *koviç* сөзінің түркі текті хотандық сөз екендігі де көрсетілген (Sertkaya, 2009: 28).

küdez-: *ol manga küdezdi*. «Ол бір нәрсені мен үшін сақтады» (...). Түбірі *köz attı* «көз салды». *Küzetti* деп те айталады (156b). **közet-:** *ol meni közetti* «Ол мені күзетті». Түбірі *köz attı*. «Ол мені күтіп маған көз салды» деген мағынада (209b). Махмұт Қашқари халықтық этимология әдісімен екі түрлі етістікті де бір құрылым – *köz at* арқылы түсіндіреді. Негізінде *küdez-* формасы *küd-* («күту, бағу») етістігіне *-z-* аффиксі жалғану арқылы жасалған. Ал *közet-* – *köz* («көз») түбіріне *-e-* аффиксі жалғану арқылы етістікке айналып, кейін *-t-* аффиксі арқылы кеңейтілген тұлға.

kulaç: «құлаш» жайылған екі қолдың арақашықтығы (*bā'*). Мұның түбірі қолдарыңды кең аш мағынасындағы *kol aç* тіркесі. Мысалы, *bir kulaç barçın* «бір құлаш жібек мата» дейді (90b). Алайда құлаш сөзі көне түркі дәуірінен бері осы тұлғада қолданылады және оның нақты этимологиясы белгісіз. Сондықтан Қашқари ұсынған түсініктеме халықтық этимология ретінде бағаланады.

kurman: «садаққап». Оғыз және қыпшақ диалектілерінде (...). Түбірі «белдік байла» мағынасындағы *kur man* тіркесінен шыққан (112a). «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде **kurla-:** *ol kaftanıg kurladı* «ол шапанға белдік тауып байлады» (288a) және *man-* («қару асыну»): *er tulum mandı* «ер қару асынды» деректері бар (140a). Алайда *kurma-* тұлғасында етістік кездеспейді. Сондықтан *kurman* лексемасы *kur* («белдік») есіміне немесе *kur-* етістігіне + *mAn* сөз тудырушы жұрнағы жалғану арқылы жасалған болуы керек.

kutal-: *kutaldı er* «ер құт алды». Түбірі «баққа ие болды» мағынасындағы *kut aldı* тіркесі (165a). Бұл түсініктеме де халықтық этимологияға жатады. Негізінде бұл сөз *kut* («бақ, дәулет, құт, бақыт») есіміне + *a* сөзжасам жұрнағы жалғану арқылы етістік жасалып, кейін оған *-l-* қосымшасының жалғануы нәтижесінде қалыптасқан.

kutul-: *uragut kutuldı* «әйел босану қиындығынан құтылды». Бұл сөзге қатысты екі түрлі көзқарас бар: 1) бір дыбыстың түсірілуі арқылы жасалған. Бұл жағдайда түбірі *kurtuldı* «қиындықтан құтылды» болуы мүмкін; 2) «бақ тапты» мағынасындағы *kut buldı* тіркесінен алынған сияқты (165a). Сөздің түбірін *kut buldı* тіркесімен байланыстыру халықтық этимологияның үлгісі. Махмұт Қашқаридың сөз түбірін *kurtul-* етістігімен байланыстыруы ғылыми тұрғыдан дұрыс. Бұл форма *kutur-* «қашу, құтылу» етістігінен *kutur-ul-* > *kurtul-* даму жолы арқылы қалыптасқан болуы керек.

nerek: «неге керек». *Bu saña nerek* «Бұл саған неге керек». Түбірі *nē kerek*; екі дыбыс түсіп қалған (99a). Бұл өте дәл анықтама. Сөз орта буынның түсірілуі – синкопа арқылы жасалған.

nū: «не» мағынасында қолданылатын сұраулық шылау. *Nū tēr sen* «Не деп тұрсың?». Түбірі *nēgi*; *e* және *g* дыбыстары түсіп қалған (270a). Екі сөздің бірігуі нәтижесінде созылыңқы дауыстысы бар форма қалыптасқан, бұл – назар аударарлық этимологиялық талдау.

östik-: *ol bu ıška östikti*. «Ол бұл іске қызықты». *Östiker östikmek* формалары да бар. Түбірі *öz tiktı* (64b). Махмұт Қашқари мұнда да етістіктің шығу тегін халықтық этимология әдісі арқылы анықтауға тырысқан. Клоусон шор және сағай тілдеріндегі *üstük-* «шабуыл

жасау, асығу» және Құтты біліктің 4487-жолындағы "biregü bay evlik tiler östikip" деген деректі негізге алып, етістіктің түбірін көрсетеді (Clouston, 1972: 285).

özük: «әйелдерге берілетін лақап». Түбірі «нәпсі» мағынасындағы *öz* сөзінен шыққан, ал *k* дауыссызы сол нәрсенің өзіне тән екенін білдіру үшін жалғанған (24b). Махмұт Қашқари бұл сөздің +*ök* күшейткіш шылауы арқылы (*öz + ök*) жасалғанын дұрыс көрсеткен. Бұл пікірді Клоусон да қолдайды (Clouston, 1972: 285).

seksön: «сексен». Түбірі *sekiz ön* – «сегіз рет он», екі сөздің бірігуі арқылы жасалған (110b). Бұл – сан есімдердің этимологиясын анықтаудағы ең дәл тұжырымдардың бірі.

sıpaқur: «жемсауыт». Түбірі *sıp akurı* «екі жасар тайдың жем жейтін орны» (122b). Махмұт Қашқари бұл жерде өте дәл анықтама береді. «Диуан лұғат ат-түрkte» қосымша дерек бар: *sıp* «екі жасқа толған есек төлі, қодық» (80b). Қолжазбада *sıppakurı* түрінде жазылған. Демек, *sıp* «қодық», *akur* парсы тілінде *āhur* «ақыр». Біріккен сөзге тәуелдік жалғауы жалғанған. Этимологиялық талдау ғылыми тұрғыдан дұрыс жасалған.

sökmen: «ержүрек адамдарға берілетін атақ; соғыста сапты бұзатын батыр». Бұл *sökti neñni* «бір нәрсені жұлып алып тастады» тіркесінен алынған (112a). Махмұт Қашқаридың бұл лексеманы да халықтық этимология әдісі арқылы түсіндірген. Негізінде бұл сөз *sök-* түбіріне жалғанған *-man* жұрнағы арқылы жасалған (Şahin, 2015: 61).

taşken: «Шаш қаласының атауы». Түбірі «тастан салынған қала» мағынасындағы *tāş kend* (111). Бұл – ғылыми тұрғыдан дұрыс этимологиялық тұжырым.

terit-: *er teritti* «ер терледі». Бұл сөз *teri* «тері» сөзінен жасалған. Яғни *teri öttiz* «тер теріден өтті, сыртқа шықты» деген мағынада. Кесме түсіріліп екі сөзден етістік жасалған. Я болмаса *ter* «тер» немесе *ter attı* «терді сыртқа шығарды» сөздерінен жасалған. Кесме түсіріліп екі сөзден етістік жасалған. *teriter teritmek* (209a). Бұл халықтық этимология әдісіне негізделген түсініктеме. Негізінде *ter* есіміне +*i-* сөз тудырушы жұрнағы жалғанып етістікке айналған, кейін *-t-* қосымшасы жалғану арқылы кеңейтілген.

tokaқ: «тоқаш». Бұл сөз *tok er* «тоқ ер» тіркесінен жасалған. Тоқаш адамды тойдыратындайқтан солай делінген (90b). Алайда бұл лексеманы *tok er* негізіне тіреу қиынсыз. Бұл сөз, *tok* түбіріне +*aқ* жұрнағының жалғануы арқылы жасалуы керек.

toқsön: «тоқсан». Түбірі *toқız ön* – «тоғыз рет он», екі сөздің бірігуі арқылы жасалған (124b). Бұл дұрыс этимологиялық талдау үлгісі.

tonat-: *ol meni tonattu* «ол маған сыйға берген киімді кигізді». Түбірі *ton idti* «ол оған киім жіберді» (211a). *id* «жіберу» етістігіне сүйенген бұл талдау халықтық этимология әдісінің үлгісі. Біз бұл сөздің құрылымын *ton + a-t-* деп ойлаймыз.

tusul-: *bu ot añar tusuldi*. «Бұл дәрі оған пайдасын тигізді». Түбірі *tusu boldı* (166b). Сөздің түбірін көмекші етістіктерге сүйеніп түсіндіру – Қашқари жиі қолданатын тәсіл. Алайда *tusu, tusug* «пайда», *tusuglı* «қабілетті» формаларының болуы дербес *tus-* етістігі бар екенін аңғартады (Тақ, 2015: 190). Демек, *tus-* түбіріне *ul-* аффиксі жалғану арқылы арқылы жасалған.

tutmaқ: «түріктердің белгілі тағамы» (...). Түріктер бұл тамақты көрген соң *tutmaқ* деген. Түбірі *tutma aқ* «аш қалма, тамақ істеп іш». Екі а дауыстысының бірі түсіп қалған (114a/114b). Қашқаридың халықтық этимологияға сүйеніп жасаған түсініктемесінің бірі. Сөзді *tut-maқ* құрылымы арқылы түсіндіру орынды.

yamu: «иә ме? Келісесің бе?» мағынасындағы сұраулық сөз. *Sen bargıl yamu* «Сен бар, иә ма? Жарай ма?». Түбірі *yah*. Бұл «иә» дегенді білдіреді. *tu* сұраулық шылау. (228a). Бұл сөздің шығу тегі дұрыс түсіндірілген.

yarsitti: *ol anı yarsitti*. «Ол оған лас нәрсе жұқтырды». Түбірі *yār sudı* «түкірік шашты». Түкіргені үшін одан жиіркенді деген сөз. Идғам жасалған (ұяң дауыссыз қатаңданған) (220a). Халықтық этимологияға сүйеніп талдауға тырысқан. Негізінде *yar* «түкірік» түбіріне + *sI-* аффиксі жалғануы арқылы жасалған *yarsı-* «жиіркену» етістігіне *-t* өзгелік етіс жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

yasgaç: «ясдығач, қамыр жаятын тақтай». Түбірі *yası ıgāç* «жалпақ ағаш» (231a). Махмұт Қашқаридың лингвистикалық әдіске сай дұрыс жасалған талдауларының бірі.

yazuk et: күзде түрлі дәмдеуіш қосылып кептірілетін ет; осылай сақталады да көктемде желінеді. Бұл *yāz ok ye* «тек көктемде же» тіркесінен жасалған, өйткені көктемде малдар арықтайды. Сүр еті барлар осылайша көктемде жақсы ет жейді (226a). Бұл сөзге қатысты талдау да халықтық этимология әдісімен жасалған. «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде бұл сөзге түсініктеме беретін дерек бар: *yazuk: yazuk at* «босатылған ат»; байлаудан босатылған кез келген затқа қатысты айтылады (226a). Демек, бұл сөз *yaz-* «жайу, тарату, ашу» етістігіне *-uk* қосымшасы жалғану арқылы жасалған.

yenidi: *uragut yenidi* «әйел жеңілденді; әйел босанды» тіркесінің жасалуының екі жолын көрсетуге болады: біріншісі, *yenik neĵ* «жеңіл зат» тіркесінен шыққан. Әйел бала туған соң жеңілдейді, сол үшін *yenidi* дейді (...). Екіншісі, *yen* «тән» сөзінен алынған. Әйел өз тәнінен тағы бір тән шығарды демекші. Бұл жолдың екеуі де әдемі (241b/242a). Махмұт Қашқаридың екінші пайымы қисындырақ. Сөз *yen* + *i-* үлгісімен жасалған.

yiñitti: *er yiñitti* «ер сіңбірді». Түбірі *yiñ attı* «сіңбірік тастады» (214b). Мұнда да көмекші етістік арқылы түсіндірілген халықтық этимология мысалын көреміз. Негізінде бұл етістік *yiñ* + *ed-* > *yiñid-* > *yiñit-* даму желісімен түсіндіріледі.

в) *Бастапқы түбірге қатысты этимологиялық талдаулар:*

ertiş: Йемек жазығында орналасқан өзеннің атауы. (...) Бұл сөз *ertişmek* етістігінен тараған *ertiş* түбірімен байланысты. «Менімен жарыс, қайсымыз алға озамыз?» дегенді білдіреді (31a).

korıg: «қорық» «бектерге немесе өзге адамдарға тиесілі тоғай; қорғалған әрі күзетілетін жер *korıg* деп аталады» (95a).

yüksek: *yüksek tāg* «биік тау». Қандай да бір зат биік әрі ұзын болса, оған *yüksek* дейді. *Yüg* «құс қауырсыны» дегеннен шыққан, өйткені қауырсындың табиғаты «көтерілу». Сол себепті барлық биік нысандар осылай аталған (232b).

2. *Кірме лексемаларға берілген этимологиялық интерпретациялар*

Çigil: түркілердің үш тайпасының атауы (...). Зұлқарнайын Арғу еліне барғанда шелектеп нөсер жауып, жолдар лай батпаққа айналады да, олардың жағдайы қиындайды. Сонда ол парсыша *in çı gil est* «бұл не деген батпақ?» деген екен. Сол жерде бір қорған салуды бұйырып, қорған тұрғызылған соң, оған *Çigil* деген ат берілген. Кейін осы қорғанға қоныстанған түріктер *Çigili* деп атала бастаған (99b). Бұл этнонимге қатысты М. Қашқаридың берген түсіндірмесі нағыз халықтық этимологияның үлгісі.

gēzri: арғулар сәбізді *gēzri* деп атайды. Бұл сөз парсының *gazar* «сәбіз» атауынан алынған. Алайда сөз құрамындағы *k* дыбысы біршама жұмсарған. Оғыздар мұны *geşür* деп қолданады. Олар да бұл сөзді парсылардан алған. Оғыздар парсылармен тығыз қарым-қатынас орнатқан соң, бірқатар төл түркі сөздерін ұмытып, олардың орнына парсыша атауларды қолдана бастаған. Мәселен, олар шелекке (*kumkuma*) *aftabe* дейді. Парсы тілінде *aftābe* делінеді, ал алқаны *kalıda* деп атайды. Оның арабшасы *kalāda* (247b).

ören: оғыз диалектінде «жаман» деген мағына білдіреді. Бұл сөз парсының «қираған» дегенді білдіретін *viran* атауынан алынған деп есептеймін. Оғыздар парсылармен байланыс орнатқан кезде көптеген түркі сөздерін ұмытып, олардың орнына парсы сөздерін қолданған, *ören* де солардың бірі (26a).

tana: парсы тіліндегі *dāna* «дән, астық» сөзінен алынған болуы ықтимал. Түріктер бұл сөзді өз тіліне бейімдеп *tana* түрінде қолданған (232a).

Türkmen: бұлар оғыздар. Олардың *türkmen* деп аталуына қатысты мынадай аңыз бар: (...) Зұлқарнайын бұл тайпаға келгенде, олардың түрлері мен түркілік сипаттарын көріп, ештеңе сұрамастан *türk manand* «түрікке ұқсайды» деген екен. Осы сөз сол күннен бастап олардың атауы ретінде қалған (312b). Қашқаридың *türkmen* этнониміне қатысты бұл интерпретациясы да халықтық этимологияның айқын үлгісіне жатады (Şahin, 2005: 61).

Uyğur: бес қалалы бір өңірдің атауы (...). Зұлқарнайын ұйғыр еліне келгенде, түрік қағаны оған төрт мың адам жібереді; олардың дулығаларына тағылған қанаттар сұңқар қанаты сияқты екен. Олар алға қарай да, артқа қарай да оқ ата алады екен. Зұлқарнайын бұған таң қалып, *inan xud xorend* «бұлар өз-өздерін асырайды, өйткені олардың қолынан аң қашып құтылмайды, қалаған кезде аулап жей береді» депті де, бұл өңірге *xudxur* атауын беріпті. Кейінірек *x* дауыссызы (алиф) *a*-ға ауысқан (35b/36a). Қашқаридың *xud xorend* → *xudxur* → *uyğur* түріндегі түсіндірмесі – халықтық этимологияға негізделген.

3. Түркі тілдерінен басқа тілдерге енген сөздерге қатысты түсіндірмелер

dāg: «жылқыларға және өзге де малға салынатын таңба, ен». Ирандықтар бұл сөзді түркілерден алған, өйткені түркілердегідей үйір-үйір мал болмаса, таңбалауға қатысты атаулар қайдан болсын? Дегенмен бұл сөзді мен ислам шекараларында да естідім (256a).

taglat-: *ol atın taglattı* «ол атын тағалатты», *taglatur taglatmak*. Ирандықтар бұл етістікті түркілерден алып, *dag* «басу» мағынасында қолданады (218a). Негізі бұл сөз парсы тіліне тән (Sertkaya, 2009: 36).

tēz: «биік жер». Парсылар осыдан алып қамалдарына *diz* деген (248b). Сол сияқты «қамал» мағынасындағы *diz* сөзін де түркілерден алған. Түрік тілінде *tēz yēr* «биік жер» деп айтылады (218a). Бұл лексеманың түбірі парсы тіліндегі *diz* деген сөз (Sertkaya, 2009: 36).

yalma: «шапан, қалың шапан, жауынға арналған киім». Ирандықтар бұл сөзді түркілерден алып *yalma* түрінде қолданған, олардан арабтар алып, *yalmak* формасына түсіріп, *h* дауыссызын *k*-ға ауыстырған (...). Арабшаланған бұл сөзді түріктер парсылардан алды деуге ешқандай негіз жоқ, өйткені мен оны шекара сыртындағы сауатсыз, қарапайым түріктерден де естідім. Ал олардың өлкесінде жаңбыр мен қар көп жауады. Өзгелерге қарағанда жауыннан қорғанатын киім оларға көбірек қажет (230a).

4. Шығу тегі белгісіз деп танылған лексемаларға қатысты этимологиялық пайымдаулар

aba: «әке». Түбіт (тибет) диалектінде. Бұл сөз оларда араб тілінен енген болса керек, өйткені олар Табиттің ұлдары (28a). Түбіттіктер Табит есімді адамның ұрпақтары (...). Бұдан бөлек, олардың тілінде араб сөздері де бар: ананы (*umt*) – *uma*, әкені (*ab*) – *aba* дейді (90a). *uma:* «ана (*umt*)». Түбіт (тибет) тілінде. Бұл сөз де араб тілінен енгенге ұқсайды (30a). Махмұт Қашқари *uma* мен *aba* сөздерін араб тілінен енгенін айтады, алайда бұл екі сөз де тибет тіліне тән (Sertkaya, 2009: 38).

agin: *agin er* «мұрнымен сөйлейтін, кекеш адам». Бұл сөз айтылуы мен мағынасы жағынан араб тіліне (*agann*) сәйкес келеді (26a).

ari: «ара». Бұл сөз араб тілінен енген. Арабтар балды *al-ari* деп атайды, ал түркілер бұл атауды бал жинайтын жәндікке береді (28b).

bül: көп жыл өткен соң дәмі бұзылған астық *bül tarıg* деп аталады. Бұл сөз айтылуы мен мағынасы жағынан араб тіліне жақын: арабша *baliya*, түрікше *bül* (85a).

erre – «зәр». Есекті шағылыстыру үшін айтылатын сөз; екі-үш рет қайталанғанда есек шағылысады. Бұл сөз араб тілінен енгенге ұқсайды, өйткені арабша *erra* «шағылысу» дегенді білдіреді (16b).

heç / heç heç: «ат шауып кетпек болғанда, оны тоқтату үшін айтылатын сөз». Бұл сөз де араб тіліне тән. Оның құрамында *h* дыбысы бар, ал түрік тілінде *h* дауыссызы болмайды (81b). *h* дыбысы жөнінде 247a/b-ні қараңыз. *heç heç:* «атқа ұрысқанда айтылатын сөз», түбірі *eç eç*; хамза *h*-ға айналған. Бұл да араб тілінен енген: арабша *hechectu bi'l-ganemi* «қойға айқайладым» дейді (204a).

ıwrık: «құман». Бұл сөз айтылуы мен мағынасы жағынан араб тіліне сәйкес келеді, тек арабша *b* дыбысы түрік тілінде *w*-ға айналған (31b).

kadır: *kadır neng* «қиын нәрсе». Қиын, қия жер *kadır yer* деп аталады. Бұл сөз де араб тіліне сәйкес келеді, өйткені қаттылық пен қиындық күш-қуат, құдірет ұғымдарымен байланысты; қатал адам өз дегенін жүзеге асыра алатын күшке ие (92a).

karı: «қары – қолдың шынтақтан саусақ ұшына дейінгі аралығы»; *karı:* «қарыс – матаны өлшеуге арналған өлшем». Екінші мағынасы біріншісінен туындаған. Бұл сөз мағынасы жағынан араб тіліне жақын, өйткені екі тілде де қолдың ұзындығы мен матаны өлшеу бір атаумен беріледі (272a).

қарит: түркмен тілінде «боқтау» деген мағына береді. Менің ойымша бұл сөз араб тіліндегі *ğārat* («тонау»?) сөзінен алынған (90a).

karvı: «жіңішке садақ». Осыдан *karvı kaşlıg kişi* «жіңішке қасты адам» тіркесі жасалған. Бұл атау араб тіліне сәйкес келеді, өйткені арабтар садақ пішінді заттарға *karwa* дейді (275b).

kirıt: «кілт». Бұл сөз араб тіліне жақын, өйткені оның арабшасы *iklid*. *İ* түсірілген соң *қ → k*, *l → r* болып алмасқан (90b). *Karug kiritledi* «есікті құлыптады». Түбірі *kirıt*. Оған + *ledi* қосымшасы жалғанып етістік жасалған (298a). *Kirıt* грек тілінің сөзі (Sertkaya, 2009: 35).

kürküm: «шафран». Бұл сөз араб тіліне тән, өйткені арабтар да *kurkum* деп атайды (122b).

közeç: «құмыра, қыш ыдыс, көзе». Бұл сөз араб тіліне тән, бірақ *h* дыбысы *ç*-ге ауысқан (91a).

me: «мә – қой мен қозының маңырауы». Бұл да араб тіліне тән (270a).

ogar: *ogar at* «мандайында ақ жолағы бар ат» (*agarr*). Бұл сөз айтылуы мен мағынасы жағынан араб тіліне сәйкес келеді, тек арабшада алғашқы дыбыс *a*, ал түрікшеде *o* болған (19b).

ötrüm: «іш жүргізетін дәрі». Бұл сөз араб тіліне жақын (*şubrum*) (33b).

semiz: «семіз, семірген жануар». Бұл сөз араб тіліне тән, алайда түрік тілінде */n/* дауыссызы */z/*-ға ауысқан. Бұл олардың тіліне тән құбылыс: *sän (anta)* және *siz (anta)* сияқты формаларда да */z/ /n/*-ге ауысқан (92b).

sulı / süli: «құлдарға берілетін атаулардың бірі». Бұл атау, *Süleyman* «Сүлеймен» есімінің қысқартылған түрі болуы мүмкін (274b).

şap: *ol anı şap şap boyunca* «оның мойнына шап-шап ұрды, шапалақтады»; *ol kagunı şap şap yedi* «ол қауынды шапылдатып жеді». Шабдалы сияқты шырынды жемістерді шапылдатып жегенде де осылай айтылады. Бұл сөз араб тілінен енген, өйткені араб тілінде *al-şib* деген түйенің ернінен шығатын дыбыс (254a).

tavil: «дабыл, аңшылықта қыран құс үшін соғылатын дабыл». Бұл сөзді араб тілінен енген деп ойлаймын, мұнда *t* дауыссыз дыбысы *t*-ға алмасқан. Мұндай құбылыс араб тілінің өзінде де кездеседі: *ğaliṭa* ~ *ğaliṭa*, *kaṭṭara* ~ *kaṭṭara* сияқты. Сол сияқты *tābit* сөзін өзгертіп, *Tübüt* деп атаған. Алайда мен бұл сөзді ислам елінің ең шет аймақтарында, тіпті таза түріктердің де аузынан да естідім (259a).

ternük: «жерден сыздықтап шыққан су». Оның арабша баламасы *turnuk*. Мұнда *k* дауыссыз дыбысы *k*-ға алмасқан. Бұл сөз жай ғана кездейсоқтық (206a).

Нәтижелер

Мақалада келтірілген мысалдарға қарап Махмұт Қашқаридың метатезалы формаларға ерекше назар аударғанын байқаймыз: *agduk* × *adguk*; *egdiş* × *edgiş*; *ortu* × *otra* және т.б. Махмұт Қашқари түркі тілдеріндегі *-g-* дыбысының көп жағдайда түсіп қалуы нәтижесінде бастапқы формадан өзгеше жаңа тұлғалардың қалыптасатынын атап өтеді: *boşgun-* > *boşun-*; *tançgadı* > *tançadı* т.б. Сондай-ақ, ол орта ғасыр түркі дәуіріндегі ең маңызды дыбыстық өзгерістердің бірі әрі түркі тілдері арасындағы басты айырмашылық өлшемі болып саналатын */d/* > */y/* алмасуынан да хабардар болған: *tođtı* > *toydı*; *tuđtı* > *tydı* тәрізді. Ал */d/* > */t/* ассимиляциясы нәтижесінде пайда болған дыбыстық өзгерістерде бастапқы негіздерді көрсетуге Махмұт Қашқари айрықша мән берген: *eretti* < *eredti*; *kotti* < *kođtı* сияқты. Осы құбылысқа қатысты шамамен жиырмаға жуық мысал берілген. Махмұт Қашқари сөзжасамға да баса назар аударып, түрлі сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің де түбірлерін көрсетеді: *topık* < *top*; *kasuk* < *kas*; *öçüt* < *öç*; *terkin* < *terk* және т.б.

Közetti «*köz attı*»; *karardı* «*kara erdi*»; *kutaldı* «*kut aldı*»; *sökmen* «*sökti nenni*»; *tonattu* «*ton idti*»; *tutmaç* «*tutma aç*» сияқты күрделі сөздерге қатысты ұсынған этимологиялық интерпретациялары да айрықша назар аударарлық. Ал *xalaç*, *çiğil*, *uygur*, *türkmen* секілді этнонимдердің шығу тарихына қатысты пайымдаулары аңыз-әпсанаға сүйеніп, халықтық этимология әдісімен жасалғаны байқалады. Сонымен қатар Махмұт Қашқари ұсынған *dag ol* > *teğül*; *içtonlan-* > *iştonlan-*; *nē kerek* > *nerek*; *negü* > *nü*; *özök* > *özük*; *tokuz on* > *toḵsōn*; *sekiz on* > *seksōn*; *yası yığaç* > *yasgaç* тәрізді мысалдармен берген бірқатар тұжырымдарды – нақты әрі орнықты, ғылыми тұрғыдан дәлелді этимологиялық талдау үлгілері.

Қорытынды

Махмұт Қашқари этимологиялық түсіндірмелерінде түбір, жеңілдік, жарамды, дұрыс, айқын сияқты өзіне тән терминологиялық жүйе қалыптастырып, кейін осы өлшемдер негізінде сөздердің шығу тегіне қатысты тұжырымдар жасаған. Ғұлама «Диуан лұғат ат-

түрк» еңбегіндегі сөздердің барлығына бірдей этимологиялық талдау жүргізбеген. Егер белгілі бір сөздің құрылымы немесе шығу тегі туралы мәлімет беруді қажет деп тапса, «түбірі осындай; бұл дыбыс орын алмастырған, алынып тасталған, кейін қосылған, алмасқан, осы дыбыстан шыққан; бұл сөз мынадан қысқартылған, қатаң дауыссызға айналған, екі сөз біріктірілген, бұл сөздегі дыбыстар түсіп қалған, белгілі бір сөзден алынған; немесе парсы тілінен алынған, араб тіліне сәйкес түсіп қалған» деп, сөздің төркініне қатысты өз көзқарасын білдіріп отырған.

Мақалада біздің зерттеуімізге сәйкес, Махмұт Қашқаридың жеке көзқарасы негізінде жасаған этнотілдік интерпретацияларының саны келесідей: дыбыстың алмасуына (метатезаға) қатысты талдаулары – 92, сөзжасамға қатысты тұжырымдары – 29, күрделі сөздерге қатысты пайымдаулары – 36, бастапқы түбірге қатысты түсіндірмелері – 3, кірме сөздерге қатысты пайымдаулары – 7, түркі тілдерінен басқа тілдерге енген сөздерге қатысты интерпретациялары – 3, шығу тегі белгісіз деп танылған лексемаларға қатысты талдаулары – 22. Сонымен, жалпы саны – 189 сөз. Осы деректердің барлығын ескере отырып, Махмұт Қашқаридың сөздік құрғанда этимолог ретінде жұмыс істегенін және ол сөздерді өз дәуірінен озық тұрған ғалым ретінде зерттегенін айтуға толық негіз бар.

Әдебиет

Бияров Б., 2023. Көне түркі қағанаты кезіндегі Ұлы Жібек жолында орналасқан кейбір тарихи этнонимдердің этимологиясы. (Электронды ресурс). URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_54767372_66691872.pdf (Қаралған уақыты: 31.01.2026).

Қашқари М., 1997. Түрік тілінің сөздігі: «Диуан лұғат ат-түрк»: 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: ХАНТ. 1-том. 593 б.

Қашқари М., 1997. Түрік тілінің сөздігі: «Диуан лұғат ат-түрк»: 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: ХАНТ. 2-том. 528 б.

Қашқари М., 1997. Түрік тілінің сөздігі: «Диуан лұғат ат-түрк»: 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: ХАНТ. 1-том. 600 б.

Atalay B., 1939. *Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi*. Cilt I. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 521 s.

Atalay B., 1940. *Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi*. Cilt II. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 336 s + 1 harita

Atalay B., 1941. *Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi*. Cilt III. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 452 s.

Canpolat M., 2000. “Kaşgarlı Mahmud ve Etimoloji”, *Divânu Lugati't-Türk Bilgi Şöleni Bildirileri* (7-8 Mayıs 1999). Ankara: Türksoy Yay. S.19-29.

Clauson Sir G., 1972. *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish*. Oxford: Oxford University Press. 341 p.

Eraslan K., Sertkaya O. F., Yüce N., 1979. *Reşid Rahmeti Arat, Kutadgu Bilig III, İndeks*. İstanbul: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları. XV + 565 s.

Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z., 2020. *Kâşgarlı Mahmûd Dîvânü Lugâtî't-Türk. Giriş-Metin-Çeviri-Notlar-Dizin. Tıpkıbasım*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 1098 s.

- Huart Cl., 1977. Kazvin. İslam Ansiklopedisi: Milli Eğitim Basımevi. C. 6. S. 527-528.
- Kurt Ş., 2008. Kitâbu Dîvânı Lugâti't-Türk: Tıpkıbasım – Türkçe Sözcükler, Özel Adlar Dizini. İstanbul: T.C. Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları. (Kültür Eserleri Dizisi: 433; Yayın No: 3152).
- Sertkaya O. F., 2009. Dîvânüü Lugâti't-Türk'te Geçen Her Kelime Türkçe Kökenli Midir? Veya Kâşgarlı Mahmûd'un Dîvânü Lugâti't-Türk'ünde Yabancı Dillerden Kelimeler. Dil Araştırmaları. C. 5. S. 9-38.
- Şahin İ., 2015. "Türk Dilinde Renk Adı + mAn Sistemi ve {mAn} Ekinin Kökenine Dair" TEKE. 4/1. S. 45-68.
- Şen S., 2015. Divanü Lugati't-Türk'te Halk Etimolojisi Örnekleri. 7. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri. Cilt II. Elazığ. S. 41-54.
- Taş İ., 2015. Kutadgu Bilig'de Söz Yapımı. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 273 s.

Reference

- Biyarov B., 2023. Köne türki qağanaty kezindegi Uly Jibek jolynda ornalasqan keybir tarihy etnonimderdiñ etimologiyası [Etymology of some historical ethnonyms located along the Great Silk Road during the time of the ancient Turkic Khaganate]. (Elektrondy resurs). URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_54767372_66691872.pdf (Accessed 31.01.2026). [in Kazakh].
- Qashqari M., 1997. Türik tiliniñ sözdigi: (Diwani luğat-it-türik): 3 tomdıq şığarmalar jınağı. Qazaq tiline audarğan, alğı sözi men ğılımi tüsinikrepi jazğan A. Egeubai [Dictionary of the Turkish language: (Diwani lugat-it-turk): a collection of works in 3 volumes. Translated into Kazakh, with a preface and scientific comments by A. Yegeubay]. Almaty: HANT. 1-tom. 593 p. [in Kazakh].
- Qashqari M., 1997. Türik tiliniñ sözdigi: (Diwani luğat-it-türik): 3 tomdıq şığarmalar jınağı. Qazaq tiline audarğan, alğı sözi men ğılımi tüsinikrepi jazğan A. Egeubai [Dictionary of the Turkish language: (Diwani lugat-it-turk): a collection of works in 3 volumes. Translated into Kazakh, with a preface and scientific comments by A. Yegeubay]. Almaty: HANT. 2-tom. 528 p. [in Kazakh].
- Qashqari M., 1997. Türik tiliniñ sözdigi: (Diwani luğat-it-türik): 3 tomdıq şığarmalar jınağı. Qazaq tiline audarğan, alğı sözi men ğılımi tüsinikrepi jazğan A. Egeubai [Dictionary of the Turkish language: (Diwani lugat-it-turk): a collection of works in 3 volumes. Translated into Kazakh, with a preface and scientific comments by A. Yegeubay]. Almaty: HANT. 1-tom. 600 p. [in Kazakh].
- Atalay B., 1939. Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi. Cilt I [Translation of Divanü Lûgat-it-Türk. Volume I]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 521 p. [in Turkish].
- Atalay B., 1940. Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi. Cilt II [Translation of Divanü Lûgat-it-Türk. Volume II]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 336 p + 1 harita. [in Turkish].
- Atalay B., 1941. Divanü Lûgat-it-Türk Tercümesi. Cilt III [Translation of Divanü Lûgat-it-Türk. Volume III]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 452 p. [in Turkish].
- Clauson Sir G., 1972. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford: Oxford University Press. 341 p.
- Eraslan K., Sertkaya O. F., Yüce N., 1979. Reşid Rahmeti Arat, Kutadgu Bilig III, İndeks [Reşid Rahmeti Arat, Kutadgu Bilig III, Index]. İstanbul: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları. XV + 565 p. [in Turkish].

Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z., 2020. *Kâşgarlı Mahmûd Dîvânü Lugâti't-Türk. Giriş-Metin-Çeviri-Notlar-Dizin. Tıpkıbasım [Mahmud Kashgari's Divanu Lugati't-Turk. Introduction-Text-Translation-Notes-Index. Facsimile Edition.]*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 1098 p. [in Turkish].

Huart Cl., 1977. Kazvin [Kazvin]. *İslam Ansiklopedisi: Milli Eğitim Basımevi*. C. 6. P. 527-528. [in Turkish].

Kurt Ş., 2008. *Kitâbu Dîvânü Lugâti't-Türk: Tıpkıbasım – Türkçe Sözcükler, Özel Adlar Dizini [Kitâbu Dîvânü Lugâti't-Türk: Facsimile Edition – Index of Turkish Words and Proper Names]*. İstanbul: T.C. Kültür ve Turizm Bakanlığı Yayınları. (Kültür Eserleri Dizisi: 433; Yayın No: 3152). [in Turkish].

Sertkaya O. F., 2009. *Dîvânü Lugâti't-Türk'te Geçen Her Kelime Türkçe Kökenli Midir? Veya Kâşgarlı Mahmûd'un Dîvânü Lugâti't-Türk'ünde Yabancı Dillerden Kelimeler. Dil Araştırmaları [Are all words in the Divanu Lugati't-Türk of Turkish origin? Or are there words from foreign languages in Mahmud Kashgari's Divanu Lugati't-Türk? (Linguistic Studies)]*. C. 5. P. 9-38. [in Turkish].

Şahin İ., 2015. “Türk Dilinde Renk Adı + mAn Sistemi ve {mAn} Ekinin Kökenine Dair” *TEKE*. 4/1 [“On the Color Name + mAn System in the Turkish Language and the Origin of the {mAn} Suffix” *TEKE*. 4/1]. P. 45-68. [in Turkish].

Şen S., 2015. *Divanü Lugati't-Türk'te Halk Etimolojisi Örnekleri [Examples of Folk Etymology in Divanü Lugati't-Türk]*. 7. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri. Cilt II. Elazığ. P. 41-54. [in Turkish].

Taş İ., 2015. *Kutadgu Bilig'de Söz Yapımı [Word Formation in Kutadgu Bilig]*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 273 p. [in Turkish].

Автор туралы мәлімет:

Зеки Каймаз, PhD, профессор, Элеуметтік ғылымдар институты, Эгей университеті, Орталық кампус, Борнова – Измир, Түркия Республикасы.

Information about author:

Zeki Kaymaz, PhD, Professor, Institute of Social Sciences, Ege University, Central Campus, Bornova – Izmir, Republic of Türkiye.

Сведения об авторе:

Зеки Каймаз, PhD, профессор, Институт социальных наук, Эгейский университет, Центральный кампус, Борнова–Измир, Турецкая Республика.



Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Музыкальная лексика в «Диван лугат ат-турк» Махмуда Кашгари

*З. Темиргазина^a, А. Тлеулесова^b, Г. Шахажанова^c

^aПавлодарский педагогический университет имени Алькея Маргулана, Павлодар, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0003-3399-7364

(E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com). *Автор для корреспонденции: zifatemirgazina3@gmail.com

^bКазахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0000-0002-3471-6109

(E-mail: tleulardac@list.ru)

^cКазахский национальный исследовательский технический университет имени К. Сатпаева, Алматы, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0001-8750-0769

(E-mail: abitobad@list.ru)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Ключевые слова:
Кашгари,
Словарь,
музыкальная
лексика,
древнетюрский
язык, этнолинг-
вистический
подход, пение,
музыкальные
инструменты,
қубуз, сибузғұ,
йыр, йырғұ.

МРНТИ 16.41.25

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-182-197>

В статье анализируется музыкальная лексика в словаре Махмуда Кашгари «Диван лугат ат-турк» XI века. Исследователи полагают, что музыкальными словами и терминами должен заниматься специальный раздел лингвистической науки – музыкальная лексикология, в которой изучается семантика, этимология, возникновение слов с музыкальным значением. В качестве основного метода исследования избран этнолингвистический подход, при котором семантика слов рассматривается с учетом специфики этнического, историко-культурного контекста. В лексемах, обозначающих музыкальную деятельность, отражен значимый фрагмент картины мира древних тюрков, прочно сохраняющийся в музыкальных традициях нового времени. Слова, входящие в музыкальную лексику тезауруса Кашгари, передают основные элементы музыкальной деятельности тюрков: глаголы, указывающие на владение музыкальными инструментами, на исполнение песен, названия музыкальных инструментов, их разновидностей, названия исполнителей музыки и песен, названия песенных жанров. Глаголы обозначают обобщенное, недифференцированное владение каким-либо музыкальным инструментом. Кроме того, в словаре содержатся глаголы, обозначающие владение определенным музыкальным инструментом, например, глагол қубза- имеет значение «играть на кобызе». Глагол образован от имени существительного қубуз (кобыз). В словаре обнаружены 4 лексемы, называющие разновидности кобыза, дифференцированные в зависимости от особенностей звучания. В словарных статьях слов лексико-семантической группы

с музыкальным значением Кашгари приводит фонетические варианты слов и поясняет их фонетические особенности, обусловленные различием в диалектах или влиянием арабского языка. Музыка и пение являются неотъемлемой частью жизни тюрков: они сопровождают свадебные, похоронные, родильные обряды, охоту и проч., что приводит к возникновению функционального разнообразия жанров песен и музыкальных произведений. К важнейшим функциям пения и музыки относится сакральная функция. Они используются камами (шаманами) для установления контакта с миром духов предков – аруаков. Исследователи отмечают преимущественное использование кобыза в камлании шаманов в тюркских племенах огузской группы, тогда как в остальных тюркских племенах шаманы использовали в основном бубен, делая ритм главным средством воздействия на слушателей и мистический мир духов. В повседневных и сакральных обрядах, ритуалах древних тюрков пение, музыка, ритм занимали важнейшее место, и это нашло отражение в тезаурусе Махмуда Кашгари. Музыка, пение, ритм, по мнению тюрков, поддерживали космический порядок и гармонию, выступая организующими элементами их мифопоэтической картины мира.

***Z. Temirgazina^a**

^aA. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0003-3399-7364

(E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com)

*Corresponding author: zifatemirgazina3@gmail.com

A. Tleulesova^b

^bS. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-3471-6109

(E-mail: tleulardac@list.ru)

G. Shakhazhanova^c

^cK.I. Satpaev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0001-8750-0769

(E-mail: abitobad@list.ru)

Musical vocabulary in the “Dīwān Lughāt al-Turk” by Mahmud Kashgari

Abstract. The article analyzes the musical vocabulary presented in the 11th-century dictionary “Dīwān Lughāt al-Turk” by Mahmud Kashgari. Researchers believe that musical

Received 12 December 2025. Revised 14 January 2026. Accepted 16 February 2026. Available online 30 March 2026.



Для цитирования: З. Темиргазина, А. Тлеулесова, Г. Шахажанова Музыкальная лексика в «Диван лугат ат-турк» Махмуда Кашгари // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 1. С. 182-197. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-182-197>

For citation: Z. Temirgazina, A. Tleulesova, G. Shakhazhanova Musical vocabulary in the “Dīwān Lughāt al-Turk” by Mahmud Kashgari // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 1. P. 182-197. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-182-197>

words and terms should be studied by a special linguistic science called musical lexicology. This field of study examines the semantics, etymology, and origin of words with musical meanings. The main research method is an ethnolinguistic approach, considering the semantics of words in the context of ethnicity, history, and culture. Lexemes denoting musical activity reflect a significant aspect of the Old Turks' worldview, which has been preserved in the musical traditions of the modern period. The musical lexicon in Kashgari's thesaurus includes words that convey the main elements of musical activities among the Turks. These words include verbs that indicate mastery of musical instruments and performance of songs, as well as the names of musical instruments, their varieties, performers of music and songs, and song genres. These verbs denote generalized proficiency in playing a musical instrument. Additionally, the dictionary contains verbs referring to mastery of a specific instrument. For instance, the verb "қубза" means "to play the kobyz." This verb is derived from the noun "қубуз" (kobyz). The dictionary identifies four lexemes that denote different types of kobyz, which are distinguished by their acoustic characteristics. In the dictionary entries for lexemes with musical meanings, Kashgari provides phonetic variants of the words and explains how dialectal differences or the influence of the Arabic language determine their phonetic features. Music and singing are integral to Turkic life, accompanying wedding, funeral, and childbirth rituals, as well as hunting and other activities. This results in a diverse array of song genres and musical compositions. One of the most important functions of singing and music is sacred. Shamans use them to establish contact with the spirit world of ancestors, the "aruaks." Researchers have noted the predominant use of the kobyz in shamanic rituals among Turkic tribes of the Oghuz group. In contrast, other Turkic tribes' shamans primarily employed the drum, using rhythm to influence listeners and the mystical world of spirits. Singing, music, and rhythm played vital roles in the everyday and sacred rites and rituals of the Old Turks, as reflected in Mahmud Kashgari's thesaurus. The Turks believed that music, singing, and rhythm maintained cosmic order and harmony, serving as organizing elements of their mythopoetic worldview.

Keywords: Kashgari, dictionary, musical vocabulary, Old Turkic language, ethnolinguistic approach, singing, musical instruments, қубуз, sibuzgǘ, yir, yirǎgǘ.

***З. Темиргазина^а**

Әлкей Марғұлан атындағы ПМУ, Павлодар, Қазақстан Республикасы
(E-mail: zifatemirgazina3@gmail.com)

ORCID: 0000-0003-3399-7364

*Байланыс үшін автор: zifatemirgazina3@gmail.com

А. Глеулесова^б

бС. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-3471-6109

(E-mail: tleulardac@list.ru)

Г. Шахажанова^с

сҚ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Алматы,
Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0001-8750-0769

(E-mail: abitobad@list.ru)

Махмұд Қашқаридың «Диуан лұғат ат-турк» еңбегіндегі музыкалық лексика

Аннотация. Мақалада Махмұд Қашқаридың XI ғасырдағы «Диуан лұғат ат-турк» сөздігінде ұсынылған музыкалық лексика талданады. Зерттеушілер музыкалық сөздермен және терминдермен арнайы лингвистикалық ғылым – музыкалық лексикология айналысуы тиіс деп санайды. Онда семантика, этимология, музыкалық мәні бар сөздердің пайда болуы зерделенеді. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде этнолингвистикалық тәсіл таңдалды, мұнда сөздердің семантикасы этникалық әрі тарихи-мәдени контекстің ерекшеліктерін ескере отырып қарастырылады. Музыкалық әрекетті білдіретін лексемаларда көне түркілер дүниетанымының маңызды бір бөлігі көрініс тапқан, ол жаңа дәуірдің музыкалық дәстүрлерінде берік сақталып келеді. Қашғари тезаурусындағы музыкалық лексикаға енетін сөздер түркілердің музыкалық қызметінің негізгі элементтерін білдіреді: музыкалық аспаптарды меңгеруді және ән орындауды көрсететін етістіктер, музыкалық аспаптардың атаулары мен олардың түрлері, музыка мен ән орындаушылардың, сондай-ақ ән жанрларының атаулары. Етістіктер кез-келген музыкалық аспапта ойнауды жалпылама, жіктелмеген түрде меңгеруді білдіреді. Сонымен қатар сөздікте белгілі бір музыкалық аспапты меңгеруді білдіретін етістіктер де кездеседі. Мысалы, «қубза» етістігі «қобызда ойнау» мағынасын білдіреді. Бұл етістік «қубуз» (қобыз) зат есімінен жасалған. Сөздікте дыбыстық ерекшеліктеріне қарай ажыратылатын қобыздың түрлерін білдіретін төрт лексема анықталған. Музыкалық мағынасы бар лексикалық-семантикалық топтағы сөздерге арналған сөздікті мақалаларында Қашғари сөздердің фонетикалық нұсқаларын келтіріп, олардың диалектілік айырмашылықтарынан немесе араб тілінің ықпалынан туындаған фонетикалық ерекшеліктерін түсіндіреді. Музыка мен ән айту түркілердің өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады: олар үйлену, жерлеу, бала туу рәсімдерін, аңшылықты және өзге де іс-әрекеттерді сүйемелдеп, ән жанрлары мен музыкалық шығармалардың функционалдық тұрғыдан әртүрлі болуына негіз болады. Ән айту мен музыканың маңызды қызметтерінің бірі – сакралды функция. Олар қамдар (шамандар) тарапынан ата-баба рухтары – аруақтар әлемімен байланыс орнату үшін қолданылады. Зерттеушілер оғыз тобына жататын түркі тайпаларында бақсы сарыны рәсімдері кезінде қобызды басым қолданғанын, ал өзге түркі тайпаларында шамандар негізінен даңғыраны (бубен) пайдаланып, ырғақты тыңдаушыларға және рухтардың мистикалық әлеміне әсер етудің негізгі құралына айналдырғанын атап өтеді. Көне түркілердің күнделікті және сакралды ғұрыптары мен рәсімдерінде ән айту, музыка және ырғақ аса маңызды орын алған, бұл Махмұд Қашқаридың тезаурусында өз көрінісін тапқан. Түркілердің түсінігі бойынша музыка, ән айту мен ырғақ ғарыштық тәртіп пен үйлесімділікті сақтап, олардың мифопоэтикалық дүниетанымының ұйымдастырушы элементтері ретінде қызмет атқарған.

Кілт сөздер: Қашқари, сөздік, музыкалық лексика, көне түркі тілі, этнолингвистикалық тәсіл, ән айту, музыкалық аспаптар, қубуз, сибузгү, йир, йирәгү.

Abstract. The study of the languages of Turkic peoples outside the framework of their historical development, culture, and worldview is impossible. Research into Turkic languages and cultures inevitably involves reference to the historical periods of nomadic life, encompassing the span from the earliest stages of nomadism to the contemporary processes of globalization. Accordingly, research should aim to understand the internal, value-driven component. In this sense, the historical fate of Turkic ethnic groups such as the Gagauz is particularly important. They are a small ethnic group that previously had its own statehood but is currently at risk of losing its linguistic and cultural identity. This article provides a comparative analysis of data on the historical development of the Gagauz people and the stages of language formation. It also discusses the scientific approaches of researchers to the formation of the Gagauz language. Various hypotheses were considered, and the Gagauz language was analyzed throughout history despite strong external influences from Arabic, Persian, Nogai, Tatar, Bulgarian, Romanian, Greek, Moldovan, Ukrainian, and Russian. These effects are clearly visible in the Gagauz language's lexicon. This study aims to describe the formation of the Gagauz ethnos and language from ethnolinguistic and comparative historical perspectives. The migration of the Gagauz people to the Balkan region and their connection with the Oghuz tribes are established based on socio-historical conditions. Based on historical documents, the integration processes connecting the Gagauz language with the common historical memory of Turkic languages are considered. The Gagauz people prove that their rich literary heritage has long been preserved by oral traditions, as they had neither a writing system nor an alphabet until the middle of the twentieth century. The preservation of the lexical and grammatical systems of the Gagauz language within modern Turkic languages determines the historical linguistic continuity of Turkic peoples. The authors of the article conducted an analysis of the linguistic situation of the contemporary Gagauz language in the context of its preservation, development, and future prospects amid multilingualism

and globalization. As a result of linguistic interaction during historical periods, it was also established that, despite various historical, linguistic, and areal-cultural contacts of the Gagauz with neighboring peoples, the core grammatical system of the Gagauz language has retained its Turkic roots. The classification of the Gagauz language as a Turkic language, specifically within the Oghuz branch, is based on linguistic data and the closeness of the Gagauz language to the Turkic language system. In this context, the article identifies the continuity of the Gagauz language with Turkic languages in general.

Keywords: Turkic languages and Gagauz language, Gagauz history, Moldovan language, Russian language, linguistic influence, Oghuz group, Arabic-Persian terms, Christianity, religious vocabulary, loanwords.

Кіріспе

Қазіргі қарқынды жаһандану жағдайында шағын этностардың тілдік және мәдени бірегейлігін сақтау мәселесі өте өзекті болып отыр. Солардың бірі - Молдова аумағында автономиялық мәртебеге ие гагауыз халқы. Тілі түркі тобына жатса да, христиандық діни дәстүрді ұстанатын бұл халықтың мәдени-өркениеттік болмысы ерекше зерттеуді қажет етеді. Тілдік ықпалдарды және басқа тілдерден кірген сөздерді зерттеу халықтың және оның тілінің қалыптасуы мен даму тарихын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, 2010 жылдан бастап ЮНЕСКО тарапынан гагауыз тілі жойылу қаупі төнген тілдер қатарына енгізілгенін ескерсек, аса маңызды болып табылады.

Гагауыз халқының тарихы – түркі тайпаларының Балқан аймағына қоныс аударуымен ұштасқан күрделі этникалық үдерістердің нәтижесі. XVIII-XIX ғасырлардағы геосаяси өзгерістер бұл халықтың қазіргі Молдова мен Украинаның оңтүстігіндегі Буджак даласына шоғырлануына себеп болды. Бүгінде гагауыздар өз мәдениетін, тілін және діни дәстүрлерін сақтап қалған ерекше ұлт ретінде танылып отыр. Олар негізінен Молдова Республикасының оңтүстігінде тұрады және өзінің мәдени құндылықтарын сақтап қалған шағын этнос болып табылады. Гагауыздардың шығу тегі мен тарихи дамуы – бүгінде зерттеушілер назарындағы маңызды тақырып. Зерттеуіміздің мақсаты да соған сәйкес, гагауыз халқының тарихи кезеңдерін саралау арқылы оның этникалық қалыптасу үдерісін айқындау және гагауыз тілінің қалыптасуына ықпал еткен факторларды лингвотарихи тұрғыдан талдау болды. Осы мақсатқа жету үшін, алдымызға гагауыз халқының этногенезіне қатысты ғылыми тұжырымдарды жүйелеу, гагауыз тілінің оғыз тобына жататындығын мысалдар негізінде анықтау, тілдің қалыптасуына әсер еткен тарихи-саяси, діни және мәдени факторларды көрсету сияқты міндеттерді қойдық.

Еуропаның оңтүстік-шығыс бөлігінде шоғырланған бұл халықтың шығу тегі, тілдік болмысы мен этникалық қалыптасу жолы ғылымда ұзақ уақыт бойы талқыланып келеді. Гагауыздардың этногенезін түсіндіруде оғыз-түркі компоненттері мен Балқан өңірінің тарихи үдерістері ерекше рөл атқарады. Гагауыздардың ата-бабалары Балқанға қоныстанғанға дейін қиын да күрделі тарихи жолдан өтті. Византия шегінде христиан дінін қабылдағаннан кейін ғана отырықшылыққа көшу – түркі тілінде сөйлейтін православие христиандарына жататын гагауыз этносының қалыптасуына алып келді.

Жалпы жойылып кету қаупі төнген тілдерді зерттеудің өзектілігі олардың сол халықтың ерекше лингвомәдени, тарихи және танымдық тәжірибесінің тасымалдаушысы

ретіндегі ерекше құндылығына байланысты болып келеді. Тілдің жоғалуы тілдік әртүрліліктің төмендеуіне ғана емес, сонымен бірге дүниетанымның, дәстүрлі білімнің және этностың мәдени жадының нақты формаларының түбегейлі жойылуына әкеледі. Жаһандану, тілдік бірегейлік және мажоритарлы тілдердің үстемдігі жағдайында шағын тілдерді сақтау және ғылыми сипаттау мәселесі ерекше маңызға ие болатыны сөзсіз.

Осыған байланысты түркі тілдер тобына жататын және шектеулі әлеуметтік-лингвистикалық кеңістікте жұмсалатын гагауыз тілін зерттеудің мәні мен маңызы ерекше болып табылады. Жазбаша дәстүрі мен белгілі бір институционалдық мәртебесінің болуына қарамастан, гагауыз тілі кең таралған тілдердің тарапынан тұрақты қысымға ұшырайды, бұл оның қолданыс аясының тарылуына және ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың төмендеуіне әкеледі. Гагауыз тілін зерттеу оның қазіргі жағдайын сипаттап қана қоймай, сонымен қатар тіл жүйесіндегі жалпы түркілік және ерекше белгілерді анықтауға, тарихи-лингвистикалық үдерістерді бақылауға, сондай-ақ оны сақтау мен қолдаудың ғылыми негізделген шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Сондықтан да гагауыз тілінің мысалында жойылып бара жатқан тілдерді зерттеу теориялық тілтаным тұрғысынан да, адамзаттың бейматериалдық мәдени мұрасын сақтау тұрғысынан да өзекті болып табылады.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеуде гагауыз халқының тілі, оның қалыптасуы, басқа тілдердің ықпалы жан-жақты талдауға алынды. Зерттеу материалы жазбаша және ауызша дереккөздерде жазылған гагауыз тілінің тілдік бірліктері мен мәтіндері болды. Фольклорлық мәтіндер, ана тілінде сөйлейтіндердің ауызша сөйлеу үлгілері, диалектологиялық және этнолингвистикалық экспедициялардың материалдары, сондай-ақ сөздіктер, грамматикалар және корпус ресурстарының деректері эмпирикалық негіз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, С. Булгар, В.А. Мошков, М. Чакир, М.Н. Губогло, В.А. Сычева, Н.К. Дмитриев, В. Копуцу, С.А. Аманжолов, Н.Г. Шаймердинова, Л.А. Покровская, Т. Арнаут, И.А. Субботина т.б. түркітану мен шағын тілдерді зерттеу мәселелеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жарияланымдары тартылды.

Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы лингвистикалық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, тілдік материалды жүйелеу және оның құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін сипаттамалық әдіс, гагауыз тілінің жалпы түркі тілдік дәстүрімен сабақтастығын анықтау мақсатында тарихи-салыстырмалы әдіс, сондай-ақ басқа түркі тілдерімен ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін салғастырмалы әдіс, талдау қолданылды. Материалды түсіндіру кезінде тілдік қауіп жағдайында тіл жұмсалымының тілден тыс факторларын ескеруге мүмкіндік беретін әлеуметтік лингвистикалық талдау элементтері пайдаланылды. Зерттеуде диахронды талдау барысында гагауыз тілінің уақыт өте келе даму жолдарын, тарихи өзгерістерін және қалыптасу үдерістерін, ал синхронды талдауда қазіргі гагауыз тілінің құрылымы, функционалдық ерекшеліктері қарастырылды.

Салғастырмалы әдіс негізінде гагауыз тілінің славян және румын тілдерінің әсеріне айтарлықтай көп ұшырағандығын көреміз. Ал, түркі тілдерімен өзара жақындық

дәрежесі, яғни туыстас тілдер фактілері бір-біріне салыстыра зерттелді. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы гагауыз тіліндегі сөздердің негізінен көне тамырлары түркілік екендігі қазіргі түркі тілдерінің арасындағы байланыстарды жүйелі ғылыми негізде анықтауға болатыны дәлелденеді. Салыстыру үшін алынған материалдар, фактілер сол тілдер үшін ортақ, о баста бір негізден тарағанымен кейін өзгерістерге ұшыраған, дифференциацияланған болуы мүмкін.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Гагауыздардың тарихын зерттеген алғашқы ғалым – Константин Иречек болды. Оған дейін гагауыздар туралы бірде-бір ғылыми зерттеу жұмыстары жарияланбаған. К. Иречек гагауыздардың салт-дәстүрлері туралы айта отырып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы гагауыздардың киім ерекшеліктерін, тілдерін жан-жақты сипаттайды: «... Язык мало чем отличается от обычного турецкого османли, за исключением нескольких слов и форм, более близких к татарским, а также греческие и болгарские иностранные слова...» (Jirecek, 1891: 143)

Гагауыз тілін жүйелі түрде зерттеген алғашқы маман – орыс этнографы, әрі Ресей армиясының генерал-майоры Владимир Александрович Мошков. Оның 1904 жылы «Наречия бессарабских гагаузов» атты еңбегі жарық көргеннен кейін ғана гагауыз тіліне қатысты ғылыми көзқарас қалыптаса бастады. Оған дейін, 1895 жылы В.А. Мошков алғаш рет Қазан қаласында «Гагаузские тексты- Известия Общества археологии, истории и этнографии» атты еңбегін жариялады. Ол түрік әліпбиін кирил әрпіне бейімдеп, созылыңқы дауыстыларды сызықшамен, ал жіңішке не жұмсақ айтылатын дыбыстарды нүкте және қос нүктемен белгілеп, гагауыз жазуының алғашқы нұсқасын жасаған. Осы әліпби негізінде В. Мошков гагауыз тіліне тән фонетикалық ерекшеліктерді дәл көрсете алды.

Гагауыз тілін ғылыми тұрғыдан зерттеудің негізгі бастамашысы Кеңес дәуірінің белгілі түркологы, академик Н.К. Дмитриев болды. Ол XX ғасырдың 30-жылдары В.А. Мошков жинап кеткен деректерді терең талдап, гагауыз тілінің фонетикалық жүйесін жан-жақты сипаттап берді: «Гагаузский язык, в основном принадлежащий к языкам тюркской системы, испытал, однако, столь значительное влияние славянских и румынского языков, что к моменту наблюдений Мошкова не только фонетика и словарь, но и особенно синтаксис довольно далеко отошли от обычного строя тюркских языков с их обусловленным порядком слов, специфической структурой сложного предложения и т.д. Эти принципиальные сдвиги, в результате которых гагаузский язык занял совершенно особое место среди тюркских языков...» (Дмитриев, 1962: 251).

Бұдан басқа да Н.К. Дмитриевтің шәкірті Л.А. Покровская гагауыз тіліне болгар және орыс тілдерінің әсерін, П.А. Чеботарь орыс тілінен енген сөздер жайлы, ал Л.Б. Маевская, В.Е. Бойков, Х.М. Ага араб-парсы тілдерінен кірген кірме сөздерге талдау жасаса, В. Копуцу бас киімдерге қатысты араб-парсы кірме сөздерінің түп-төркіні түркі тілдерінен енгендігін көрсетеді.

Талдау

Түркі тілдерін тарихи тұрғыдан зерттеп, тілдік ерекшеліктерін жан-жақты анықтап, толыққанды классификация жасаған бірден бір ғалым – Н.А. Баскаков болды. Ол өзінің генеалогиялық классификациясында түркі тілдерінің тарихын, қазіргі жай-күйін,

тілдердің қарым-қатынасын, этникалық құрамын толықтай есепке алды. Ол түркі тілдерін батыс және шығыс ғұн тілдері деп үлкен екі топқа бөлді де, батыс ғұн тобын төртке бөледі. Гагауыз тілін оғыз тобына, оның ішінде оғыз-бұлғар тілдер тобына жатқызады (Баскаков, 1952: 124). Қазіргі тіл білімінде Н. Баскаков ұсынған жіктеу жүйесі әлі де қолданылып келеді.

Зерттеуші Л.А. Покровская «Современный гагаузский язык» атты еңбегінде гагауыз тілінің оғыз тобына жататынын айтады: «Огузская группа, к которой относится и гагаузский язык, названа так потому что предками азербайджанцев, гагаузов, турок, туркмен, халаджей, и хорасанцев считаются огузские племена, упоминающиеся впервые в древнетюркских (орхоно – енисейских) памятниках рунического письма (VII-VIII) (Покровская, 1997: 7).

Түркілік сөздерде кездесетін «жер» сөзі гагауыз, түрікмен, түрік, әзербайжан тілдерінде *yer* болып, өзге топтарында *yir, cir, jer, der, çer, ser, cir*, т.б. болып айтылады. «Бар» сөзі кейбір түркі тілдерінде *б/п* дыбысымен басталса, гагауыз, әзербайжан, түрік тілдерінде «*var*» *в (v)* дыбысымен басталады. Яғни, бұл тілдік деректер гагауыз тілінің оғыз тобына жататынының айғағы болып табылады.

Әртүрлі жүйеге жататын тілдер ұзақ уақыт бойы өзара қарым-қатынаста болғанда, олардың грамматикалық құрылымында жаңа даму мүмкіндіктері қалыптасады. Бұл өзгерістер сол тілдердің қоршаған тілдік ортасының ықпалымен пайда болады. Халықтың ауызекі сөйлеу тілі мен диалектілердің байланысы көбіне тікелей ауызша қатынас арқылы жүзеге асатындықтан, ең алдымен өзгерістер сөйлем деңгейінде байқалады: синтаксистік құрылымдар мен олардың қолданылу тәртібі өзгереді. Осындай құбылысты гагауыз тілінен де көруге болады. Бұл тілде негізінен оңтүстік түркі тілдеріне тән сөз түрлендіру жүйесі сақталғанымен, оның қолданылу ерекшеліктері басқа түркі тілдеріне қарағанда өзгеше, кейде толық сәйкес келе бермейді. Гагауыз тіліндегі грамматикалық көрсеткіштерді «құрылыс элементтері» деп қарастыруға болады, олар славян тілдеріне тән синтаксистік үлгілерді құрастыруда пайдаланылады. Басқаша айтқанда, гагауыз синтаксисін ғимаратқа теңесек, оның «материалы» түркі тілдік негізден алынған, ал «құрылымдық пішіні» славян тілдеріне жақын келеді.

Н.К. Дмитриевтің шәкірті Л.А. Покровская да гагауыз тілін ұзақ жылдар бойы зерттеумен айналысты. Соның нәтижесінде «гагауыз тілі ұзақ уақыт туыс емес көрші тілдермен байланыста болғандықтан, сөйлемдегі дәстүрлі түркі тілінің сөз тәртібі біртіндеп славян (болгар және орыс) тілдеріндегі сөз тәртібі нормаларына сәйкес қайта құрылды» деген қорытындыға келді (Покровская, 1978: 191). Әрине, өзге тілде сөйлейтін адамдардың өзара байланысы бұл тілдердің әрқилы құрылымдық деңгейлеріне әсер етуіне мүмкіндік туғызады. Осындай әсер көптілді тұлғалардың қарым-қатынас кезінде жіберетін тілдік ауытқуларынан байқалады. Лингвистикада мұндай құбылыс интерференция деп аталады (лат. *inter-* арасында, бір-бірімен, *ferens* – алып жүруші, жеткізуші). Гагауызша-орысша қысқаша сөздіктің құрастырушысы П.А. Чеботарь да өз сөздігінде орыс тілінен кірген көптеген сөздердің гагауыз тіліне әбден сіңіп кеткенін айтады. Кейбір сөздер дыбыстық өзгеріске ұшыраса, мысалы: *малига* – (молд. мэмэлигэ), *комбайна* – (орыс. комбайн) кейбіреуі дәл сол қалпында дыбысталады: *машина* – машина, *парк* – парк, *космос* – космос (Чеботарь, 1992: 3).

Қазіргі гагауыз тілінде қолданылып жүрген көптеген араб-парсы кірме сөздері бар. Олар ертеде, гагауыздардың тілдік жүйесіне осман түріктері тілі арқылы енген.

Қолданылу дәрежесіне қарай гагауыз тіліндегі араб-парсы кірме сөздерін үш негізгі топқа бөлуге болады.

1-кесте. Гагауыз тіліндегі араб-парсы кірме сөздерінің топтары.

Table 1. Groups of Arabic and Persian loanwords in the Gagauz language.

Таблица 1. Группы арабо-персидских заимствованных слов в гагаузском языке.

Гагауыз тіліне толық сіңіп кеткен, гагауызша баламасы жоқ сөздер. Олардың бір бөлігі бастапқы түркі сөздерін де ығыстырған.	<i>Bereket</i> (береке), <i>biyaz</i> (ақ, боз), <i>aalem</i> (әлем), <i>aarif</i> (білу), <i>aariflik</i> (дана), <i>adam</i> (адам), <i>akılı</i> (ақылды), <i>fikir</i> (пікір), <i>mülk</i> (мүлік) т.б
Гагауызша сөздермен қатар қолданылатын сөздер: олар гагауыз сөздеріне қарағанда жиірек те, сирек те қолданылуы мүмкін.	<i>Амужа</i> – <i>чучу</i> , <i>берекет</i> – <i>боллук</i> , <i>ихтиар</i> – <i>бабу</i> т.б.
Қолданыстан шыққан сөздер. Олар барлық кірме лексиканың шамамен оннан бір бөлігін құрайды. Бұл топқа көбіне терминдер кіреді.	Діни сөздер (<i>курбан</i> , <i>намаз</i> , <i>кешиши</i> т.б.); ескі сауда түрлеріне қатысты атаулар (<i>базирган</i> , <i>аршин</i> , <i>ендеза</i> , <i>китерийа</i> т.б.); құрылысқа байланысты сөздер (<i>акарет</i> , <i>кемер</i> , <i>тавла</i> т.б.); кәсіп атаулары (<i>сараф</i> , <i>халачу</i> , <i>чырак</i> т.б.); мемлекеттік басқару терминдері (<i>векил</i> , <i>мудур</i> , <i>измекар</i> , <i>заабит</i> т.б.) тақырыптық топтар жатады.

Қазіргі кезде гагауыз тілінде араб-парсы терминдерін орыс, молдова т.б. тілдерден енген сөздермен алмастыру үрдісі байқалады (*сайфа* – *страница*, *нокта* – *точка*, *тефтер* – *тетрадь*, *даава* – *суд*, *хашкана* – *кухня* т.б. (Сычева.В.А.)¹. Зерттеушілер Л.Б. Маевская, В.Е. Бойков, Х.М. Ага «К вопросу о заимствованиях некоторых арабских и арабо-персидских слов в гагаузском языке» еңбегінде гагауыз тіліне араб-парсы тілдерінен енген 200-ден аса сөздерді жинақтай отырып, талдау жасаған. Еңбекте осы тілдерден енген кірме сөздерді үшке бөліп қарастырады.

1. Мағынасы да, айтылуы да толық сақталған сөздер: *aarif* (ақылды), *insan* (адам), *halk* (халық, отан), *hamal* т.б.

2. Гагауыз және араб тілдерінде мағынасы әртүрлі, айтылуы толық сақталған сөздер: *hayat* гагауыз тілінде «сенек, дәліз», араб тілінде «өмір» мағынасында қолданылады. Бұл сөз «өмір туғаннан өлімге дейін созылатын дәліз» мағынасында беріліп, гагауыз тіліне сопылар ілімі арқылы енгені көрсетіледі.

3. Мағынасы сақталған ең жиі кездесетін сөздер: *çorab* (шұлық), *ihtar* (кәрі), *inan* (сенім), *izmet* (еңбек), *kalp* (жан, жүрек), *kasap* (қасан), *maalä* (көше), *tektur* (мектен), *tefter* (дәптер), *tezek* (тезек), *seber* (себен) т.б. Бұл сөздердің айтылуы өзгеріске ұшыраған, кейбір сөздерде дыбыстардың орын тәртібі ауысқаны әртүрлі деңгейде байқалады (Маевская, Бойков, Ага, 2024: 34).

Л.А. Покровская караманлы христиан әдебиетінің гагауыз тіліне ықпалын зерттеу барысында көптеген діни сөздерді анықтайды. Алайда, Болгарияның солтүстік-шығы-

¹ Сычева.В.А 1972, Арабские и персидские лексические заимствования в гагаузском языке. Диссер. работа, 666 ст. [https:// www. dissercat. com/ content/ arabskie-i-persidskie-leksicheskie-zaimstvovaniya-v-gagauzskom-yazyke](https://www.dissercat.com/content/arabskie-i-persidskie-leksicheskie-zaimstvovaniya-v-gagauzskom-yazyke)

сындағы гагауыздардың түркі халықтарының ішінде географиялық жағынан да, тілдік жағынан да түріктермен бір-біріне өте жақын орналасқандығын көрсетеді. Алайда, араб-парсыдан енген діни терминдерді гагауыз христиандарының тікелей ауызекі сөйлеу арқылы түрік мұсылмандарынан қабылдауы екіталай мәселе. Гагауыз тілінде бұл терминдердің бәрі христиандық мазмұнға сай қайта түсіндірілген. Л.А. Покровская гагауыздардың христиандық терминдер жүйесін жеке талдау жасау негізінде караманлы әдебиеті мен гагауыз діни терминдерінің толық сәйкес келетінін айтады. Сондай-ақ, караманлы христиан мәтіндерінің гагауыз діни лексикасына ықпалының даусыз екенін көрсетеді. Демек, Балқан түбегі мен Бессарабиядағы караманлы әдеби мұрасының гагауыздарға енуі негізінен православие шіркеуі арқылы жүзеге асқан деген қорытындыға келеміз. Негізінен, караманлы христиан мәтіндері гагауыздар ортасында кең таралағанымен, шіркеуде оқылатын дұғалар, «Сенім символы» секілді негізгі діни мәтіндер караманлы христиан дәстүрінің көпшілікке жетуіне мүмкіндік жасаған.

Зерттеуші В. Копуцу гагауыз және түрік тілдеріндегі бас киімдерге қатысты араб-парсы кірме сөздерінің (түр., гаг. *başlık, kalpak*; түр. *börk, sarık, atkı, başörtü, çatki*; гаг. *batik, dartı*) түп-төркіні түркі тілдерінен енгендігін көрсетеді (Копуцу, 2014: 30).

Көрсетілгеніндей, бұл атаулар кейде екі тілде де, кейде бір тілде қолданылады. Сонымен қатар екі тілде де бас киімге қатысты өзге тілдерден енген сөздер аз емес. Парсы тілінен енген лексемалардан бөлек (түр., гаг. *külâh//külah, çember, şal*; түр. *roşi, canfes, çeşan, kofî*), араб тілінен келген сөздер де бар (түр., гаг. *fes, takke//takä*). Бұған қоса, еуропа тілдерінен қабылданған атаулар да кездеседі (түр. *kukuleta*; гаг. *gugla, paraliya, baska, bariz, batist*). Бас киім атауларындағы кірме сөздердің көптігі екі түркі халқының да айналасындағы өзге этностармен кең мәдени қарым-қатынаста болғанын дәлелдейді. Гректермен, армяндармен, иран тілді жұрттармен қатар өмір сүргені, сондай-ақ, араб және парсы тілдерін қолданғаны – түріктердің материалдық мәдениетіне, соның ішінде киім атауларында өз ізін қалдырды. Гагауыздар мен түріктер арасындағы мәдени байланыстар да олардың лексикасына әсер еткен. Бұл жағдайды гагауыз тіліндегі араб-парсы тілінен енген сөздердің көптігі көрсетеді. «*Külâf*», «*fes*», «*çember*», «*takä*» секілді сөздердің Балқанда тұрған кезеңде гагауыз тіліне түрік тілі арқылы енгені анық.

Гагауыз халқы туралы тарихи мәліметтер өте аз. Осы себепті олардың арабтармен немесе парсылармен тікелей байланыста болған-болмағанын айқындау қиынға соғады. Зерттеушілердің болжамы бойынша, гагауыздардың арабтармен де, иран халықтарымен де тікелей қарым-қатынасы болмаған. Өйткені, олар ислам емес, христиан дінін ұстанған. Осыған байланысты гагауыз тіліне ислам мәдениетімен бірге енген араб және парсы сөздері тікелей емес, түрік тілі арқылы қабылданған. Кейбір діни терминдер исламдық негізден шыққанымен, гагауыздардың православ христиандық дүниетанымына қарай икемделген. Мысалы: *Allah* (Алла), *can* (жан), *şaraat* (шариғат), *zeet* (азап) т.б. діни мағыналы сөздер. Мұндай жағдай заңды құбылыс болып саналады. Осман империясы дәуірінде түрік тілі Балқан аймағында кең таралып, гагауыз тіліне елеулі ықпал етті. Сондықтан араб және парсы тілдерінен енген сөздер гагауыз тілінің сөздік құрамына көбінесе түрік тілі арқылы енді деп айтуға да болады. Бұл үдеріс гагауыздардың XVIII ғасырдың соңында Бессарабияға қоныс аударуына дейін Балқан аумағында қалыптасып, гагауыз тіліне енген.

Балқаннан бастау алған түркітілді христиан әдеби дәстүрін Бессарабиядағы гагауыз православ дін қызметкерлері жалғастырды. Бұл үрдістің жетекшілерінің бірі – көрнекті ағартушы, протоиерей Михаил Чакир болды. 1906 жылы Кишиневте оның бастамасымен аударма комиссиясы құрылып, сол арқылы гагауыз тіліне «Інжіл», «Псалтырь», «Акафист», «Әулиелер өмірі» секілді бірқатар шіркеу кітаптары тәржімаланды. Сонымен бірге Чакир гагауыз тілінде «Хакикатын сеси» («Ақиқат дауысы») атты православиелік басылымын шығарып отырды. Оның аудармаларындағы араб-парсы сөздері мен тіркестер аудармашының Караман әдеби дәстүрінің тілдік қорына сүйенгенін көрсетеді. Протоиерей Чакир 1907 жылы Владимир архиепископы және митрополит Макариймен кездесіп, олардың екеуі де гагауыз тіліндегі шіркеу әдебиетінің сапасын өте жоғары бағалаған.

1907 жылға дейін гагауыз тілінде бір де бір кітап болмады. Алғаш рет Михайл Чакир діни кітаптарды гагауыз тіліне аударып, басып шығарды. Бұл діни жазбалар гагауыз тілінде, бірақ, орыс әріптерімен жазылған. 1931 жылы 8 қарашада М.Чакирге гагауыз халқының атынан Авдарма ауылының мұғалімі Владимир Касым ризашылығын білдіріп, хат табыстайды. Онда дін қызметкерінің гагауыз халқына жасаған жақсылығына алғыс айтып, соның арқасында гагауыз тіліндегі жазбаларды ерекше ынтамен оқып жүргендерін айтады. Бұл туралы М. Чакирдің «История гагаузов Бессарабии» кітабында жазылған (Чакир, 2005: 106). 1932 жылы діндар гагауыздарға өте қажет болған «Евангелие» гагауыз тілінде, бірақ латын – румын әріптерімен басылып шықты. Өйткені, ол кезде гагауыздардың өз әліпбиі болмады.

М. Чакирдің гагауыз тіліне қызығушылығы күшті болып, К.И. Иречек, И. Нистор, Д. Григорович, И.С. Иванов, И. Титоров, В.А. Мошков т.б. зерттеушілердің гагауыз халқы, тарихы туралы жазылған барлық еңбектерін жинақтап шығады. М. Чакирдің пікірінше, гагауыздар ескі заманда түркі тайпалары сөйлегендей таза түрік тілінде сөйлейді. Тіпті, гагауыз тілі осман түріктерінің тіліне қарағанда тазалау, өйткені османлылар тілінде парсылар мен арабтардан кірген кірме сөздер өте көп. Осы туралы Румыния Академиясының профессоры И. Нистор «История Бессарабии» кітабында: «Гагаузы проживали в Добрудже, до Варны. Оттуда они выселились, перешли Дунай и поселились в Буджаке, в Бессарабии, где основали свои села рядом с болгарями. Русские правители дали им много земли, которая осталась свободной после переселения татар. Гагаузы печеного-кумано-тюркского происхождения, они приняли православную веру, но сохранили тюркский язык, национальный язык, который чище языка османских турок», – деп көрсетеді (Нистор, 1923: 286). Гагауыз тіліндегі әлі күнге дейін сақталған түркілік сөздер олардың түркітөктес халықтың өкілі екенін айғақтайды.

1930-жылдары М. Чакир румын әліпбиін қолдана отырып, гагауыз тіліндегі аудармашылық және баспа ісін жалғастырды. 1934 жылы оның «Besarabicala Gagauzlarân istoricasa» («Бессарабиядағы гагауыздардың тарихы») еңбегі жарық көрді. 1936 жылы Чакир румын тілінде «Obiceiurile gagauzilor la nunți» («Гагауыздардың үйлену салт-дәстүрлері») атты мақаласын жариялады. 1935 жылы Бухарестте «Марк Інжілі» еңбегі гагауыз тілінде «Ai (Aiozlu) Evangheliea Markudan» деген атаумен басылып шықты. Бұл деректерден гагауыз тіліне Осман империясының құрамында болған кезде араб, парсы сөздері, ал, христиан дінін қабылдағаннан кейін славян тілдеріндегі діни терминдер көптеп енгенін көреміз.

Гагауыз халқының тіліне славян тілдерінің әсер етуі гагауыз тарихына тікелей байланысты. XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басынан бастап алғашқы қоныстанушылар Буджак жазығына қоныстана бастады. Бұл кезеңде Бессарабия аумағы Осман империясының бақылауында болды. XVIII ғасырдың екінші жартысында Буджак жазығына қоныс аударған гагауыздардың саны көбейе түсті. Оңтүстік Бессарабияға жаппай қоныс аудару 1806-1812 жылдардағы орыс-түрік соғысы кезінде басталды. Бұл соғыстың алғашқы кезеңінде болгарлар мен гагауыздар Ресейге қоныс аударуға ниет білдірмеген еді. Алайда, Болгарияның солтүстік-шығыс аумағы әскери қақтығыс аймағына айналғанда, мыңдаған жергілікті тұрғындар Дунай арқылы, Валахия аумағына өтіп, орыс әскерлерін паналай бастады. Гагауыздар тарихындағы белді бір кезең осылай бастау алады.

Ал, бұдан көп бұрын, Болгарияда Дунай өзені мен Варна қаласының ортасында Добруджеде гагауыздардың өз мемлекеті құрылған болатын. Бірақ, ол жүз жылға жетпейтіндей ғана уақыт өмір сүрді. Шағын болса да, кезінде атағы шығып, гүлденген бұл мемлекетті Осман империясы құлатты. Бұл туралы тарихи деректер Ф.Ангелидің гагауыздар тарихы туралы еңбектерінде толықтай зерттелген: «В этих благоприятных условиях в Добрудже было создано фактически независимое Гагаузское государство (1346-1417 гг.). Оно называлось «Огузская держава», «Добруджанското деспотство».. Первой столицей Гагаузского государства был Балчик (Карвун, Карбон), а затем – Варна» (Ангели, 2007: 243).

Буджактағы христиан халқы туралы XVII–XVIII ғасырлардағы құжаттарда гагауыздардың бұл өңірге қашан қоныстана бастағаны айтылады. «Гагауыз» этнонимі Ресей шенеуніктерінің құжаттарында алғаш рет тек 1861 жылы ғана пайда болатынын ескерсек, Буджакқа қоныс аударған гагауыздар құжаттарда болгарлар ретінде тіркелген деп болжауға болады (Булгар, 2021: 119). Біз де бұл пікірлермен келісеміз. Өйткені, бұл кезеңде гагауыздарды грек, болгар, ноғай т.б ұлттардың қатарына жатқызу кең етек алған. Буджактағы түркі тілді христиан халқы гагауыздардың XVIII ғасырда татар-ноғайлармен аралас қоныстарда өмір сүргені татар-ноғай топонимикасының сақталуымен, әсіресе көп мөлшердегі микротопонимдердің бүгінге дейін жетуімен дәлелденеді. Түркітанушылар пікірінше, бұл микротопонимдер татар-ноғайларға тән, яғни қыпшақ тілінен туындаған атаулар болып табылады. Бірқатар гагауыз топонимдерінің құрамында ноғайлық элементтер бар. Мысалы: бұрынғы Бахналь қонысы; Бешгөз алқабы (Кирсово ауылы, Комрат қаласы); Қаранаймак махалласы (Кирсово ауылы, Комрат қаласы); бұрынғы Кирсоу қонысы; Кырсэу йолу жолы (Дезгинжа ауылы); Кырсэу пайлары алқабы (Комрат қаласы); Йозокай куллаа жырасы (Авдарма ауылы); Өзакай сайы (Кириет-Лунга ауылы); Өзакай чукуру жырасы (Кириет-Лунга және Чок-Майдан ауылдары); Сараул қонысы (Қоңғаз ауылы, Вулканешты қаласы); Чишмикөй ауылы; Чок Майдан қонысы; Чокрак йолу жолы (Джолтай ауылы) т.б. Осылайша, түркітілді гагауыздар татар-ноғай тілін түсіне отырып, XVII-XVIII ғасырларда Буджакта бірге өмір сүрген кезеңде ноғайлардың бірқатар топонимдерін қабылдап, оларды бүгінгі күнге дейін сақтап қалған (Булгар, 2021: 107).

XIX ғасырда Осман империясынан Бессарабияға, Ресей империясының құрамына қоныс аударғаннан кейін гагауыздар тарихында жаңа кезең басталды. Дәл осы

Бессарабияда гагауыздар тығыз қоныстанған аумақта оларды жеке халық ретінде танытқан ұлттық өзіндік сананың нығаю процесі басталды.

Гагауыз халқының тіліне көптеген тілдердің әсері болды. Византия мемлекетінің құрамында өмір сүрген гагауыздар грек әліпбиін пайдаланса, болгарлармен аралас өмір сүрген гагауыздар болгар тілін пайдаланды (Чакир, 2005). Молдавиядағы гагауыздар балаларын молдаван кітаптарымен оқытып, молдаван мектептеріне беруге мәжбүр болды. Ал, Ресей мемлекетінде және Бессарабияда 1918 жылға дейін өмір сүрген гагауыздар, әрине, орыс тіліне тәуелді болды. Румыниядағы гагауыздар, сәйкесінше, румын тілін қолданды. Гагауыздардың өз әліпбиі болмағандықтан, олар қай мемлекеттің құрамында болса, сол елдің тіліндегі мектептерге балаларын оқытты. Түп тамырынан айырылып қалмау мақсатында, өздерінің халық ауыз әдебиетін өлеңдерін, ертегілерін, жырларын, мақал-мәтелдерін келесі ұрпаққа ауызша жеткізіп отырды. Бұл туралы гагауыз зерттеушісі Т. Арнауттың түрік тілінде жазылған «Гагаузиядағы ауызша лирикалық халық әдебиетінің жанрларын зерттеу және олардың фольклордағы көрінісі» (Gagauzlarda sözlü lirik halk edebiyat türlerini ve bunların folklor geleneğine yansımalarını incelenmesi) мақаласында айтылады: «Гагауыздардың ауыз әдебиеті ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бай дәстүрге ие. XIX ғасырда Балқан түбегінен Буджакқа қоныс аударған гагауыздардың ата-бабалары осында өмір сүріп, Балқан халықтарының ықпалында болып, ауыз әдебиетін одан сайын байыта түсті» (Arnaut, 2008: 138). Осыдан, гагауыз ауыз әдебиетінің ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан бай жанрларының бар екенін көреміз. Гагауыздардың ата-бабалары болып саналатын оғыздар XIX ғасырда Балқан түбегінен Буджак өңіріне көше жүріп, өз болмысын сақтап қалуға тырысқан (Чакир, 2005). Олар Балқан халықтары тілінің ықпалымен өз ауыз әдебиетін одан әрі байыта түскен.

Солтүстік-шығыс Болгарияда, атап айтқанда Варна аймағында таралған гагауыз тілі Молдовия мен Украина аумағындағы гагауыз тілінен айқын айырмашылықтарға ие. Мұның себебі – гагауыз халқының негізгі бөлігі Бессарабияға көшкеннен кейін Болгарияда қалған аз санды гагауыз қауымының тілдік қолданысы көршілес түрік тілдерінің елеулі ықпалына түсуімен байланысты.

Шығыстанушы ғалым, профессор П.В. Голубовский өз еңбектерінде Азия аймағында өмір сүрген оғыздардың тұрмыс-тіршілігі жөнінде баяндап, олардың Жайық өзенінен өтіп, Еділ мен Донның аралығында бейбіт өмір сүргенін атап өтеді (Голубовский, 2012). Орыс деректерінде оғыздар туралы мәліметтер 985 жылдан бастап кездеседі. Өйткені, дәл осы кезеңде олар орыстармен алғашқы әскери одақ құрып, Киев князі Владимирге Еділ бойындағы болгарларға қарсы шайқастарында қолдау көрсеткен. Белгілі зерттеушінің айтуынша, оғыздар адал, әрі бейбіт халық болған, олар печенегтер мен татарлар сияқты шабуыл, тонау немесе өзге де тыйым салынған әрекеттерге бармаған. Оғыздардан тараған тайпалардың бірі гагауыздардың Буджак өңіріне қоныстану тарихы үш жүз жылдан астам уақытты қамтиды (Чакир, 2005: 90). Осындай құжаттың бірін, дәлірек айтсақ, молдован боярларының гагауыздарға берген сенімхатын М. Чакир өз көзімен көргенін жазады.

Осы сияқты деректер әртүрлі тарихи құжаттармен қатар ғалымдардың зерттеулері арқылы да дәлелденген. «Дед Николай Касым из Авдармы показал мне доверенность,

которая была выдана авдарминским логофетным боярином Балушем, когда они в 1820 покинули имение Балуша, Орак, где прожили около 50 лет, Балуш пишет, что оракские гагаузы честные, правдивые, смиренные, ремесленные, добродушные, гостеприимные, путников встречают, как родственников, трудолюбивые, миролюбивые, добрые, остерегаются пьянства, скандалов, всякого зла. В сёлах Орак и Чадыр среди гагаузов не было ни воровства, ни грабежа, мошенничества, ни убийства. Такую же доверенность чадырские гагаузы получили от логофетного боярина Балуша, когда они покинули владение Балуша старый Чадыр, где гагаузы прожили около 50 лет. Из этой ценной старой бумаги видно, какими хорошими людьми были прежние гагаузы» (Булгар, 2021: 110).

Гагауыздар туралы ең көп мәліметтер В.А. Мошков еңбектерінде берілген. Ол гагауыздардың тарихы, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі туралы көптеген еңбектер жазды. Шамамен, 1890 жылдардан бастап, қырық жыл бойы гагауыздарды зерттеп, ауылдарды аралады. Қара теңіздің батыс жағалауындағы аймақтарда Ақдере деген үлкен ауылда Камчии өзені бойында тұратын гагауыздар өздерін грекпіз деп атаса, солтүстіктегі Провайдия округіндегі гагауыздар болгар болып кеткен. Балалары мен жастары таза болгар тілінде сөйлейді. Үлкендердің тілінде түркі сөздері болгар сөздерімен араласа қолданылады. Бірақ түркі тілін сақтап қалған кейбір отбасылар да бар екендігін «На восток отсюда, в деревне Воиводакиой, по дороге из Шумлы в Силистрию, есть христианские семейства говорящие только по-турецки...» атап өтеді (Мошков, 1900: 90). В. Мошков гагауыздардың нақты санын білу мүмкін емес дейді. Өйткені болгарлармен аралас тұратын гагауыздар өздерін болгармыз деп, ал, гректермен бірге өмір сүретін гагауыздар грек болып саналып кеткен. В. Мошков та Иречектің пікірімен келісе отырып, гагауыздардың кумандардан немесе печенегтерден шыққанын емес, түркітекес екенін дәлелдейді. Біз де В. Мошковтың пікірімен толықтай келісеміз.

Қазақстандағы гагауыздардың тілін зерттеген түркітанушы Н.Г. Шаймердинова «Тюркские народы Казахстана: гагаузы, их история, язык, традиции» мақаласында Қазақстанға қоныстанған гагауыздар тілінің қазақ тіліне өте ұқсас екенін жазады: «Как говорили тогда казахи, прибывшие, «хотя и называли себя болгарами, но говорили на нашем языке» (т.е. языке, близком к казахскому языку), и казахи хорошо их понимали. (Шаймердинова, 2017: 75). Қазақстанда 1926 ж. Бүкілодақтық халық санағы кезінде 830, 2009 жылғы Қазақстанның халық санағында 493 гагауыз ұлт өкілі тіркеліпті.

Белгілі түркітанушы А.С. Аманжоловтың зерттеулері бойынша, гагауыздардың көпшілігі Семей облысында (Көкпекті, Ақсуат, Жарма, Шар, Аягөз, Үржар аудандарында) тұрған. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанда соңғы халық санағы 2023 жылы өтті. Ондағы ресми деректерге сүйенсек, жалпы гагауыздардың саны 582 адам².

Н.Г. Шаймердинова Қазақстандағы гагауыздардың тіл ерекшеліктері туралы жазған мақаласында «Әлем бойынша гагауыз тілінде сөйлеушілердің саны шамамен 148 мыңнан астам адамды құрайды» деп көрсетеді (Шаймердинова, 2019: 75).

Төмендегі кестеде Қазақстанның әр аймағындағы гагауыздар саны және жекелеген этностардың үлесі берілді.

² Қазақстан Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметі <https://stat.gov.kz>

2-кесте. Қазақстандағы гагауыздардың саны мен жекелеген этностардың пайыздық үлесі.

Table 2. The number of Gagauz in Kazakhstan and the percentage share of selected ethnic groups.

Таблица 2. Численность гагаузов в Казахстане и процентная доля отдельных этносов.

Қазақстан өңірлері	2023 ж. басындағы Қазақстан Республикасындағы өмір сүріп жатқан гагауыздар саны	2023 ж. басындағы Қазақстан Республикасындағы өңірлердің жекелеген этностарының үлесі,%
Абай облысы	4	0,7
Ақмола облысы	43	7,4
Ақтөбе облысы	67	11,5
Алматы облысы	20	3,4
Атырау облысы	3	0,5
Батыс Қазақстан облысы	7	1,2
Жамбыл облысы	4	0,7
Жетісу облысы	2	0,3
Қарағанды облысы	81	13,9
Қостанай облысы	50	8,6
Қызылорда облысы	9	1,5
Маңғыстау облысы	20	3,4
Павлодар облысы	57	9,8
Солтүстік Қазақстан облысы	31	5,3
Түркістан облысы	21	3,6
Ұлытау облысы	16	2,7
Шығыс Қазақстан облысы	5	0,9
Астана қаласы	42	7,2
Алматы қаласы	47	8,1
Шымкент қаласы	53	9,1

А. Аманжоловтың зерттеулерінде гагауыздардың ең көп тұрғылықты жері деп Семей облысын атаған (Аманжолов, 1964). Қазір Семей облысының атауы Абай болып өзгергенін ескерсек, ол жерде қазіргі кезде барлығы 4 ғана гагауыз тұрады екен. Бізге бұл мәліметтің бұрмалануы мүмкін бе деген ой келеді. Өйткені, ғалым Н.Г. Шаймердинованың мақалаларында көптеген гагауыздардың болгар болып жазылып кеткені туралы айтады: «В наших исследованиях в графе «национальность» по

документам (паспорту) гагаузы суверенного Казахстана записаны как гагаузы, однако раньше по документам многие из них записывались как болгары. Об этом говорят жители сел Болгарка и Кокпекты» (Шаймердинова, 2017: 75). Қазіргі Абай, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарындағы болгарлардың санына қарасақ, олар гагауыздардан едәуір көп. Абай облысындағы болгарлар – 206, Ұлытау өңірінде – 54 болгар, ал, Шығыс Қазақстанда – 163 болгар ресми тіркеліпті. Бұлар бір кездері болгар болып жазылып кеткен гагауыз ұлт өкілдері болуы әдбен мүмкін.

Қазіргі қолданыстағы гагауыз тілінің негізгі грамматикалық жүйесі түркі тіліне жақын күйінде сақталғандығы Л.А. Покровскаяның еңбектерінде көрсетілген: «Определённые предложения являются наиболее распространенным типом односоставных предложений в гагаузском языке. Это объясняется тем, что для гагаузского языка, как для языка тюркской семьи, характерно выражение в глагольном и именном сказуемом категории лица: для 1-го и 2-го лиц единственного и множественного числа - специальными личными аффиксами; для 3-го лица - нулевым показателем (в настоящем времени). Поэтому наличие в предложении подлежащего, выраженного местоимением 1-го или 2-го лица, является необязательным, так как категория лица уже выражена в сказуемом (глаголом во всех временах и наклонениях) (Покровская, 1999: 41). «Грамматические формы слова в гагаузском и других тюркских языках образуются путем прибавления к корню морфологических показателей – аффиксов» (Покровская, 1997: 70).

Бұл туралы гагауыз зерттеушісі Надежда Кирлидің «Употребление одного падежа в значении другого в гагаузском языке» мақаласында да көрініс тапқан: «Близким к категории падежей является аффикс -са, -се, -са, -се: yolca, adamca, ayakça, adetçä и др. Рассматриваемый аффикс бытовал еще в языке древнетюркских памятников, где он употреблялся, так же, как и в современных тюркских языках, в сравнительно-уподобительном значении, выражая предельность, приближенность и т.д. Этот аффикс встречается и в других тюркских языках. В гагаузском языке с помощью этого аффикса образуются наречия способа, манеры, меры: rusça “по-русски”, saatlarca “часами”, yıllarca “годами”, yolca “по дороге” и т.д.» (Кирли, 2010: 19).

Нәтижелер

Тарихи кезеңдерге қарай, гагауыз тілін екі үлкен кезеңге бөлсек болады: Балқан кезеңі және Буджак кезеңі. Балқан кезеңі XVII-XVIII ғасырларды қамтиды. Ол кезде гагауыз тілі грек, болгар, түрік, албан т.б. балқан тілдерімен араласып, байланыста болды. Балқан түбегіндегі гагауыз халықтары екі топқа бөлінеді. Олар – хасыл (нағыз) гагауыздар және болгарлық гагауыздар.

Ал, Буджак кезеңі XIX ғасырдан бастан қазіргі кезге дейінгі уақыт аралығында ішінара төртке бөлінеді: 1) XIX-XX ғғ. Бессарабия кезеңінде гагауыз тіліне орыс, молдаван, украин сияқты туыс емес тілдерінің ықпалы болды; 2) Румын кезеңінде (1920-1930 жж) – румын тілінің ықпалында болды; 3) Кеңес дәуірі кезеңі (1945-1991 жж) – орыс тілінің ықпалы. Гагауыздардың осы кезеңде орыс графикасы негізінде 1957 жылы жаңа өз әліпбиі пайда болып, жазба әдебиеті қалыптаса бастады. Алайда 1958-1961 жылдары олар жасаған жерлердегі мектептер гагауыз тіліне көшкенімен, әліпбиді

меңгеру қиындық тудырып, қайта орыс тіліне көшеді. Дегенмен 1989 жылы гагауыз әліпбиі қайта жасалып, біртіндеп гагауыз тілінің қолданыс аясы кеңейе бастайды. Ал қазіргі гагауыз әліпбиі латын әліпбиіне негізделіп жасалған. 4) Молдова кезеңі. 1991 жылдан бастап, гагауыз халқы Молдованың құрамында «Гагауз - Ери» деп аталатын өз автономиясын құрып, гагауыз тілі мемлекеттік мәртебеге жетті.

Зерттеу барысында қарастырылып отырған тілде кірме лексиканың едәуір қабаты анықталды. Жан-жақты лингвистикалық талдауға алынған араб-парсы кірмелеріне ерекше назар аударылды. Талдау нәтижесінде кірме қабылдау деректері жүйеленді және олардың жазылу ерекшеліктері мен семантикалық сипаттамаларына байланысты топтарға бөлінді. Араб-парсы кірмелері зерттелетін тілдің әртүрлі тақырыптық және функционалды-стилистикалық салаларында кеңінен ұсынылатыны және жүйелік интеграцияның жоғары деңгейімен сипатталатыны анықталды. Талдау көрсеткендей, кірме қабылдау деректері тілге араб-парсы әлемімен тікелей байланыс нәтижесінде емес, негізінен жанама түрде түрік тілі арқылы кіріккен. Кірме лексиканың графикалық-орфографиялық және семантикалық параметрлерін талдау олардың тілдік жүйеге бейімделу дәрежесін анықтауға және олардың қазіргі сөйлеудегі жұмсалым ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жұмыста гагауыз тілінің қалыптасуы мен дамуы көптілді және көпмәдениетті ортада болғандығы анықталды. Тілдік материалды талдау славян, румын және болгар тілдерінің гагауыз тіліне айтарлықтай әсерін анықтады, бұл ең алдымен лексикалық құрамда көрініс тапты. Аталған тілдерден алынған элементтер әртүрлі тақырыптық топтар мен функционалды-стилистикалық салаларды қамтиды, бұл тілдік байланыстардың ұзақ және тұрақты сипатын көрсетеді. Бұл әсерлер жүйелі сипатта болғаны және гагауыз тілінің жұмсалынуының тарихи, әлеуметтік және мәдени жағдайларымен байланысты екендігі анықталды.

Қазір гагауыз халқы ресми түрде өз отандары «Гагауз-Еринде» тұрып жатыр. Территориясы Молдовия республикасының құрамына кіретіндіктен, қазіргі таңда гагауыз тіліне ең көп әсер етіп отырған молдован тілі мен орыс тілі. Сондықтан қазір Гагаузияда үш мемлекеттік тіл: гагауыз, молдован және орыс тілі қолданылады. Ғаламтор деректеріне сүйенсек, гагауыз тілін қоғамдық өмірдің барлық салаларында ең жоғары деңгейде қолдану тілді қорғау туралы қабылданған заңда қарастырылып, іс-шаралардың барлығы да гагауыз тілінде жүргізіле бастады. 2020 жылдан бастап бастауыш мектепте сабақтар орыс тілімен қатар, гагауыз тілінде оқытыла бастады³. Гагаузия астанасы Комрат қаласында Комрат Мемлекеттік университетінде гагауыз жастары білім алады. Гагауыздардың негізгі мақсаты – мемлекеттік бағдарламалар аясында ана тілін мүмкіндігінше дамытып, мектептерде гагауыз тілін оқыту арқылы өз тілдерін сақтап қалу.

Қазіргі уақытта гагауыз тілін сақтау мен дамыту мәселелері өте өзекті болып отыр. Кеңес өкіметі жылдарында Молдовия аумағындағы жергілікті гагауыздар арасында орыс тілі кеңінен қолданылды. Ал КСРО тарап, Молдова тәуелсіздік алғаннан кейін молдаван тілі белсенді түрде қолданыла бастады. Тек гагауыздар басым қоныстанған өңірлерде, Гагауз-Ери автономиясы құрылғаннан кейін ғана гагауыз тіліне көбірек көңіл бөліне бастады. Зерттеушілер И.А. Субботина мен Л.В. Остапенконың «Жизненные

³(<https://gagauzinfo.md/news> , <https://ncebotari1023.wordpress.com>)

ценности православных гагаузов Молдавии» мақаласында гагауыз халқының өмірлік құндылықтарын жас мөлшерлеріне қарай бөліп талдаған. Тілге қатысты 2018-2022 жылдары жүргізілген зерттеулерде гагауыз халқының жастары арасында түрік тіліне қызығушылықтың өсіп келе жатқанын айтады: «В то же время значимую роль среди гагаузского населения продолжает играть русский язык, гагаузский же чаще выступает лишь как средство бытового общения между людьми и в качестве духовной ценности, этнического маркера. Потребности же населения в молдавском языке остаются невысокими. При этом растет интерес молодежи к другим языкам, в том числе к турецкому, который подпитывается особой политикой Турции в отношении Гагаузии» (Субботина, Остапенко, 2023: 112). Өйткені қазіргі гагауыз жастары әлеуметтік ортадағы өзгерістерге тез икемделетін ұрпақ. Олар тұрмыс деңгейін арттыруға ұмтылатын белсенді қауым ретінде өз мүмкіндіктерін тек Гагаузия мен Ресей шеңберінде ғана емес, басқа бағыттарда да іздей бастады. Соңғы жылдары Түркия Гагаузиямен байланысын күшейтіп, аймақтың экономикалық және мәдени салаларына қаржы құя отырып, білім беру мен жастарды қолдау бағытындағы бағдарламалары арқылы гагауыз жастары үшін тартымды елдердің біріне айналып отыр.

Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық деректерді жалпылау негізінде қарастырылып отырған этностың жалпы саны, сондай-ақ оның тілдік дамуының қазіргі жағдайы туралы қорытындылар жасалды. Алынған нәтижелер этностың осал жағдайын растайды, және оның тілдік және мәдени мұрасын құжаттау мен сақтауға бағытталған одан әрі кешенді зерттеулердің қажеттілігін негіздейді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, гагауыз тілі өзінің тарихи даму барысында көптеген күрделі кезеңдерді бастан кешіргенін көреміз. Оған әртүрлі уақыттарда араб, парсы, ноғай, татар, болгар, румын, грек, молдаван, украин, орыс т.б. тілдерден сыртқы ықпалдар көп әсер етті. Қаншама тарихи кезеңдер бойы гагауыз әдебиеті әлемдік әдебиет аясында танылғанымен, өкінішке қарай, ол негізінен ауызша дәстүрге сүйенген, өз жазба әдебиеті жоқ халық ретінде саналып келді.

Гагауыз тілінің шұбарлануына келсек, осман түріктері арқылы араб, парсы тілдерінен енген сөздердің көпшілігі қазіргі күнге дейін сақталып, кейбір сөздер семантикалық өзгерістерге ұшыраған. Румын, болгар, грек тілдерінің ықпалы да әлі күнге дейін сақталып, сол елдерде өмір сүріп жатқан гагауыздардың тіліне әбден сіңіп кеткен. Гагауыздардың алғашқы жазу әліпбиі орыс әріптерімен пайда болғандықтан орыс тілі ықпалы ерекше орын алады. Қазіргі күні де бұл тілдік ықпал қатты әлсіреген жоқ, өйткені молдован тілімен қатар, орыс тілінің әсерін гагауыздар әлі күнге дейін сезініп отыр.

Бүгінгі таңда Молдова Республикасындағы Гагаузия автономиялық аймағында салт-дәстүрін берік сақтаған, түркітөктес халық – гагауыздар өмір сүріп жатыр. Украинаның Гагаузиямен шекаралас аймақтарында да шамамен 40 мың гагауыз ұлттық ерекшеліктерін сақтап келеді. Гагауыздар ассимиляцияға ұшырауына қарамастан, ұлттық болмысын жоғалтпай, тілін, мәдениетін сақтай отырып, бүгінгі күнге келіп жеткен.

Қай ұлттың болса да дамуы мен жойылуына көптеген факторлар әсер етеді. Кейбір тілдер басқа тілдердің ықпалымен тілдік ерекшеліктерін жоғалтып алуы мүмкін болса, керісінше, кейбір тілдер кірме сөздермен лексикалық қорын байыта алады. Біріккен ұлттар ұйымы гагауыз тілін жойылу қаупі бар тілдер қатарына енгізгенімен, бұл гагауыз тілінің өзіндік құндылығын жоғалтып алғандығынан емес, гагауыз ұлт өкілдерінің санының азайып бара жатқандығынан болуы мүмкін деген қорытындыға келеміз.

Сонымен қарастырылып отырған тілдің лексикалық жүйесінде айтарлықтай кірме лексика қабаты ерекшеленеді, оның маңызды бөлігі араб-парсы элементтері болып табылады. Оларды графикалық-орфографиялық және семантикалық белгілер бойынша жүйелеу кірме сөздердің кездейсоқ емес, құрылымдық анықталған сипатын растайды және тілдің лексикалық құрамының қалыптасу заңдылықтарын көрсетеді. Сондай-ақ араб-парсы кірме қабатының сақталуы және қолданылу белсенділігі түркі тілі арқылы лексикалық-семантикалық элементтердің негізгі арнасы болғанын айғақтайды. Бұл жағдай тілдік және мәдени өзара ықпалдастықтың ұзақ әрі жүйелі сипатта жүргенін көрсетеді. Бұл жалпы түркі тарихи-мәдени үдерістерін және зерттелетін тілдің лексикалық жүйесінің қалыптастыру ерекшеліктерін айқындайды.

Түркі тектес гагауыз тілі ұзақ уақыт байланыста болған славян, румын және болгар тілдерінің сөйлеушілерімен және өзге тілдік әсерлердің күрделі өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасты. Анықталған кірме сөздер мен құрылымдық өзгерістер гагауыз тілінің жоғары бейімделу дәрежесін растайды және оның көп тілді ортадағы тарихи дамуының ерекшелігін көрсетеді. Жинақталған деректер тілдік байланыстарды гагауыз тілінің эволюциясының негізгі факторларының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және оны әлеуметтік лингвистика аясында одан әрі жан-жақты зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Гагауыз тілінің дамуы мен қалыптасуының кезеңділігі оның тарихи-лингвистикалық эволюциясының негізгі кезеңдерін анықтауға және оның құрылымдық және жұмсалымдық ерекшеліктерінің қалыптасу заңдылықтарын бақылауға мүмкіндік берді. Бөлінген кезеңдер ішкі тілдік үдерістердің де, сыртқы әлеуметтік-мәдени факторлардың да әсерін көрсетеді, бұл гагауыз тілінің қалыптасуының күрделі және көп компонентті сипатын растайды.

Бұл зерттеу гагауыз тілі мен гагауыз халқының тарихи-тілдік дамуын терең түсінуге, түркітану, этнолингвистика және әлеуметтік лингвистика салаларындағы зерттеулер үшін құнды материал болатыны, гагауыз тілі ерекшеліктерін түсінуге және түркі тілдеріндегі ақпараттық құрылымды зерделеуге елеулі үлес қосары сөзсіз.

Әдебиет

Аманжолов С.А., 1964. О гагаузах в Казахстане и их языке. Проблемы тюркологии и истории востоковедения. Казань. С. 258–265.

Ангели Ф., 2007. Очерки истории гагаузов, потомков огузов (середины VIII - начало XXI вв.). Кишинев. 639 с.

Баскаков Н.А., 1952. К вопросу о классификации тюркских языков. Известия Академии Наук СССР. Отделение литературы и языка. Том XI. Вып.2. С. 121-134.

Баскаков Н.А., 1988. Историко-типологическая фонология тюркских языков. Москва: Наука. 208 с.

Булгар С., 2021. История гагаузов с периода средневековья до настоящего времени. Комрат. 148 с.

Булгар С., 2022. По следам экспедиции В.А. Мошкова к гагаузам на Балканы в 1903 году. Комрат. 116 с.

Голубовский П.В., 2012. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. История южнорусских степей IX–XIII. Гагаузы в мире и мир гагаузов. Комрат–Кишинёв. Т.1. 110 с.

Губогло М.Н., 2011. Гагаузы. Москва: Наука. 614 с.

Дмитриев Н. К., 1962. Гагаузские этюды. Строй тюркских языков. Москва. С. 251.

Кирли Н., 2010. Употребление одного падежа в значении другого в гагаузском языке. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi* 30. Sayı. С.7-21.

Копуцу В., 2014. Названия традиционных головных уборов в турецком и гагаузском языках. Комрат. 47 с.

Маевская Л.Б., Бойков В.Е., Ага Х.М., 2024. К вопросу о заимствованиях некоторых арабских и арабо-персидских слов в гагаузском языке. *Journal of Gagauz Studies*. Т. 2. № 1. С. 14–41.

Мошков В.А., 1900. Гагаузы Бендерского уезда. Москва. 90 с.

Мошков В.А., 1904. Наречия бессарабских гагаузов. XXXII. СПб. 114с.

Мошков В.А., 1896. Гагаузские тексты. Известия Общества археологии, истории и этнографии. С. 70-83.

Нистор И., 1923. «История Бессарабии» Черновицы. 416 с.

Покровская Л.А., 1997. Современный гагаузский язык (курс лекции). Комрат. 191 с.

Покровская Л.А., 1999. Синтаксис современного гагаузского языка (предложение). Комрат. 83 с.

Покровская Л.А., 1978. Синтаксис гагаузского языка в сравнительном освещении. Москва. 203 с.

Субботина И.А., Остапенко Л.В., 2023. Жизненные ценности православных гагаузов Молдавии. Теология: теория и практика. Т. 2. № 3. С. 68–116.

Чакир М., 2005. «История гагаузов Бессарабии». Страницы истории и литературы гагаузов XIX - нач. XX вв. Кишинев. 320 с.

Чеботарь П.А., 1992. Кыса гагаузча русча лафлык. Комрат. 70 с.

Шаймердинова Н.Г., 2017. Тюркские народы Казахстана: гагаузы, их история, язык, традиции. Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». № 2 (86). 75 б.

Шаймердинова Н.Г., Жиембай Б.С., Абдрасимова А.Е., 2019. Қазақстандағы гагауз диаспорасы тілінің ерекшеліктері. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. №3 (128). 132 б.

Arnaut T., 2008. Gagauzlarda sözlü lirik halk edebiyat türlerinin ve bunların folklor geleneğine yansımalarının incelenmesi. *Karadeniz Araştırmaları*. Sayı: 19. Güz. S.137-153.

Jirecek K., 1891. *Das Fürstenthum Bulgarien* (перевод с немецкого). Вена Ф. Темпски. 143 с.

Reference

Amanzholov S.A., 1964. O gagauzah v Kazahstane i ih yazyke. Problemy tyurkologii i istorii vostokovedeniya [On the Gagauz in Kazakhstan and Their Language. In: Problems of Turkology and the History of Oriental Studies]. Kazan'. P. 258-265. [in Russian].

Angeli F., 2007. Ocherki istorii gagauzov potomkov oguzov (seredina VIII - nachalo XXI vv.) [Essays on the History of the Gagauz — Descendants of the Oghuz (Mid-8th – Early 21st Centuries)]. Kishinev. 639 p. [in Russian].

Baskakov N.A., 1952. K voprosu o klassifikacii tyurkskih yazykov [On the Classification of Turkic Languages]. Izvestiya Akademii Nauk SSSR. Otdelenie literatury i yazyka. tom. XI. V. 2. P. 121-134. [in Russian].

Baskakov N.A., 1988. Istoriko-tipologicheskaya fonologiya tyurkskih yazykov [Historical-Typological Phonology of the Turkic Languages]. Moskva: Nauka. 208 p. [in Russian].

Bulgar S., 2021. Istoriya gagauzov s perioda srednevekov'ya do nastoyashchego vremeni [History of the Gagauz from the Medieval Period to the Present]. Komrat. 148 p. [in Russian].

Bulgar S., 2022. Po sledam ekspedicii V.A. Moshkova k gagauzam na Balkany v 1903 godu [Following the Expedition of V.A. Moshkov to the Gagauz in the Balkans in 1903]. Komrat. 116 p. [in Russian].

Golubovskij P.V., 2012. Pechenegi, torki i polovcy do nashestviya tatar. Istoriya yuzhno-russkih stepej IX–XIII. Gagauzy v mire i mir gagauzov [Pechenegs, Torks, and Cumans before the Tatar Invasion: History of the South Russian Steppes (9th–13th Centuries). In: The Gagauz in the World and the World of the Gagauz]. Komrat–Kishinyov. V.1. 110 p. [in Russian].

Guboglo M.N., 2011. Gagauzy [The Gagauz]. Moskva: Nauka. 614 p. [in Russian].

Dmitriev N. K., 1962. Gagauzskie etyudy. Stroj tyurkskih yazykov [Gagauz Studies. In: The Structure of Turkic Languages]. Moskva. P. 251. [in Russian].

Chirli N., 2010. Upotreblenie odnogo padezha v znachenii drugogo v gagauzskom yazyke [The use of one case in the meaning of another in the Gagauz language]. Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi 30. Sayı. P. 7-21. [in Russian].

Kopushchu V., 2014. Nazvaniya tradicionnyh golovnyh uborov v tureckom i gagauzskom yazykah [Names of Traditional Headwear in Turkish and Gagauz]. Komrat. 47 p. [in Russian].

Maevskaya L.B., Bojkov V.E., Aga H.M., 2024. K voprosu o zaimstvovaniyah nekotoryh arabskih i arabo-persidskih slov v gagauzskom yazyke [On Borrowings of Certain Arabic and Arabic-Persian Words in the Gagauz Language]. Journal of Gagauz Studies. V. 2. № 1. P. 14–41. [in Russian].

Moshkov V.A., 1900. Gagauzy Benderskogo uezda [The Gagauz of the Bender District]. Moskva. 90 p. [in Russian].

Moshkov V.A., 1904. Narechiya bessarabskih gagauzov. XXXII [Dialects of the Bessarabian Gagauz]. SPB. 114 p. [in Russian].

Moshkov V.A., 1896. Gagauzskie teksty. Izvestiya Obshchestva arheologii, istorii i etnografii [Gagauz Texts. Proceedings of the Society of Archaeology, History, and Ethnography]. P. 70-83. [in Russian].

Nistor I., 1923. «Istoriya Bessarabii» Chernovicy [History of Bessarabia. Chernivtsi]. 416 p. [in Russian].

Pokrovskaya L.A., 1997. Sovremennyy gagauzskij yazyk (kurs lekci) [Modern Gagauz language (course of lectures)]. Komrat. 191 p. [in Russian].

Pokrovskaya L.A., 1999. Sintaksis sovremennogo gagauzskogo yazyka (predlozhenie) [Syntax of the Gagauz Language in Comparative Perspective]. Komrat. 83 p. [in Russian].

Pokrovskaya L.A., 1978. Sintaksis gagauzskogo yazyka v sravnitel'nom osveshchenii [Syntax of the Gagauz Language in Comparative Perspective]. Moskva. 203 p. [in Russian].

Subbotina I.A., Ostapenko L.V., 2023. Zhiznennye cennosti pravoslavnyh gagauzov Moldavii. Teologiya: teoriya i praktika [Life Values of Orthodox Gagauz in Moldova. Theology: Theory and Practice]. Vol. 2. № 3. P. 68–116. [in Russian].

Chakir M., 2005. «Istoriya gagauzov Bessarabii». Stranicy istorii i literatury gagauzov XIX-nach. XX vv. [History of the Gagauz of Bessarabia. In: Pages from the History and Literature of the Gagauz (19th – Early 20th Centuries)]. Kishinev. 320 p. [in Russian].

Chebotar' P.A., 1992. Kysa gagauzcha ruscha laflyk [Concise Gagauz–Russian Dictionary]. Komrat. 70 p. [in Russian].

Shajmerdinova N.G., 2017. Tyurkskie narody Kazahstana: gagauzy, ih istoriya, yazyk, tradicii [Turkic Peoples of Kazakhstan: Gagauz, Their History, Language, and Traditions]. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya». № 2 (86). 75 p. [in Russian].

Shajmerdinova N.G., Zhiembaj B.S., Abdrasimova A.E., 2019. Qazaqstandagy gagauz diasporasy tilinin erekshelikteri [Linguistic Features of the Gagauz Diaspora in Kazakhstan]. L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Sayasi gilymdar. Ajmaqtanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy. №3 (128). 132 p. [in Kazakh].

Arnaut T., 2008. Gagauzlarda sözlü lirik halk edebiyat türlerinin ve bunların folklor geleneğine yansmasının incelenmesi [An examination of oral lyrical folk literature genres among the Gagauz people and their reflection in their folklore tradition.]. Karadeniz Aratrmalar. Say: 19. Güz. P.137-153. [in Turkish].

Jirecek K., 1891. Das fürstenthum Bulgarie (perevod s nemeckogo) [The Principality of Bulgaria]. Vena F. Tempski. 143 p. [in German].

Авторлар туралы мәлімет:

Кемпф Бела, PhD, Сегед университеті, Университет көш., 2, Сегед, Венгрия.

Scopus Author ID – 55428293700

Кудьярова Шолпан Таубаевна, PhD, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Scopus Author ID –59179480300

Жукиева Мендеш Беркиновна, докторант, түркітану және тіл теориясы кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Kempf Bela, PhD, University of Szeged, 2 Egyetem Str., 6722, Szeged, Hungary.

Scopus Author ID – 55428293700

Kudyarova Sholpan Taubaевна, PhD, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Scopus Author ID –59179480300

Zhukiyeva Mendesh Berkinovna, PhD Student, Department of Turkology and Language Theory, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Almaty, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Кемпф Бела, PhD, Сегедский университет, ул. Университетская, 2, Сегед, Венгрия.

Scopus Author ID – 55428293700

Кудьярова Шолпан Таубаевна, PhD, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Scopus Author ID –59179480300

Жукиева Мендеш Беркиновна, докторант, кафедра тюркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.

Авторлық үлес:

В.Кемпф тілдік ықпалдарға байланысты талдауларға жауапты болды, сонымен қатар мақаланың жалпы тұжырымдамасы мен құрылымын әзірледі.

Ш.Кудьярова кірме сөздерге қатысты материалдарды ғылыми тұрғыдан талдады, зерттеудің теориялық негізін қалыптастырды, мақаланы редакциялады.

М.Жукиева гагауыз тіліне қатысты материалдарды жинақтап, жүйеледі және талдады.

Author's contribution:

V. Kempf conducted the analysis related to linguistic influences and developed the overall concept and structure of the article.

Sh. Kudyarova analyzed the materials related to borrowed words, developed the theoretical framework of the study, and edited the article.

M. Zhukiyeva summarized, systematized and analyzed materials related to the Gagauz language.

Вклад авторов:

В. Кемпф отвечала за анализ языковых влияний, разработала общую концепцию статьи.

Ш. Кудьярова анализировала материалы, относящиеся к заимствованным словам, сформировала теоретическую основу исследования, отредактировала статью.

М. Жукиева обобщила, систематизировала и анализировала материалы, относящиеся к гагаузскому языку.



Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

Қазақ, әзербайжан және саха тілдеріндегі этнолексиканың семантикалық эволюциясы (көне түркі түбірлері негізінде)

Ш. Хасанли Гарибова^а, Ж. Айдарбекова^б, *Ә. Амангелдіқызы^с

^аӘзербайжан Ұлттық Ғылым академиясы, Тіл білімі институты, Баку, Әзербайжан

ORCID: 0000-0003-0912-4504

(E-mail: shabnam.hasanli@yahoo.com)

^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0009-0002-8789-095X

(E-mail: aidarbekova_zhk@mail.ru)

^сЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0009-0000-4154-3990

(E-mail: aliya010124@gmail.com)

*Байланыс үшін автор: aliya010124@gmail.com

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
этнографиялық
лексика, көне
түркі түбірлері,
семантика,
түркі тілдері,
қазақ тілі, саха
(якут) тілі,
әзербайжан тілі,
салыстырмалы
талдау,
семантикалық
өзгерістер, түркі
дүниетанымы.

FTAMP 16.41.25

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-237-262>

АННОТАЦИЯ

Зерттеудің мақсаты – қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдеріндегі көне түркі морфемалары негізінде қалыптасқан этнографиялық лексиканың семантикалық ерекшеліктерін сипаттау және салыстырмалы сипаттамасын жасау. Түбір морфема тілдің таңбалық бірлігі ретінде өзінің лексикалық мағынасы арқылы шындық болмыстағы затпен байланысты білдіреді, бұл мағына тарихи және этномәдени тұрғыдан айқындалуы мүмкін. Мақала қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдеріндегі түптамалары көне түркі түбірлеріне барып тірелетін этнографиялық лексиканың қазіргі семантикалық құрылымының, ұқсастықтары мен айырмашылықтарының салыстырмалы сипаттамасына арналған. Аталған үш тілдің таңдалуы олардың генетикалық және типологиялық ортақтығына қарамастан, ареалдық тұрғыдан айтарлықтай алшақтығымен түсіндіріледі. Бұл қазіргі түркі тілдерінің түбір морфемаларында ежелгі семантикалық қабаттардың қалай сақталғанын анықтауға, сондай-ақ әртүрлі мәдени-тарихи ортаға байланысты түркі сөздеріндегі семантикалық өзгерістерді көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Көне түркі сөздігі (ДТС) және этимологиялық сөздіктер негізінде негізгі семантикалық салаларға қатысты 16 көне түркі түбірі іріктеліп алынды: табиғи орта (su, kün, taş, kök, jol); көшпелі шаруашылық (at, mal, süt, kümüş); әлеуметтік қатынастар (kişi, aqa, beg, bala); рухани мәдениет (til, baş, jüräk). Әрбір түбір бойынша Көне түркі сөздігінен барлық

лексика-семантикалық нұсқалар (ЛСН) анықталып, олардың қазіргі зерттеліп отырған тілдердегі дамуы түсіндірме сөздіктер мен ұлттық корпустар (QazCorpus, SakhaCorpus, AZLEKS) деректері арқылы қадағаланды. Салыстырмалы, семантикалық және контекстік талдау әдістері қолданылды. Қазіргі семантикалық жағдайдың негізгі сипаттамалары анықталды: номинативті семантиканың сақталуы, метафоралық мағыналардың болуы, семантикалық тарылу мен кеңею нәтижелері. Табиғи орта және материалдық мәдениет лексикасы жоғары тұрақтылық танытатыны, ал әлеуметтік қатынастар мен рухани сала лексикасы метафоралануға, мағынаның тарылуына немесе кеңеюіне бейім екендігі анықталды. Ареалдық тұрғыдан ең айқын семантикалық ерекшелік якут тілінде тіркелді, бұл субстраттық факторлар мен ерекше мәдени ортаның әсерімен түсіндіріледі. Якут тілінде архаикалық элементтер де (көне мағыналардың сақталуы), инновациялар да (семантикалық ығысулар, жаңа коннотациялардың дамуы, мысалы, тыл «сөз» мағынасында, аға «әке» мағынасында) байқалады. Қазақ және әзербайжан тілдері семантикада ұқсас модельдерді көрсетеді. Зерттеуде көшпелі шаруашылыққа, әлеуметтік статуска және дүниетанымдық концептілерге қатысты этнографиялық лексемаларға ерекше назар аударылады. Оларды салыстыру ежелгі категориялардың тұрақтылығын да, әлеуметтік құрылымның өзгеруі және басқа факторлар нәтижесінде пайда болған семантикалық айырмашылықтарды да көрсетеді. Әртүрлі тарихи даму жағдайындағы тілдерде ортақ семантикалық модельдердің сақталуы олардың біртұтас түркі тілдік негізге жататындығын дәлелдейді.

Sh. Hasanli-Garibova^a

^aNational Academy of Sciences of Azerbaijan, Baku, Azerbaijan

ORCID: 0000-0003-0912-4504

(E-mail: shabnam.hasanli@yahoo.com)

Zh. Aidarbekova^b

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0002-8789-095X

(E-mail: aidarbekova_zhk@mail.ru)

***A. Amangeldikyzy^c**

^cL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0009-0000-4154-3990

(E-mail: aliya010124@gmail.com)

*Corresponding author: aliya010124@gmail.com

Received 15 December 2025. Revised 20 January 2026. Accepted 23 February 2026. Available online 30 March 2026.



Дәйексөз үшін: Ш. Хасанли Гарибова, Ж. Айдарбекова, Ә. Амангелдіқызы Қазақ, әзербайжан және саха тілдеріндегі этнолексиканың семантикалық эволюциясы (көне түркі түбірлері негізінде) // Turkic Studies Journal. 2026. Т. 8. № 1. 237-262 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-237-262>

For citation: Sh. Hasanli-Garibova, Zh. Aidarbekova, A. Amangeldikyzy Semantic evolution of ethnolexical units in Kazakh, Azerbaijani, and Yakut (Based on old Turkic roots) // Turkic Studies Journal. 2026. V. 8. № 1. P. 237-262. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2026-1-237-262>

Semantic evolution of ethnolexical units in Kazakh, Azerbaijani, and Yakut (Based on old Turkic roots)

Abstract. The aim of the study is to describe the semantic features and provide a comparative analysis of ethnographic vocabulary formed on the basis of Old Turkic morphemes in the Kazakh, Sakha (Yakut), and Azerbaijani languages. The root morpheme, as a semiotic unit of language, expresses connection with the object of reality through its lexical meaning, which can be historically and ethnoculturally determined. The article presents a comparative description of the modern semantic structure, similarities and differences of ethnographic vocabulary in the Kazakh, Yakut, and Azerbaijani languages, the origins of which go back to Old Turkic roots. The selection of these three languages is explained by their significant areal distance despite their genetic and typological commonality. This allows us to identify how ancient semantic layers are preserved in the root morphemes of modern Turkic languages, as well as to show semantic changes in Turkic words caused by different cultural and historical environments. The study is based on the data from the Old Turkic Dictionary (DTS) and etymological dictionaries, a selection of 16 Old Turkic roots related to key semantic spheres was carried out: natural environment (su, kün, taş, kök, jol); nomadic economy (at, mal, süit, kümüş); social relations (kişi, aqa, beg, bala); spiritual culture (til, baş, jüräk). For each root, all lexico-semantic variants (LSVs) were identified according to the Old Turkic Dictionary, and their fate in the modern languages under study was traced using data from explanatory dictionaries and national corpora (QazCorpus, SakhaCorpus, AZLEKS). Comparative, semantic, and contextual analysis methods were used. The main characteristics of the modern semantic state were determined: preservation of nominative semantics, presence of metaphorical meanings, results of semantic narrowing and broadening. It was found that the vocabulary of the natural environment and material culture demonstrates high stability, while the vocabulary of social relations and the spiritual sphere is subject to metaphorization, narrowing or broadening of meanings. In areal terms, the most significant semantic specificity was recorded in the Yakut language, which is explained by the influence of substrate factors and a unique cultural environment. In the Yakut language, both archaic elements (preservation of ancient meanings) and innovations (semantic shifts, development of new connotations, for example, tyl as "word", ağa as "father") are noted. The Kazakh and Azerbaijani languages demonstrate generally similar semantic models. Special attention is paid in the study to ethnographic lexemes related to nomadic economy, social status, and worldview concepts. Their comparison shows both the stability of ancient categories and semantic differences that arose as a result of changes in social structure and other factors. The preservation of common semantic patterns in languages that developed under different historical conditions confirms their origin from a shared Turkic proto-language base.

Keywords: ethnographic vocabulary, Old Turkic roots, semantics, Turkic languages, Kazakh language, Sakha (Yakut) language, Azerbaijan language, comparative analysis, semantic changes, Turkic worldview.

III. Хасанли-Гарибова^a

^aИнститут языкознания, Национальная Академия наук Азербайджана, Баку,
Азербайджан

ORCID: 0000-0003-0912-4504

(E-mail: shabnam.hasanli@yahoo.com)

Ж.К. Айдарбекова^b

^bЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0002-8789-095X
(E-mail: aidarbekova_zhk@mail.ru)

***А. Амангелдықызы^c**

^cЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан
ORCID: 0009-0000-4154-3990
(E-mail: aliya010124@gmail.com)

*Автор для корреспонденции: aliya010124@gmail.com

Семантическая эволюция этнолексики в казахском, азербайджанском и якутском языках (на материале древнетюркских корней)

Аннотация. Цель исследования – описание семантических особенностей и сравнительная характеристика этнографической лексики, образованной на основе древнетюркских морфем в казахском, саха (якутском) и азербайджанском языках. Корневая морфема как знаковая единица языка выражает связь с предметом действительности посредством своего лексического значения, которое может быть исторически и этнокультурно детерминированным. Статья посвящена сравнительной характеристике современной семантической структуры слова, сходств и различий этнографической лексики в казахском, якутском и азербайджанском языках, истоки которых восходят к древнетюркским корням. Выбор указанных трёх языков объясняется их значительной ареальной удалённостью при генетической и типологической общности. Это позволяет выявить, как сохранились в корневых морфемах современных тюркских языков древние семантические пласты, а также показать семантические изменения в тюркских словах, обусловленные различной культурно-исторической средой. В ходе исследования на основе данных Древнетюркского словаря (ДТС) и этимологических словарей была осуществлена выборка 16 древнетюркских корней, относящихся к ключевым семантическим сферам: природная среда (su, kün, taş, kök, jol); кочевое хозяйство (at, mal, süt, kümüş); социальные отношения (kişi, aqa, beg, bala); духовная культура (til, baş, jüräk). Для каждого корня по Древнетюркскому словарю были выявлены все лексико-семантические варианты (ЛСВ) и прослежена их судьба в современных исследуемых языках с привлечением данных толковых словарей и национальных корпусов (QazCorpus, SakhaCorpus, AZLEKS). Используются сравнительный, семантический и контекстный методы анализа. Определены основные характеристики современного семантического состояния: сохранение номинативной семантики, наличие метафорических значений, результаты семантического сужения и расширения. Установлено, что лексика природной среды и материальной культуры демонстрирует высокую устойчивость, тогда как лексика социальных отношений и духовной сферы подвержена метафоризации, сужению или расширению значений. В ареальном плане наиболее существенная семантическая специфика зафиксирована в якутском языке, что объясняется влиянием субстратных факторов и уникальной культурной среды. В якутском языке отмечены как архаичные элементы (сохранение древних значений), так и инновации (семантические сдвиги, развитие новых коннотаций, например, тыл как «слово», аба как «отец»). Казахский и азербайджанский

языки демонстрируют схожие модели в семантике. В исследовании особое внимание уделяется этнографическим лексемам, связанным с кочевым хозяйством, социальным статусом и мировоззренческими концептами. Их сопоставление показывает как устойчивость древних категорий, так и семантические различия, возникшие в результате изменения социальной структуры и других факторов. Сохранение общих семантических моделей в языках с различными условиями исторического развития доказывает их принадлежность к единой тюркской праязыковой основе.

Ключевые слова: этнографическая лексика, древнетюркские корни, семантика, тюркские языки, казахский язык, саха (якутский) язык, азербайджанский язык, сравнительный анализ, семантические изменения, тюркское мировоззрение.

Кіріспе

Түркі тілдерінің лексикалық қоры, әсіресе оның ежелгі түбірлерге негізделген қабаты, осы халықтардың материалдық және рухани мәдениетінің терең тарихын сақтап, көрсетеді. Осы мәдени мұраның аса маңызды бөлігі – этнографиялық лексика, яғни тұрмыс-салт, дәстүрлі шаруашылық, қоғамдық құрылым және дүниетанымдық ұғымдарды білдіретін сөздер. Бұл лексика тіл жүйесінің ең тұрақты элементтерінің бірі болып табылады және тарихи-мәдени өзгерістерді тікелей бейнелейді.

Түркі тілдер отбасы географиялық тұрғыдан кең аумақты қамтиды – Балқаннан бастап Шығыс Сібірге дейін, Оңтүстік Ираннан Арктикаға дейін. Бұл тілдерде жалпы элементтердің, яғни түбірлердің, морфологиялық модельдердің, семантикалық құрылымдардың көп болуы байқалады, сонымен қатар айқын ұлттық-тілдік ерекшеліктері де бар. «The Turkic Language Family» шолуында генетикалық байланыстар мен семантикалық динамиканы анықтау үшін диахрондық та, синхрондық та тұрғыдан талдаудың маңыздылығы атап көрсетілген (Johanson, 1998: 12–15).

Этнографиялық лексика тілдің лексикалық құрамындағы ерекше санат болып табылады, өйткені ол халықтың материалдық және рухани мәдениетінің негізгі элементтерін, дәстүрлі шаруашылық түрлерін, қоғамдық қатынастар мен дүниетанымдық ұғымдарды тікелей бейнелейді. Осыған байланысты оның семантикасы тілдік жүйенің өзгермелі емес, салыстырмалы тұрақты қабатын құрайды және тарихи-мәдени тұрғыдан ең ақпаратты дереккөздердің бірі болып саналады. Түркі тілдерінде этнографиялық лексиканың зерттелуі негізінен жеке тілдердің лексикографиялық сипаттамасы шеңберінде жүргізіліп, сөздік құрамның жүйелі сипаттамасы ретінде қарастырылған (Баскаков, 1969; Щербак, 1977). Дегенмен әртүрлі түркі тілдеріндегі этнографиялық лексиканың семантикасын салыстырмалы тұрғыдан жан-жақты талдау, әсіресе ежелгі ортақ түбірлер негізінде, әлі де жүйелі түрде жүргізілмеген, бұл осы саладағы зерттеулердің фрагментарлы сипатымен түсіндіріледі.

Қазіргі түркітанудың өнімді бағыттарының бірі – көне түркі түбірлерін зерттеу, яғни жазбаларда (мысалы, Орхон-Енисей руналары), сөздіктерде және ерте түркі кезеңінің мәтіндерінде тіркелген лексикалық элементтерді және олардың қазіргі түркі тілдеріндегі даму жолдарын талдау. Атап айтқанда, An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish (Clouston) сөздігі көне мағыналар мен формаларды реконструкциялау үшін негізгі дереккөздердің бірі болып табылады (Clouston, 1972).

Осы зерттеудің мақсаты – қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдеріндегі ежелгі түркі түбірлері негізіндегі этнографиялық лексиканың қазіргі семантикалық ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыда сипаттау және талдау. Зерттеу объектісі ретінде таңдалған

үш тіл олардың генетикалық жақындығына қарамастан, ареалдық және типологиялық алыстығымен ерекшеленеді: қазақ тілі – Орталық Азияның далалық аймағында, саха тілі – Солтүстік-Шығыс Сібірдің оқшау ортасында, әзербайжан тілі – Кавказдың көптілді контактілік аймағында қалыптасқан (Naskali, Şirin, 1997: 88–91). Мұндай таңдау жалпы түркілік тенденцияларды да, аймақтық ерекшеліктерді де анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі көне түркі түбірлері негізіндегі этнографиялық лексиканың қазіргі семантикасын үш алыс түркі тілінде жүйелі салыстырмалы талдаудан тұрады. Бұл тәсіл тек ортақ элементтерді ғана емес, сонымен қатар әр тілдік ортаның мәдени-тарихи контекстіне байланысты пайда болған семантикалық айырмашылықтарды да ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу тұрақты салыстырмалы талдау, семантикалық және контекстік талдау әдістеріне сүйенеді. Дереккөз ретінде көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары, этимологиялық сөздіктер, қазіргі түсіндірме сөздіктер және корпус деректері пайдаланылды. Алынған нәтижелер түркі тілдеріндегі этнографиялық лексиканың семантикалық құрылымын жүйелеуге, оның мәдени-тарихи негіздерін ашуға және салыстырмалы түркі лексикологиясы саласындағы одан әрі зерттеулерге негіз бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеу қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдеріндегі этнографиялық лексиканың қазіргі семантикалық құрылымын салыстырмалы түрде талдауға арналған. Зерттеудің негізгі объектісі ретінде таңдалған этнографиялық лексиканың кейбір ежелгі түркі түбірлері – алғашқы таңдау критерийі олардың түркі халықтарының дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетінің негізгі салаларын білдіретіні болды. Дереккөз ретінде үш тілдің заманауи түсіндірме сөздіктері, этимологиялық сөздіктер (Клосон, 1972; Севортян, 1974-1980; Дыбо, 2013), қазақ және әзербайжан тілдерінің ұлттық корпус деректері, сондай-ақ саха тілінің лексикасы туралы электрондық ақпараттық жүйесі (SakhaLang) пайдаланылды. Фразеологиялық материалдар мен мақал-мәтелдер лексемалардың контекстік ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы-диахрониялық талдау құрайды. Бұл талдаудың бастапқы нүктесі ретінде көне түркі түбірлерінің мағыналары алынды, бұл қазіргі тілдердегі семантикалық жағдайды тарихи перспективада бағалауға мүмкіндік берді. Талдаудың негізгі бағыты – осы түбірлердің қазіргі үш тілдегі семантикалық рефлекстерін синхрондық салыстыру. Бұл әдіс бір түбірдің үш тілдегі қазіргі мағыналары мен қолданысын салыстырып, олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды, сондай-ақ жалпы түркілік тенденциялар мен ареалдық ерекшеліктерді анықтауға негізделген. Тілдік деректерді жүйелеу үшін лексемалар табиғи орта, шаруашылық, әлеуметтік құрылым және рухани мәдениет деп аталатын төрт семантикалық-тақырыптық өріске топтастырылды. Әрбір лексеманың семантикалық тарихын түсіндіру үшін семантикалық талдау (мағынаның сақталуы, тарылуы, кеңеюі, метафоралануы) және олардың мәтіндегі қолданылуын қарастыратын контекстуалды талдау қолданылды.

Жалпы алғанда, тарихи-салыстырмалы әдістеме негізінде диахрондық және синхрондық тұрғыдан талдау негізінде этнографиялық лексиканы жан-жақты қарастыруға және оның семантикалық дамуын тек тілдік ғана емес, сонымен қатар мәдени-тарихи контекстте түсіндіруге мүмкіндік берді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Көне түркі лексикасын және оның қазіргі түркі тілдеріндегі рефлексдерін зерттеу түркітануда ұзақ дәстүрге ие. Бұл бағыттағы зерттеулер көне түркі жазба ескерткіштерін (Орхон, Енисей, ұйғыр мәтіндері) сипаттаудан бастау алады, аталған дереккөздерде түркі лексикасының дамуының бастапқы кезеңдері айқын көрініс тапқан. Классикалық еңбектер қатарында В. Радлов, А.Н. Кононов, Т. Текин, С.Е. Маловтың зерттеулері ерекше орын алады, бұл еңбектерде көне тілдік формалардың фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері жан-жақты талданған (Кононов, 1980; Teкин, 1968: 23-27).

Нақтырақ айтқанда, этнографиялық лексикаға қатысты зерттеулер негізінен екі бағытта дамыды. Біріншісі – этимологиялық сөздіктер мен грамматикалық сипаттамалар, онда дәстүрлі мәдени лексиканың құрылымы мен тарихи қабаттары қарастырылады. А.Н. Кононов ежелгі ескерткіштер тілінің этнографиялық терминологиясын талдаған (Кононов, 1980). С.Г. Клоосның (Clouston, 1972) және Э.В. Севортянның (Севортян, 1974; 1978) этимологиялық сөздіктерінде көшпелі тұрмыстың, дүниетанымның негізгі ұғымдарын білдіретін түбірлер мен олардың семантикалық эволюциясы жан-жақты қарастырылған. А.В. Дыбоның (Дыбо, 2013) түркі тілдерінің негізгі лексикасына арналған еңбегінде де этномәдени маңызы бар түбірлерге ерекше назар аударылған.

Екінші бағыт – жеке тілдердегі этнографиялық лексиканың жүйелі сипаттамасы мен салыстырмалы талдауына арналған монографиялық және диссертациялық жұмыстар. Мұнда материалдық мәдениет (мал шаруашылығы, киім-кешек, тұрғын үй), әлеуметтік қатынастар (туыстық терминдер) және рухани мәдениет (дәстүрлі наным-сенімдер) лексикасы бөлек топтар ретінде зерттеледі. Мысалы Шәбнәм Хәсәнли-Гарибованың 2015 жылы шыққан «XI-XII əsrlər türk dillərini etnoqrafik leksikası» еңбегінде түркілердің тамақтануы, киім-кешегі, салт-дәстүрлері, дүниетаным мен наным-сенімдерді бейнелейтін бірқатар лексемалардың жан-жақты талданып, еңбектің соңында XI-XII ғасырдың түркі тілдеріндегі этнографизмдердің қысқа сөздігі келтірілген. Қазақ библиографиясында «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясы ерекше орын алады (Әлімбаев, 2011). Сонымен қатар А.Қ. Құсайынов (Құсайынов, 2017) қазақ тіліндегі рухани және материалдық мәдениетін білдіретін лексемаларды 6 тілде (қазақ, ағылшын, орыс, түрік, қытай, араб) ашық түсіндіреді. Әзербайжан тілінің лексикасы, соның ішінде этнографиялық лексикасы Әзербайжан тілінің түсіндірме сөздігінде жан-жақты қарастырылған (Azərbaycan dilinin izahlı lügəti, 2006). Якут этнографизмдерінің жекелеген нұсқалары туралы белгілі бір ақпарат якут этнографиясы бойынша еңбектерде, мысалы, В.Л. Серошевскийдің «Якуттар. Этнографиялық зерттеу тәжірибесі» (Якуты. Опыт этнографического исследования), сонымен қатар якут тілінің түсіндірме және қос тілді сөздіктерінде келтірілген (Серошевский, 1993), (Слепцова, 2006), (Пекарский, 1959).

Қазіргі салыстырмалы-тарихи талдау үшін С.Г. Клоосның *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish* (Oxford, 1972) атты іргелі еңбегінің маңызы ерекше. Аталған еңбекте көне түркі түбірлерінің реконструкциялары, олардың формалары мен семантикалық өрістері жүйелі түрде ұсынылған (Clouston, 1972). Бұл сөздік бастапқы мағыналарды айқындаудың, сондай-ақ қазіргі түркі тілдері арасындағы этимологиялық байланыстарды анықтаудың негізгі дереккөзі болып табылады. Клоосның еңбектері әртүрлі тілдердегі формалар мен мағыналарды салыстыру арқылы семантикалық эволюцияның заңдылықтарын қадағалауға және лексикалық құрамдағы архаикалық элементтерді анықтауға мүмкіндік беретін әдістемелік негіз қалады.

Салыстырмалы-тарихи тәсілдің теориялық негіздерінің одан әрі дамуы Л. Йохансон мен Э. Чатоның *The Turkic Languages* (Cambridge, 1998) атты еңбектерінде көрініс тапқан. Аталған зерттеулерде фонетикалық және морфологиялық параллельдермен қатар семантикалық үдерістерді талдаудың маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі (Johanson, 1998: 12–15). Авторлар семантикалық өзгерістерді түркі тілдерінің ішкі динамикасын түсінудің негізгі кілті ретінде қарастырады, себебі олар көне лексиканың жаңа мәдени және ареалдық жағдайларға бейімделуін айқын бейнелейді.

Семантикалық өзгерістерді сипаттау мен жіктеудің әдіснамалық негізін жалпы тіл біліміне арналған еңбектер де қалыптастырады (Л. Блумфилд, С. Ульман, Й. Трир, Ю. Д. Апресян және т.б.). Аталған еңбектерде семантикалық өзгеріске ұшыраулардың негізгі түрлері – мағынаның кеңеюі мен тарылуы, метафоризация, метонимия – айқындалады. Бұл өзгеріс түрлері түркі тілдері материалында Н. А. Баскаков, А. М. Щербак, М. Р. Ряснен, А. Н. Кононов және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған (Щербак, 1977; Räsänen, 1969: 33–36). Атап айтқанда, Н. А. Баскаков түркі тілдеріне көне түбірлердің жоғары деңгейде сақталуы тән екенін, алайда олардың семантикалық шеңберінің этномәдени ортаға байланысты біртіндеп өзгеріске ұшырайтынын атап көрсетеді (Баскаков, 1969).

Соңғы онжылдықтарда корпус және этимологиялық дерекқорлардың пайда болуына байланысты семантикалық реконструкцияға деген қызығушылық айтарлықтай артты, бұл мағыналардың эволюциясын тек сипаттамалы тұрғыда ғана емес, сонымен қатар статистикалық әдістер арқылы да қарастыруға мүмкіндік берді. Көне түбірлердің трансформациялық формулаларына және Еуразиялық кеңістіктегі көне түркі негіздерінің рефлекстеріне арналған зерттеулер көптеген көне лексемалардың бастапқы мағыналық өзегін сақтай отырып, қосымша символдық және метафоралық реңктерді дамытқанын көрсетті (Uğurlu, 2004: 55–60).

Зерттеудің теориялық негіздерінің бірі Й. Трир ұсынған және түркітану ғылымында (Н.А. Баскаков, Г. Дёрфер, А.Н. Кононов еңбектерінде) бейімделген лексика-семантикалық өріс тұжырымдамасы болып табылады. Бұл тұжырымдамаға сәйкес сөз семантикасы оқшау күйде емес, өрістің басқа элементтерімен өзара байланыстар жүйесінде айқындалады (Doerfer, 1963: 102–105). Көне түркі түбірлерінің эволюциясын лексика-семантикалық өрістер тұрғысынан талдау мағыналардың өзгеру бағытын ғана емес, сондай-ақ олардың тілдегі жүйелік қатынастарының трансформациясын анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, әдебиет шолуы көрсеткендей, көне түркі лексикасы бойынша, соның ішінде этнографиялық лексикаға қатысты, айтарлықтай зерттеулер болғанымен, олар негізінен жеке тілдердің лексикографиялық сипаттамасына немесе этимологиялық реконструкциясына бағытталған. Ежелгі ортақ түбірлер негізінде әртүрлі ареалдық топтарға жататын үш түркі тілінде (орталық-қазақ, солтүстік-якут және оңтүстік-батыс-эзербайжан) этнографиялық лексиканың қазіргі семантикалық құрылымын, оның ішінде күнделікті қолданыстағы метафоралық мәндер мен прагматикалық реңктерді, жүйелі салыстырмалы-синхронды тәсілмен зерттеу әлі де жеткіліксіз. Міне, осы бағытта зерттеуді тереңдету – осы жұмыстың негізгі мақсаты мен жаңалығының өзегі болып табылады.

Талдау

Семантикалық эволюцияны зерттеу үшін талданатын лексемаларды таңдау барысында негізгі критерий ретінде олардың этнографиялық сипаты – яғни түркі қоғамының

дәстүрлі материалдық және рухани мәдениетінің негізгі элементтерін аламыз. Сондықтан талдауға түркі көшпелі өмір салтының (at, mal, sūt), табиғи ортаның (su, taş, kök), уақыт пен кеңістіктің (kün, yol), әлеуметтік-экономикалық қатынастардың (bar, kümüş) тірек ұғымдарын білдіретін түбірлер енгізілді.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, VIII-XI ғғ. жазба ескерткіштерінде (ең алдымен «Орхон-Енисей жазбалары» және М. Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрк» еңбегінде) тіркелген көне түркі лексикасының айтарлықтай бөлігі қазіргі қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдерінде сақталған. Н.Г. Шаймердинова атап өткендей, «түбір морфемаларда пратүркілік протоформалардың тарихи реликтілері әлі күнге дейін сақталған: бастапқы түбірлер, етістік-есімдік синкретизм, түбірлердің дыбыстық-фонемалық вариативтілігі» (Шаймердинова, 2022: 119). Бұл тұжырым қазіргі түркі тілдеріндегі этнографиялық лексиканың семантикалық эволюциясын түсіну үшін маңызды, өйткені талдауға жататын ежелгі семантикалық қабаттар дәл осы түбір морфемаларда сақталған. Зерттеуге алынған қазақ, әзербайжан және саха тілдеріндегі этнографиялық лексиканың семантикалық талдауы бұл тілдерде жалпытүркілік дүниетанымның сақталғанын көрсетеді. М.Қ. Ескееваның айтуы бойынша, «бір негізден тараған қазіргі түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер де құрылымдық-мағыналық тұрғыдан біраз өзгерістерге түскенімен мазмұнындағы жалпытүркілік дүниетаным негізінен сақталып отырады» (Ескеева, 2022: 67). Бұл тұжырым этнографиялық лексиканың да мағыналық құрылымына тікелей қатысты, себебі лексикалық бірліктер де халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын бойына сақтайды. Алайда олардың семантикалық құрылымы тарихи және мәдени-географиялық факторларға байланысты өзгеріске ұшыраған. Талдауға негіз болған лексемалардың барлығы түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінің іргелі салаларын білдіретін этнографиялық лексикаға жатады. Аталған семантикалық өзгерістерді жүйелеу және түсіндіру үшін лексемаларды келесі негізгі семантикалық-тақырыптық өрістер (этнографиялық категориялар) бойынша топтастыру ұсынылады. Әрбір топ ішінде нақты бір лексеманың дамуы семантикалық өзгерістер теориясы (мағынаның сақталуы, тарылуы, кеңеюі, метафоралануы, архаизациясы) тұрғысынан талданады және мәдени-тарихи контекстте түсіндіріледі.

1. Табиғи орта, кеңістік және уақыт лексикасы

Бұл топқа табиғаттың негізгі элементтерін, кеңістік-уақыттық ұғымдарды білдіретін түбірлер кіреді. Семантика теориясы бойынша, шынайы дүниенің өзгермейтін категорияларын білдіретін базалық лексика ең тұрақты болып саналады (Апресян, 1974). Біздің талдауымыз да бұл гипотезаны растайды.

Sub («су»): үш тілде де бастапқы мағынасын сақтаған (қаз. су, якут. уу, әзірб. su). Көне түркі сөздігінде *sub* лексемасының екі лексика-семантикалық нұсқасы (ЛСН) көрсетілген (Наделяев, 1969: 512):

1. Су – тіршілік көзі ретінде: *subi şelāñä ğrmiş*;
2. Өзен – су ағысы ретінде: *anı subuğ baralıñ*.

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема жоғары семантикалық тұрақтылық танытады: қаз. су, әз. su, саха уу екі мағынаны да сақтаған. Якут тіліндегі фонетикалық трансформацияға (sub > уу) қарамастан, бастапқы семантика толық сақталған.

Бұл семантикалық консерватизмнің классикалық мысалы. Су – далалық өмір мен мал шаруашылығының тұрақты негізі, тіршілік пен рухани тазалықтың символы. Қаз: ... «Кырық күндік баланы қырық қасық суға түсіріп, ишарат жасаған...» (Қайдар, 2013). Әз: «Su yaranıb axmağa, göz yaranıb bahmağa» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «уу иччитэ» (SakhaCorpus, 2026).

kün («күн»): көне түркі сөздігінде *kün* лексемасының үш лексика-семантикалық нұсқасы (ЛСН) көрсетілген (Наделяев, 1969: 326):

1. Күн – аспан шырағы: *kün toğdı qamuğ üzä jaruq boltı* «күн шығып, бәрін жарық қылды»;
2. Күн (тәулік) – уақыт өлшемі: *kün jema tün jema jülü bardimiz* «күні-түні шаршамай жүрдік»;

3. Күн сайын, күннен-күнге – барыс септік формасында (*küniñä*), біртіндеп өтуді білдіреді: *tiriglik küniñä tükäl alqınur*.

Зерттеліп отырған заманауи түркі тілдерінде мағынасы тұрақты (қаз. *kүн*, якут. *күн*, эзирб. *gün*). Күн – уақыттың, табиғи циклдердің, құнарлылық пен жарықтың архетиптік символы. Ол көшпелілердің күнтізбелік және шаруашылық циклдарын айқындаған. Қаз: «Күн батқанда тырнақ алуға тыйым салынған...» (Қайдар, 2013). Әз: «*Gün girmәуәп evә häkim girär*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Сарыал күн анныгар, саарыгыран үөскәэбит...» (Олонхо жыры) (SakhaCorpus, 2026).

таş («тас»): Көне түркі сөздігінде (Наделяев, 1969: 577) *taş* лексемасының бір ғана негізгі лексика-семантикалық нұсқасы (ЛСН) көрсетілген:

Тас – қатты минерал ретінде. Сөздікте келесі қолданыс мысалдары келтірілген: *bu taş ertiniñ ağır turur* «бұл тас өте ауыр»; *taş bal (bali)* «тас балбал» (бұл жерде *taş* сөзі *bal* – ғұрыптық тас мүсінге анықтауыш ретінде қолданылған).

Қазіргі түркі тілдерінде бастапқы мағына сақталған (қаз. *тас*, якут. *таас*, эзирб. *daş*). Тас – табиғи ортаның тұрақты элементі, сондай-ақ беріктік пен тұрақтылықтың символы болып саналған. Қаз: «Тасты қашап, өрнек салу...» (Қайдар, 2013). Әз: «*Daş olma, baş ol*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Бу таас хас тыһыынча сыл турбута биллибэт» (SakhaCorpus, 2026).

kök («көк, аспан»): Көне түркі сөздігі бойынша (Наделяев, 1969: 351), *kök* лексемасы әртүрлі мағыналы бірнеше омонимдік түбірлерден тұрады:

Kök I – аспан, көк: *jerni kökni jaratqan* «жер мен көкті жаратқан»; *Kök III* – еркін, азат, асыл текті: *idi oqsız kök türk* «мүлдем еркін (асыл текті) түріктер» (тәуелсіздік пен тектілікті білдіретін эпитет); *Kök VI* – көк, көгілдір, көкшіл: *üzä kök täñri, aśra jağiz jēr* «жоғарыда – көк тәңірі, төменде – қоңыр жер».

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл омонимдер әртүрлі дамыды:

Қазақ тілі (көк): *Kök I* («аспан») негізгі мағынасында сақталған: *көк аспан, көк жиек*; *Kök III* («еркін, асыл») тарихи-мәдени контексте және этнонимияда сақталған: *Көк түрік* (Шығыс Түрік қағанатының атауы), *көк бөрі* (киелі қасқыр-тотем); *Kök VI* («көк түс») түс атауы ретінде белсенді қолданылады: *көк көйлек, көк жалын*; семантикалық бірігу жүрген: «аспан» және «көк түс» мағыналары байланысты ретінде қабылданады, ал «еркін, асыл» мағынасы архаикалық мәдени компонент ретінде сақталған.

Әзербайжан тілі (*göy*): *Kök I* («аспан»): *göy üzü* «аспан беті», *göyә bahmaq* «аспанға қарау»; *Kök III* («еркін, асыл»): тарихи мәтіндер мен ономастикада сақталған: *Göytürk*; *Kök VI* («көк түс»): *göy rәng* «көк түс», *göy gözli* «көк көзді»;

Саха (якут) тілі (*күөх*): *Kök I* («аспан») көбінесе *халлаан* лексемасымен ығыстырылған, бірақ күрделі сөздерде сақталған: *күөх халлаан* «көк аспан»; *Kök VI* («көк, көгілдір, көкшіл») басым мағынаға айналған: *күөх суық реңктердің кең спектрін білдіреді* (көк, көгілдір, жасыл, көкшіл); *Kök III* («еркін, асыл») тарихи жады мен эпоста (олонхо) сақталған, мұнда *күөх* жоғарғы әлеммен, киелі тазалықпен және асыл тектілікпен байланыстырылады.

Осылайша, қазіргі тілдерде әртүрлі омонимдер арасында контаминация және семантикалық қайта бөлініс жүрген. Ең тұрақтысы – түс мағынасы (Kök VI), ал «аспан» мағынасы (Kök I) барлық тілде сақталған, бірақ әртүрлі белсенділік дәрежесінде. Ең архаикалық «еркін, асыл» мағынасы (Kök III) тарихи және эпикалық лексикада мәдени-маркерленген компонент ретінде сақталған.

Көк түркі көшпелі дүниетанымында аспан, кеңістік, еркіндік және руханилық (тәңір) ұғымдарының символына айналды. Аспанның тазалығы моральдық құндылықтың белгісі болды. Қаз: «Көк Тәңірге сыйынып, жалбарынған...» (Бабалар сөзі, 2004). Әз: «Göy verirсә, yer alır, göy istәsә yer çalır» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Сирэм күөх оттоох эбит...» (Олонхо жыры) (SakhaCorpus, 2026).

Кесте 1. Табиғи орта, кеңістік және уақыт.

Table 1. Natural environment, space, and time.

Таблица 1. Природная среда, пространство и время.

№	Ежелгі түбір	Семантикалық өзгеріс түрі	Қазақ тілі	Саха (якут) тілі	Әзербайжан тілі	Өзгерістің мәдени-тарихи түсіндірмесі
1	Su	Сақталу	Су	уу	Su	Тіршіліктің тұрақты негізі. Консервативті лексика.
2	Kün	Сақталу	Күн	Күн	Gün	Уақыт пен табиғи циклдердің тұрақтылығы.
3	Taş	Сақталу	Тас	Таас	Daş	Табиғи ортаның тұрақты элементі.
4	Kök	Кеңею (метафоралану)	Көк	Күөх	Göy	Физикалық нысаннан мәдени-рухани ұғымға ауысу.

Жиынтық: бұл топтағы лексемалардың басым бөлігі өздерінің бастапқы номинативтік мағынасын сақтаған. Алайда, *kök* («көк/аспан») және *yol* («жол») түбірлерінде байқалған семантикалық кеңею ерекше назар аударарлық; олар нақты табиғи-кеңістіктік ұғымдардан бастау алып, түркілердің дүниетанымдық концептілеріне айналды.

2. Көшпелі шаруашылық және материалдық мәдениет лексикасы

Түркі өркениетінің экономикалық тірегі – мал шаруашылығы және онымен тікелей байланысты заттардың атаулары. Бұл саланың лексикасы да аса тұрақты, бірақ онда нақты тарихи-шаруашылық контекстке бейімделу нәтижесінде пайда болған семантикалық тарылу да кездеседі.

ат («жылқы»): Көне түркі сөздігінде ат лексемасының негізгі мағынасы – «жылқы, ат» деп көрсетілген. Мысал ретінде келтірілген үзінді көне түркілердің шаруашылық өмірінде жылқының көлік ретіндегі маңызды рөлін көрсетеді: *antağ uluğ ölüg barğu tüştü kim jüklämäkkä keltürmäkkä at qağatır ud azliq boldi* «соншама көп олжа түсті, оны тиеп жеткізуге ат, қашыр және өгіз жетіспеді» (Наделяев, 1969: 65).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема негізгі мағынасын толық сақтаған.

Жылқы – түркі көшпелі мәдениетінің орталық элементі, қозғалыстың, байлықтың, күш пен әскери қуаттың символы. Оның атауының тұрақтылығы осы архетиптік рөлмен

түсіндіріледі. Қаз: «Ат мінгізу – сый жасаудың төресі» (Қайдар, 2013). Әз: «*Bədbəxtin ati çox getməz*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Дьураа хара ат баара...» (Олонхо жыры) (SakhaCorpus, 2026).

mal («мал, мүлік»): Көне түркі сөздігінде *mal* лексемасы араб тілінен енген сөз ретінде көрсетілген және «мүлік, меншік, байлық» деген негізгі мағынаға ие. Мысал ретінде келтірілген *qul ol malğa mali añar erklig ol* «ол өз мүлкінің құлы, оның мүлкі оған ие» деген сөйлем адам мен оның мүлкі арасындағы күрделі қатынасты, байлықтың адамды құл ету қаупін бейнелейді (Наделяев, 1969: 335).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема семантикалық өзгерістерге ұшыраған: қазақ тілі (мал): мағынаның тарылуы байқалады – жалпы «мүлік, байлық» мағынасы нақты «ірі қара малға» ауысқан. Мысалы: *mal baғу*, *mal шаруашылығы*. Бұл қазақ қоғамында малдың экономикалық және әлеуметтік рөлінің ерекше маңызды болуымен түсіндіріледі. Әзербайжан тілі (*mal*): көне жалпылама мағынасы сақталған – «байлық, мүлік, тауар». Мысалы: *mal-dövlət* «байлық-дәулет», *mal sahibi* «мүлік иесі». Сонымен қатар «мал» (жануар) мағынасы да бар. Саха тілі (мал): негізінен «зат, мүлік» мағынасында қолданылады.

Бұл мысал – этномәдени контекстке байланысты семантикалық мамандандудың айқын көрінісі. Қазақ тілінде мағынаның тарылуы мал шаруашылығының дәстүрлі қоғамдағы басым рөлімен түсіндіріледі, ал әзербайжан және саха тілдерінде жалпылама мағына сақталған.

Қаз: «Мал атаған, шапан жауып, күміс жүзік таққан...» (Қайдар, 2013). Әз: «*Mal uğınsa ağıl uıǵ*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Халын мал кини күүһүргүүрүн төрүт билиммэтэ» (Леди Муус, 2011).

süt («сүт»): Көне түркі сөздігінде *süt* лексемасының негізгі мағынасы – «сүт» деп көрсетілген. Мысал ретінде келтірілген *qimiz süt ja jün jaǵ joǵurt qurut* «қымыз, сүт не жүн, май немесе йогурт, құрт» деген тіркес көне түркілердің шаруашылығындағы негізгі өнімдердің тізбесі болып табылады. Бұл жерде сүт басқа сүт өнімдерімен (қымыз, йогурт, құрт, май) қатар тұрып, көшпелі мал шаруашылығының негізгі тағамдық ресурсы ретінде көрінеді (Наделяев, 1969: 518).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема негізгі мағынасын толық сақтаған және жоғары семантикалық тұрақтылық танытады.

Сүт – көшпелілердің негізгі қорек көзі, аналық пен қамқорлықтың символы. Дәстүрде сүт өнімі кең қолданған, оны «ақ» деп атап, маңызды символикалық қызметін атқарған. «Ел ішінде «ақты төкпе», «ақты аттама», «ақ алып шығу», «үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығару», «ақтан ауыз тигізу» сияқты халық дәстүрінде бұлжымас заң, белгіленген жол-жоралғы болған» (QazCorpus, 2026). Әз: «*Süd verän inäyi käsməzlər*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Ол аңардас ынах үүтүнэн эрэ олоруохпут дуо?» (SakhaCorpus, 2026).

kümüš («күміс»): Көне түркі сөздігінде *kümüš* лексемасының негізгі мағынасы – «күміс, күміс ақша» деп көрсетілген. Күлтегін ескерткішінен алынған *bir tümän aǵı altun kümüš kergäksiz kelürti* «олар он мың сыйлық және сансыз алтын мен күміс әкелді» деген мысал көне түркілерде күмістің байлық пен сый-сияпаттың маңызды өлшемі болғанын көрсетеді. Алтынмен қатар тұруы оның жоғары құндылығын дәлелдейді (Наделяев, 1969: 326).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема негізгі мағынасын толық сақтаған.

Күміс – дәстүрлі байлықтың, сауда мен айырбастың, сондай-ақ әлеуметтік бедел мен мәртебенің символы, ақша эквиваленті. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде күміс тазалықтың символы ретінде бағаланады. Қаз: «Ақ күміс тегенеге қымыз толса» (Бабалар сөзі, 2006). Әз: «*Söz gümüş olsa, sükut qızıldır*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Үрүн көмүс дыбарыас иһигэр үөрүү-көтүү буолар» (SakhaCorpus, 2026).

yoġ («жол»): Көне түркі сөздігінде (Наделяев, 1969: 270) *joġ* лексемасы үш негізгі лексика-семантикалық нұсқада (ЛСН) берілген: 1. Жол – нақты физикалық жол, бағыт: *kögmän jolï bir ermïš* «Көгменге баратын жол біреу екен» (Тонькөк ескерткіші). Бұл мағынада жол географиялық кеңістікті игерудің, көші-қон мен сауда жолдарының негізгі ұғымы ретінде көрінеді. 2. Жол, жолда болу, сапар – жүріс-тұрыс, сапарлау процесі: *joġ oġur bolsun* «жолың болсын!» (Махмуд Қашқари). Бұл тіркес көне түркілердің салт-дәстүрінде жолаушыға айтылатын бата, тілек ретінде қалыптасқан. 3. Өмір сүру жолы, тіршілік ету тәсілі – діни-философиялық мағынада: *sen üč jolï inča ter aġjïl* «сен үш жол туралы былай деп айт» (манихей мәтіндерінен). Бұл жерде жол будда/манихей іліміндегі адамның өмірдегі таңдау жолдарын, өмір сүру тәсілдерін білдіреді.

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема барлық үш мағынаны сақтап, қосымша метафоралық мәндерге ие болған.

Бұл өзгеріс нақты кеңістік ұғымынан абстрактілі-философиялық концептіге ауысуды білдіреді. Көшпелі түркі тайпалары үшін нақты физикалық жол – бұл өмір сүру, көшу, сауда және қауымдастықтың негізі. Бұл тұрмыстық тәжірибенің қатарынан «өмір жолы», «тағдыр» (жолы болу/болмау) және тіпті «әдіс, тәсіл» сияқты метафоралық мағыналар пайда болды. Қаз: «Ақ жол тілеп, оң батасын берген...» (Қайдар, 2013). Әз: «*Yoldaşın uaxşı olsa, uzun yoġ uaxın olar*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Ол суол саха тыллаахха барытыгар туһалаах» (Яковлев, 1993).

Кесте 2. Көшпелі шаруашылық және материалдық мәдениет.

Table 2. Nomadic economies and material culture.

Таблица 2. Кочевое хозяйство и материальная культура.

№	Ежелгі түбір	Семантикалық өзгеріс түрі	Қазақ тілі	Саха (якут) тілі	Әзербайжан тілі	Өзгерістің мәдени-тарихи түсіндірмесі
1	At	Сақталу	Ат	Ат	At	Көшпелі мәдениеттің орталық символикасы.
2	Mal	Тарылу (каз. тіл.)	Ма	Мал (зат)	Mal	Экономикалық мамандану: жалпы терминнен нақты шаруашылық терминіне өту.
3	Süt	Сақталу	Сүт	Үүт	Sü	Негізгі қоректік ресурстың тұрақтылығы.
4	Kümüş	Сақталу	Күміс	Көмүс	Gümüş	Дәстүрлі байлық пен құндылықтың тұрақтылығы.

5	Yol	Кеңею	Жол (тағдыр, әдіс)	Суол (жол, із)	Yol	Көшпелі дүниетанымның негізгі символы
---	-----	-------	--------------------------	-------------------	-----	--

Жиынтық: 4 түбірдің 3-і (75%) сақталған, бұл осы шаруашылық саласының лексикалық яд-росының тұрақтылығын растайды. *mal* түбіріндегі тарылу – этномәдени контекстке бейімделудің тамаша үлгісі.

3. Адам, қоғам және әлеуметтік қатынастар лексикасы

Бұл топ адамға, оның қоғамдағы орнына, туыстық және билік қатынастарына қатысты түбірлерді қамтиды. Бұл топта семантикалық тарылу, архаизация және прагматикалық өзгерістер жиі кездеседі.

kişi («адам, кісі»): Көне түркі сөздігінде *kişi* лексемасы екі негізгі лексика-семантикалық нұсқада (ЛСН) берілген: 1. Адам, адамзат, адамға тән – жалпылама мағына: *bilig bilmaz kişi* «білімсіз адамдар» (Күлтегін ескерткіші). Бұл мағынада сөз адамды жалпы тіршілік иесі, қоғам мүшесі ретінде білдіреді. 2. Әйел, жұбай – тар мағынада, отбасылық қатынастар контекстінде: *oğlanin kişisin tutuğ urupan* «ұлы мен әйелін бәске тігіп» (ThS II 43). Бұл мағына көне түркі қоғамында әйелдің отбасындағы орнын және оның құндылығын көрсетеді (Наделяев, 1969: 310).

Қазіргі түркі тілдерінде бірінші мағынасы тұрақты. Бұл қоғамдық қатынастардың негізгі субъектісін білдіретін іргелі антропологиялық термин. Қаз: «Кісі жоқ ақылдасар жолдасына...» (Бабалар сөзі, 2004). Әз: «*Kişinin sözü bir olar*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026).

ağa/aqa («әке, үлкен туыс»): Көне түркі сөздігінде *aqa* лексемасы «аға, үлкен аға» деген мағынада берілген. Мысал ретінде келтірілген *men titsu aqam arçuq bilä ajtisip* «мен, Тытсу, ағам Арчукпен келісіп» деген сөйлем көне түркілерде туыстық қатынастардың маңыздылығын және ағаның отбасындағы беделді орнын көрсетеді (Наделяев, 1969: 48).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема семантикалық өзгерістерге ұшыраған:

Қазақ тілінде тек «үлкен аға» мағынасында қалса, якут тілінде қосымша «әке» мағынасын (*аҕа*), әзербайжан тілінде «құрметті адам, үлкен» мағынасын (*аға*) сақтаған. Бұл туыстық және иерархиялық терминологияның әр тілдік ортада дифференциациясын көрсетеді. Қазақ мәдениетінде ағаның маңыздылығын көптеген мақалмен білдірген: «ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без, аға тұрып, іні сөйлегеннен без», «ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңлі өсер», «ағаның үйі ақ жайлау». «Қазақта ағаны өзінен үлкен деп сыйлап, құрметтеуге байланысты «аға тұтты» деп айту қалыптасқан» (QazCorpus, 2026). Әз: «*Səp ağa, mən ağa, inəkləri kim sağa*» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «*аас аҕата, иринньэх ийэтэ*» (якут мақалы).

beg («билеуші, бек»): Көне түркі сөздігінде *beg* лексемасы екі негізгі лексика-семантикалық нұсқада (ЛСН) берілген: 1. Билеуші, көсем, бек, князь; мырза – әлеуметтік-саяси мағына: *alti bağ bodunqa beg ertim* «алты бағ халқына мен бек (билеуші) болдым». Бұл мағынада сөз әскери-тайпалық ақсүйектер өкілін, билеуші элитаны білдіреді. 2. Күйеу, жұбай – отбасылық-некелік қатынастар контекстінде: *javlaq tilliğ begdän kerü jalñus tul jeg* «жаман тілді күйеуден гөрі жалғыз жесір қалған артық». Бұл мағына отбасындағы ер адамның басшылық рөлін көрсетеді (Наделяев, 1969: 91).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема әртүрлі дамыған: қазақ тілінде жоғалып кеткен, әзербайжан тілінде сақталған, бірақ бастапқы «хан сарайының өкілі» мағынасынан жалпы «мырза, жігіт» мағынасына (бәу) өзгерген. Бұл нақты саяси титулдың тарихи сәулетінің жойылуын және оның қалдықтық құрметтеу сөзіне айналуын көрсетеді. Қаз: «Бектердің ұрпағы болсын, игі жолды жалғастырсын деп ниеттенген...» (Бабалар сөзі, 2004). Әз: «Gədadan bəu olmaz» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026).

bala («бала»): Көне түркі сөздігінде bala лексемасы «жануардың баласы, төл; құстың балапаны» деген мағынада берілген. Мысал ретінде келтірілген *quş balası quşinçığ it balası oxşapçığ* «құстың баласы жиіркенішті, иттің баласы (күшік) сүйкімді» деген сөйлем көне түркілердің жануарлар әлеміне деген көзқарасын көрсетеді (Наделяев, 1969: 80).

Қазіргі зерттеліп отырған тілдерде бұл лексема мағыналық өзгерістерге ұшыраған: Қазақ тілінде адам баласына айтылуы байқалады. Қазақта «балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен әрі онымен досыңдай ақылдас» деген ғибрат сөз бар. Әзербайжан тілінде bala сөзі бірнеше мағынада қолданылады: перзент, бала; кішкентай, шағын, сәби. Әзербайжан тілінде bala сөзі өзінен кіші адамдарға да, сондай-ақ әңгімелесіп отырған адамға қаратпа сөз ретінде қолданылады. Мысалы: *Ay bala, sözə qulaq as, heyrinədir. Ay balam, mən nə bilim ki, sən belə olacaq.* Семантикасы бойынша бұл қазақ тіліндегі «айналайын» сөзіне ұқсас. Әзербайжан антропонимикасында дербес Bala есімімен қатар, құрамында Bala аты бар күрделі кісі аттары да бар. Мысалы: Balabəu, Balaxan, Balaxanım, Balabəuim және т.б. Bala есімінен тектер де қалыптасқан. Әзербайжан антропонимикасында көнерген кісі аттарының қатарына жататын Bala бүгінде негізінен тек тектер құрамында сақталған ер адам есімі болып табылады.

Кесте 3. Туыстық және әлеуметтік қатынастар.

Table 3. Kinship and social relations.

Таблица 3. Родственные и социальные отношения.

№	Ежелгі түбір	Семантикалық өзгеріс түрі	Қазақ тілі	Саха (якут) тілі	Әзербайжан тілі	Өзгерістің мәдени-тарихи түсіндірмесі
1	Kişi	Сақталу	Kişi	Киһи	Kişi	Қоғамдық қатынастардың негізгі субъектісі.
2	Ağa	Тарылу/ Нақтылану	Аға	Аҗа (әке)	Ağa	Туыстық терминнің әр тілдік ортадағы дифференциациясы.
3	Beg	Архаизация/ Функц. өзг.	– (жоғ.)	–	Вәу (мырза)	Саяси институттардың эволюциясы: титулдан құрметтеу сөзіне ауысу.
4	Bala	Прагмат.кеңею (әз.)	Бала	–	Bala	Сөздің эмоционалдық-прагматикалық қызметінің күшеюі.

Жиынтық: бұл топта тек *kişi* түбірі толық сақталған. Қалғандары әлеуметтік құрылымның тарихи динамикасына байланысты тарылу, архаизация немесе

прагматикалық өзгерістерге ұшыраған. Бұл әлеуметтік лексиканың өзгермелі табиғатын айқын көрсетеді.

4. Рухани мәдениет және дүниетаным лексикасы

Бұл топ түркі халықтарының рухани өмірі мен дүниені түсіну модельдерін құрайтын іргелі концептілерді білдіретін лексемаларды қамтиды.

til («тіл»): Көне түркі сөздігінде *til* лексемасы үш негізгі лексика-семантикалық нұсқада (ЛСН) берілген: 1. Анатомиялық тіл – дене мүшесі ретінде: *tilin jalap* «тілімен жалап». Бұл мағынада сөз адам мен жануардың дене мүшесін білдіреді. 2. Қарым-қатынас құралы ретіндегі тіл – сөйлеу, хабарлау қабілеті, белгілі бір халықтың тілі: *kişi tilni bilsä bilür ma'nisin* «адам тілді білсе, оның мағынасын түсінеді». Бұл мағынада тіл адамдар арасындағы байланыстың негізгі құралы ретінде көрінеді. 3. Ауыспалы мағына: тұтқын («тіл») – әскери термин ретінде, жау туралы мәлімет алу үшін ұсталған адам: *qatiglanğu ašnu til alğu keräk / bu tildin jağı qilqi bilgü keräk* «тырысу керек, алдымен тіл (тұтқын) алу керек / осы тілден (тұтқыннан) жауыңның әрекетін білу керек» (ҚБҚ 126). Бұл метафоралық қолданыс тілдің ақпарат көзі ретіндегі қызметіне негізделген (Наделяев, 1969: 559).

Сөйлеудің және тұтас қоғамдық коммуникацияның негізгі құралы ретінде оның атауы аса маңызды. Саха тілінде тіл ұғымы семантикалық кеңеюге ұшырап, жалпы «сөз» мағынасын да қамтыды, бұл тілдік мәдениетке ерекше көзқарасты көрсетеді. Қаз: «Тіл-көзден сақтасын...» (Бабалар сөзі, 2005). Әз: «Dilini saxlayan, başını saxlar» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «кэһиллибэт кэс тыл» (якут мәтелі).

baş («бас»): Көне түркі сөздігінде *baş* лексемасы тоғыз негізгі лексика-семантикалық нұсқада (ЛСН) берілген. Бұл – түркі тілдеріндегі ең көп мағыналы лексемалардың бірі: 1. Бас – дене мүшесі: *qamus ara basım* «қамыс арасындағы басым». 2. Жауапкершілік (ауыспалы): *joq jitiğ s meñ čintsu sila başıña bolur* «егер шығын болса, бұл менің жауапкершілігімде болады». Бұл мағына бастың денедегі басты мүше ретіндегі рөліне негізделген метафора. 3. Бас жақ: *tünägü orun başınta* «түнейтін орынның бас жағына». Кеңістіктік мағына. 4. Мойын, ауыз (ыдыстың) – ыдыстың жоғарғы бөлігі: *ivriq başi qazlaju* «құмыраның мойны қаздың мойнындай». 5. Масақ, шоқ, шашақ (өсімдіктердің) – өсімдіктің жоғарғы жеміс беретін бөлігі: *qonaq başi sedraki jeg* «тарының масағы сирек болғаны жақсы». 6. Төбе, шың – таудың ең биік нүктесі: *tağlar başi ilärdi* «таулардың шыңдары көрінді». 7. Бастау – өзеннің басталатын жері: *edgülikni suv adaqında qemiş başında tilä* «жақсылықты өзеннің сағасына таста, оны бастауында ізде» (философиялық мағына). 8. Басшы, көсем, бастық – әлеуметтік статус: *onar erkä bir bir er aniñ başi urti* «он адамға бір адамды басшы етіп қойды». 9. Бас (бастама, басталу) – уақыттық мағына: *bu irq basinta az emgäki bar* «бал ашудың басында аздап қиындық бар» (Наделяев, 1969: 86).

Физиологиялық мағынасын сақтағанымен, бұл түбір метафоралық кеңеюдің тамаша үлгісі болып табылады. Адам денесінің ең жоғарғы бөлігінің атауы әлеуметтік және рухани басымдық ұғымымен («бас – билік / басшылық») байланыстырылды, нәтижесінде «басшы», «бастау», «ақыл» сияқты мағыналар пайда болды. Қаз: «Бас-көз бол...» (Бабалар сөзі, 2005). Әз: «Baş olmayan gövdə leşdir» (әзербайжан мақалы) (Sozler.im, 2026). Якут: «Мин бэйэбэр бэйэм баспын» (SakhaCorpus, 2026).

jüräk («жүрек»): Көне түркі сөздігінде *jüräk* лексемасы «жүрек» деген негізгі мағынада берілген. Енисей ескерткішінен алынған *alp qolum erdäm jüräkim* «батыр қолдарым,

ер жүрегім» деген мысал жүректің тек анатомиялық мүше ғана емес, сонымен бірге батылдық, ерлік, рухани күш символы ретінде қолданылғанын көрсетеді. Бұл морфема да метафоралық кеңею арқылы терең трансформацияға ұшырады. Дененің орталық мүшесінің атауы адамның эмоционалды-моральдық орталығының («жан»), сондай-ақ ерлік пен қажырлылықтың («батылдық») символына айналды. Қаз: «Жүрегі жылы, көкірегі ояу, көзі ашық болсын деген...» (Бабалар сөзі, 2005). Әз: «Gecə ikən bir qadının təkbaşına ormana getməsi böyük bir ürək və cəsarət istər» (AZLEKS, 2026). Якут: «эһэ тынырабынан, эр сүрэбинэн» (якут мәтелі) (Наделяев, 1969: 286).

Кесте 4. Рухани мәдениет және дүниетанымды білдіретін сөздер.

Table 4. Words expressing spiritual culture and worldview.

Таблица 4. Слова, выражающие духовную культуру и мировоззрение.

№	Ежелгі түбір	Семантикалық өзгеріс түрі	Қазақ тілі	Саха (якут) тілі	Әзербайжан тілі	Өзгерістің мәдени-тарихи түсіндірмесі
1	Til	Сақталу/ Кеңею (ах.)	Тіл	Тыл (тіл, сөз)	Dil	Адам мен қоғам арасындағы байланыстың негізгі құралы. Саха тілінде мағынаның «сөз» дегенге дейін кеңеюі тілдік мәдениетке ерекше құрметті көрсетеді.
2	Baş	Кеңею, метафоралау	Бас (басшы, бастау)	Бас (жетекші, ақыл)	baş (басшы)	Физикалық биіктік пен басымдық ұғымынан элеуметтік билік пен басшылық идеясына ауысу («бас – билік» моделі).
3	Jüräk	Кеңею, метафоралану	Жүрек (жан, батылдық)	Сүрэх (жүрек, күш)	Urək (батылдық)	Орталық мүшенің атауынан эмоционалды-моральдық орталықтың («жан»), сондай-ақ ерлік пен батылдықтың символикалық бейнесіне айналу.

Бұл топ түркі тілдеріндегі семантикалық дамудың ең динамикалық саласы болып табылады, онда физикалық дүниені білдіретін сөздер метафора арқылы күрделі рухани және элеуметтік ұғымдарды бейнелейтін концептілерге айналады.

Нәтижелер

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде 16 ежелгі түркі түбірінің семантикалық эволюциясының сандық және сапалық көрсеткіштері анықталды. Талданған материалды төрт семантикалық-тақырыптық өріске бөлу семантикалық өзгерістердің таралуы мен сипатын анықтауға мүмкіндік берді. Әр халықтың тіліндегі лексикалық

қорды құрайтын бұл түбірлер түркі халықтарының салт-дәстүрінде кең қолданылып, сөздік қордың мағыналық топтарын құрай отырып, этнографиялық лексика қорына да қызмет етеді.

Өзгеріс түрлерінің таралуы және салыстырмалы сипаттама. Этнографиялық лексика-каның негізін қалайтын түбір сөздер тура және ауыспалы мағынаға ие болады. Оның негізгі номинативті мағынасынан алшақтамайтынын көреміз. Контекстте әр түбір тікелей мағыналық қызметін сақтайды деп тұжырымдауға болады. Яғни, талданған 16 түбірдің шамамен жартысынан астамы (9 түбір немесе 56,3%) негізгі номинативтік мағынасын сақтаған (*ат, су, күн, сүт, күміс, тас, кісі, бала, тіл*). Қалған 7 түбір (43,7%) әртүрлі дәрежеде семантикалық өзгеріске ұшыраған. Ең жиі кездесетін өзгеріс түрі — **мағынаның кеңеюі** (4 түбір немесе 25%), одан кейін бірдей дәрежеде метафоралануы (2 түбір немесе 12,5%) және архаизациялануы (2 түбір немесе 12,5%).

Тілдер аралық салыстыру. Әр тіл өзгерістерді әртүрлі қабылдаған. Қазақ тілі ең көп санында өзгерістерді көрсетеді (7), оның ішінде мағыналық кеңею, тарылу, метафоралануы, ауыспалы мәнге ие болуы (*мал, аға*), архаизациялану да (*бек*) басым, бұл көшпелі қоғамның нақтыланған шаруашылық-әлеуметтік қажеттіліктерін білдіреді. Әзербайжан тілі негізгі лексиканың жоғары тұрақтылығын көрсетіп, өзгерістер негізінен сөйлеу этикетіне байланысты (*бала, бәй*). Саха тілі де консервативті, бірақ онда басқа тілдерде байқалмайтын өзіндік семантикалық кеңею мысалы бар (*тіл*), бұл оқшау ареалдың әсерін көрсетеді.

Семантикалық өрістер бойынша негізгі тенденция. Алынған деректерді жүйелеу лексикалық ядроның тұрақтылығын және өзгерістердің жүйелі сипатын айқын көрсетеді:

Табиғи орта, кеңістік және уақыт лексикасы (су, күн, тас, көк, жол): Бұл топта базалық семантиканың сақталуы басым (5 түбірдің 3-інде, 60%). Өзгерістер тек метафоралық кеңею түрінде (*көк, жол*) және барлық үш тілде бірдей байқалады, бұл осы ұғымдардың түркі дүниетанымындағы ортақ символдық мәнін растайды.

Көшпелі шаруашылық және материалдық мәдениет лексикасы (ат, мал, сүт, күміс): Ядролық шаруашылық терминологиясы аса тұрақты (4 түбірдің 3-інде сақталу, 75%). Жалғыз ерекшелік – *мал* түбіріндегі семантикалық тарылу – қазақ қоғамы үшін малдың таптық экономикалық рөлінің нәтижесінде болған этномәдени мамандануды көрсетеді.

Адам, қоғам және әлеуметтік қатынастар лексикасы (кісі, аға, бек, бала): Бұл топта өзгерістердің әртүрлілігі басым: сақталу (25%), тарылу (25%), архаизация (25%) және прагматикалық өзгеріс (25%). Бұл әлеуметтік институттардың (билік, туыстық) тарихи эволюциясына тілдің жоғары сезімталдығын көрсетеді.

Рухани мәдениет және дүниетаным лексикасы (тіл, бас, жүрек): Бұл топ семантикалық инновациялардың эпицентрі болып табылады. Мұнда сақталу тек бір түбірде (*тіл*) байқалса да, оның да саха тілінде кеңеюі бар. Түбірлердің 66%-ы (*бас, жүрек*) дәл метафоралық кеңею механизмі арқылы дамыды. Бұл түркі тілдерінде абстракттілі және эмоционалдық ұғымдардың қалыптасуының негізгі жолы екенін айқын дәлелдейді.

Осылайша, алынған статистика түркі лексикалық қорының тұрақтылығын растағанымен, әрбір этнографиялық санаттың өзіндік тарихи тағдыры мен даму динамикасы бар екенін көрсетеді: табиғи-шаруашылық негіз тұрақты, әлеуметтік құрылым өзгермелі, ал рухани мәдениет – креативті. Бұл заңдылық түркі тілдеріндегі

семантикалық процестердің кездейсоқ емес, жүйелі сипаттағы мәдени-тарихи құбылыс екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Бұл жұмыс қазақ, якут және әзербайжан тілдеріндегі этнографиялық лексиканың семантикалық тарихын салыстыруға арналды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, көне түркі түбірлерінің мағыналық эволюциясы олардың бейнелейтін нақты мәдениет салаларымен тікелей байланысты және осы салалардың тарихи тағдырын айқын көрсетеді.

Біріншіден, материалдық мәдениет пен тұрмыстық тәжірибе саласындағы лексика ең тұрақты болып шықты. Табиғи орта (су, күн, тас) және көшпелі шаруашылықтың негізгі терминдері (ат, сүт) өз мағынасын сақтап қалды. Бұл осы реалиялардың түркі өмір салтының өзгермейтін тірегі болғанын дәлелдейді. Осы саладағы өзгерістер (мал, көк, жол) де мәдени тәжірибенің тереңдеуімен байланысты: жалпы терминнің нақты мағынаға тарылуы немесе нақты нысанның тағдыр, биік рух сияқты символдарға айналуы.

Екіншіден, әлеуметтік құрылым мен институттарға қатысты лексика ең динамикалық болды. Билік пен туыстық терминдері (аға, бек) тарихи өзгерістерге байланысты мағынасын тарылтты, жоғалтты немесе функциясын өзгертті. Бұл тілдің әлеуметтік өзгерістерге қалай бейімделетінін және оларды қалай бейнелейтінін көрсететін айқын дәлел.

Үшіншіден, рухани мәдениет пен дүниетаным саласында семантикалық дамудың негізгі механизмі метафора болып табылды. Адам денесінің бөліктерінің атаулары (бас, жүрек) әлеуметтік билік пен ішкі сезімдер сияқты күрделі түсініктерді білдіру үшін қолданылды. Бұл түркілердің рухани өмірін ұйымдастырудағы денелік-материалдық тәжірибелердің қаншалықты маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Осылайша, зерттеу этнографиялық лексиканың семантикасы тек лингвистикалық құбылыс емес, сонымен бірге мәдениет тарихының дереккөзі екенін дәлелдеді. Тілдік өзгерістер арқылы біз түркі халықтарының табиғи ортамен, шаруашылықпен, әлеуметтік құрылыммен және рухани дүниені түсінуімен қарым-қатынасының эволюциясын бақылай аламыз. Бұл тәсіл түркітануда этнографиялық лексиканы зерделеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады және тіл мен мәдениеттің өзара байланысын тереңірек түсінуге негіз береді.

Әдебиет

Апресян Ю.Д., 1974. Лексическая семантика: Синонимические средства языка. Москва: Наука. 366 б.

Әлімбаев Н., 2011. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. Т. 1: А-Д. Алматы : DPS. 735 б.

Бабалар сөзі, 2004. 100 томдық. Т. 10: Діни дастандар. Астана: Фолиант. 360 б.

Бабалар сөзі, 2004. 100 томдық. Т.33: Батырлар жыры. Астана: Фолиант. 364 б.

Бабалар сөзі, 2005. 100 томдық. Т. 16: Діни дастандар. Астана: Фолиант. 328 б.

Бабалар сөзі, 2005. 100 томдық. Т. 19: Ғашықтық дастандар. Астана: Фолиант. 328 б.

- Бабалар сөзі, 2005. 100 томдық. Т. 22: Ғашықтық дастандар. Астана: Фолиант. 304 б.
- Бабалар сөзі, 2006. 100 томдық. Т. 28: Тарихи жырлар. Астана: Фолиант. 367 б.
- Баскаков Н. А., 1969. Введение в изучение тюркских языков. Москва: Наука. 383 б.
- Дыбо А.В., 2013. Этимологический словарь базисной лексики тюркских языков. Астана: Тюркская Академия. 616 б.
- Ескеева М.Қ., 2022. Сары ұйғыр тіліндегі мақал-мәтелдер. *Turkic Studies Journal*, 4(2), 56-71. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-56-71>
- Кононов А. Н., 1980. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. Ленинград: Наука. 254 б.
- Қайдар Ә., 2013. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). 3-том: Табиғат. Алматы: Сардар. 607 б.
- Құсайынов А. Қ., 2017. Қазақ этнографиясының 6 тілді қысқаша сөздігі. Краткий казахский этнографический словарь на 6 языках. А. Қ. Құсайынов, М. Х. Жақыпов, Ә. Жүнісбек. Алматы: Rond&A. 301 б.
- Леди М., 2011. Ахтылбан: роман. Ч. 1. Якутск: Бичик. 377 б.
- Наделяев В.М., 1969. Древнетюркский словарь. Ленинград: Наука. 677 б.
- Пекарский Э.К., 1959 Словарь якутского языка. 2-е изд. Ленинград: АН СССР. 970 б.
- Поливанов Е. Д., 1986. Мутационные изменения в звуковой истории языка. Статьи по общему языкознанию. Москва: Наука. 376 б.
- Севортян Э.В., 1974. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука. 767 б.
- Слепцова П.А., 2006. Толковый словарь якутского языка (Буквы Г, Д, ДЬ, И). Новосибирск: Наука. 844 б.
- Шаймердинова Н.Ф., 2022. Көне түркі руникалық мәтіндеріндегі қосымшалардың сөзжасамдық әлеуеті. *Turkic Studies Journal*. 3. Б. 118-127.
- Щербак А. М., 1977. Очерки по сравнительной грамматике тюркских языков (Лексика). Ленинград: Наука. 191 б.
- Яковлев В.С.-Далан, 1993. Тыгын Дархан. Якутск: Бичик. 509 б.
- Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2006 (4 cildə). Bakı: Şərq-Qərb.
- AZLEKS, 2026. Әзірбайжандық электрондық лексикографиялық сөздік [Электрондық ресурс] <https://azleks.az/>. (қаралған күні: 04.02.2026).
- Clauson G., 1972. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford: Clarendon Press. 988 б.
- Doerfer G., 1963. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag. 557 б.
- Нәсәнли-Ғәрибова Ғ.Р., 2015. XI-XII әсләр түрк дилләринин этнографик лексикасы. Bakı: Azərbaycan Milli Elmlər Akademiyası. 325 б.
- Johanson L., 1998. "The Turkic Language Family". In *The Turkic Languages*. London: Routledge. 512 б.
- Naskali Emine G., Mustafa Ғ., 1997. Türk Dünyası El Kitabı. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 778 б.
- QazCorpus, 2026. Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электрондық ресурс] <https://qazcorpus.kz/>. (қаралған күні: 03.02.2026).
- Räsänen M., 1969. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura. 533 б.

SakhaCorpus, 2026. Национальный корпус якутского языка [Электронный ресурс] <https://sakha-corpus.ysn.ru/>. (дата обращения: 03.02.2026).

SakhaLang, 2025. «Якутский язык: электронная информационная система». <https://igi.ysn.ru/sakhalang> (дата обращения: 09.12.2025).

Sozler.im, 2026. Sozler.im: Azerbaijan Proverbs and Idioms. <https://www.sozler.im>. (дата обращения: 03.02.2026).

Tekin T., 1968. A Grammar of Orkhon Turkish. Bloomington: Indiana University. 419 с.

Uğurlu M., 2004. “Türk Lehçeleri Arasında Kelime Eş Değerliği.” Bilig №29. 12 с.

Reference

Apresyan Yu. D., 1974. Leksicheskaya semantika: Sinonimicheskie sredstva yazyka [Lexical Semantics: Synonymic Means of the Language]. Moscow: Nauka. 366 p. [in Russian].

Alimbai N., 2011. Qazaqtynn etnografialyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi: entsiklopediia [The Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Names: Encyclopedia]. Vol. 1: A-D. Almaty: DPS. 735 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2004. 100-volume series. Vol. 10: Dini dastandar [Religious Dastans]. Astana: Foliant. 360 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2004. 100-volume series. Vol. 33: Batyrlar jyry [Heroic Epics]. Astana: Foliant. 364 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2005. 100-volume series. Vol. 16: Dini dastandar [Religious Dastans]. Astana: Foliant. 328 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2005. 100-volume series. Vol. 19: Gashyqtyq dastandary [Love Dastans]. Astana: Foliant. 328 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2005. 100-volume series. Vol. 22: Gashyqtyq dastandary [Love Dastans]. Astana: Foliant. 304 p. [in Kazakh].

Babalar Sözi, 2006. 100-volume series. Vol. 28: Tarikhi jyrlar [Historical Epics]. Astana: Foliant. 367 p. [in Kazakh].

Baskakov N. A., 1969. Vvedenie v izuchenie tyurkskikh yazykov. [Introduction to the Study of Turkic Languages]. Moscow: Nauka. 383 p. [in Russian].

Dybo A.V., 2013. Etimologicheskiy slovar' bazisnoy leksiki tyrkskikh yazykov. [Etymological Dictionary of the Basic Lexicon of Turkic Languages]. Astana: Turkic Academy. 616 p. [in Russian].

Yeskeyeva M.K., 2022. Sary üiğyr tilindegi maqal-mätelder. [Proverbs and sayings in Sary (Yellow) Uighur language]. Turkic Studies Journal. 4(2). P. 56-71. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-56-71>

Kononov A. N., 1980. Grammatika yazyka tyurkskikh runicheskikh pamyatnikov VII–IX vv. [Grammar of the Language of Turkic Runic Inscriptions of the 7th–9th Centuries]. Leningrad: Nauka. 254 p. [in Russian].

Qaidar A., 2013. Qazaqtar ana tili äleminde (étnolingvistikalıyq sözdik). [Kazakhs in the World of the Native Language (Ethnolinguistic Dictionary)]. Vol. 3: Nature. Almaty: Sardar. 607 p. [in Kazakh].

Qusaiynov A.K., 2017. Qazaq etnografiasynyn 6 tildi qysqasha sozdigi. [Concise Kazakh Ethnographic Dictionary in 6 Languages]. Almaty: Rond&A. 301 p. [in Kazakh].

Lady M., 2011. Akhtylğan: A Novel. Part 1. Yakutsk: Bichik. 377 p. [in Yakut].

Nadelyaev V.M, 1969. Drevnetyurkskiy slovar' [Old Turkic Dictionary]. Leningrad: Nauka. 677 p. [in Russian].

Pekarsky E.K, 1959. Slovar' yakutskogo yazyka (2-e izd.). [Dictionary of the Yakut Language (2nd ed.)]. Leningrad: USSR Academy of Sciences. 970 p. [in Russian].

Polivanov E. D., 1986. Mutatsionnye izmeneniya v zvukovoy istorii yazyka. In: Statyi po obshchemu yazykoznaniyu. [Mutational Changes in the Sound History of the Language. In: Articles on General Linguistics]. Moscow: Nauka. 376 p. [in Russian].

Sevortyan E.V., 1974. Etimologicheskiy slovar' tyurkskikh yazykov. [Etymological Dictionary of Turkic Languages]. Moscow: Nauka. 767 p. [in Russian].

Sleptsova P.A., 2006. Tolkov slovar' yakutskogo yazyka (Bukvy G, D, D', I). [Explanatory Dictionary of the Yakut Language (Letters G, D, D', I)]. Novosibirsk: Nauka. 844 p. [in Russian and Yakut].

Shaimerdinova N.G., 2022. The word-formation potential of affixes in the ancient Turkic runic texts. Turkic Studies Journal. 3. P. 118-127. <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-118-127>

Shcherbak A.M., 1977. Ocherki po sravnitel'noy grammatike tyurkskikh yazykov (Leksika). [Essays on the Comparative Grammar of Turkic Languages (Lexicon)]. Leningrad: Nauka. 191 p. [in Russian].

Yakovlev V. S.-Dalan, 1993. Tygyn Darkhan. Yakutsk: Bichik. 509 p. [in Yakut].

Azərbaycan dilinin izahlı lüğəti, 2006. (4 cilddə) [Explanatory Dictionary of the Azerbaijani Language (4 vols.)]. Bakı: Şərq-Qərb. [in Azerbaijani].

AZLEKS, 2026. Azərbaycanıy elektronik leksikografıyalyq sözdik. [Azerbaijani Electronic Lexicographic Dictionary] [electronic resource]. <https://azleks.az/>. (accessed February 4, 2026). [in Azerbaijani].

Clauson G., 1972. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. Oxford: Clarendon Press. 988 p.

Doerfer G., 1963. Türkische und mongolische Elemente im Neupersischen. Wiesbaden: Franz Steiner Verlag. 557 p. [in German].

Həsənli-Qəribova Ş.R., 2015. XI-XII əsrlər türk dillərinin etnoqrafik leksikası. [Ethnographic Lexicon of the Turkic Languages of the 11th–12th Centuries]. Baku: Azerbaijan National Academy of Sciences. 325 p. [in Azerbaijani].

Johanson L., 1998. "The Turkic Language Family." In The Turkic Languages. London: Routledge. 512 p.

Naskali Emine G., Mustafa Ş., 1997. Türk Dünyası El Kitabı. Ankara: Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 778 p. [in Turkish].

QazCorpus, 2026. Qazaq tiliniñ ulttyq korpysy. [National Corpus of the Kazakh Language] [electronic resource]. <https://qazcorpus.kz/>. (Accessed: February 3, 2026). [in Kazakh].

Räsänen M., 1969. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Türksprachen. Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura. 533 p. [in German].

SakhaCorpus, 2026. Natsional'nyy korpus yakutskogo yazyka. [National Corpus of the Yakut (Sakha) Language. [electronic resource]. <https://sakha-corpus.ysn.ru/>. (Accessed: February 3, 2026). [in Yakut].

SakhaLang, 2024. Yakutskiy yazyk: elektronnyaya informatsionnyaya sistema. [Yakut Language: Electronic Information System] <https://igi.ysn.ru/sakhalang> (Accessed: 09 December 2025). [in Yakut].

Sozler.im, 2026. Sozler.im: Azerbaijan Proverbs and Idioms. <https://www.sozler.im>. (Accessed: February 3, 2026). [in Azerbaijani].

Tekin T., 1968. A Grammar of Orkhon Turkish. Bloomington: Indiana University. 419 p.

Uğurlu M., 2004. “Türk Lehçeleri Arasında Kelime Eş Değerliği.” Bilig №29. 12 p. [in Turkish].

Қосымша А

16 ежелгі түркі түбірінің қазақ, саха (якут) және әзербайжан тілдеріндегі семантикалық эволюциясына қатысты жинақтамалық кесте және статистика.

Appendix A

A summary table and statistics on the semantic evolution of sixteen Old Turkic roots in Kazakh, Sakha (Yakut) and Azerbaijani.

Приложение А

Сводная таблица и статистика семантической эволюции 16 древнетюркских корней в казахском, саха (якутском) и азербайджанском языках.

№	Ежелгі түбір	Семантикалық өріс (топ)	Семантикалық өзгеріс түрі	Қазақ тілі	Саха (якут) тілі	Әзербайжан тілі
1	At	2.Шаруашылық, материалдық мәд.	Сақталу	ат	ат	at
2	Su	1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт	Сақталу	су	уу	su
3	Kün	1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт	Сақталу	күн	күн	gün
4	Taş	1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт	Сақталу	тас	таас	daş
5	Kök	1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт	Кеңею (метафоралану)	көк	күөх	göy
6	Mal	2.Шаруашылық, материалдық мәд.	Тарылу (каз. тіл.)	мал	мал (зат)	mal
7	Süt	2.Шаруашылық, материалдық мәд.	Сақталу	сүт	үүт	süt
8	Kümüş	2.Шаруашылық, материалдық мәд.	Сақталу	күміс	көмүс	gümüş
9	Yol	1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт	Кеңею	Жол (тағдыр, әдіс)	суол (жол, із)	yol

10	Kişi	3. Адам, қоғам, әлеум. қатынастар	Сақталу	кісі	киһи	kişi
11	Ağa	3. Адам, қоғам, әлеум. қатынастар	Тарылу/ Нақтылану	ağa	аға (әке)	ağa
12	Beg	3. Адам, қоғам, әлеум. қатынастар	Архаизация/ Функц. өзг.	–	–	bəu
13	Bala	3. Адам, қоғам, әлеум. қатынастар	Прагмат. кеңею (әз.)	бала	–	bala (сүйкімді)
14	Til	4.Рухани мәдениет және дүниетаным	Сақталу/ Кеңею (сах.)	тіл	тыл (тіл, сөз)	dil
15	Baş	4.Рухани мәдениет және дүниетаным	Кеңею, метафоралану	бас (басшы, бастау)	бас(жетекші, ақыл)	baş (басшы)
16	Jüräk	4.Рухани мәдениет және дүниетаным	Кеңею, метафоралану	жүрек (жан, батылдық)	сүрэх (жүрек, күш)	ürək (батылдық)

Қосымша Ә

Жиынтық статистика (16 түбір бойынша).

Appendix B

Final statistics (based on 16 roots).

Приложение Б

Итоговая статистика (по 16 корням).

Семантикалық өріс (топ)	Түбірлер саны	Сақталу	Тарылу	Кеңею	Архаизация/ Басқа
1. Табиғи орта, кеңістік, уақыт (su, kün, taş, kök, yol)	5	3 (60%)	–	2	(40%)
2.Шаруашылық,материалдық мәд. (at, mal, süt, kümüş)	4	3 (75%)	1 (25%)	–	–
3. Адам, қоғам, әлеум. қатынастар (kişi, ağa, beg,bala)	4	1 (25%)	1 (25%)	1 (25%)*	1 (25%)**

4.Рухани мәдениет және дүниетаным (til, baş, jüräk)	3	1 (33%)* **	–	2 (67%)	–
БАРЛЫҒЫ (16 түбір)	16	8 (50%)	2 (12.5%)	5 (31.25%)	(6.25%)

Ескертпелер:

**bala* сөзінің әзербайжан тіліндегі эмоционалды-прагматикалық кеңеюі «кеңею» санатына енгізілді.

***beg* түбірінің әзербайжан тіліндегі функционалды өзгеруі (bәu) «архаизация/ басқа» санатына енгізілді.

****til* түбірі негізгі мағынасын сақтағанымен, саха тілінде кеңеюі байқалғандықтан, бұл топтағы жалғыз «сақталу» нұсқасы ретінде көрсетілді.

Авторлар туралы мәлімет:

Хасанли-Гарибова Шабнам, филология ғылымдар докторы, Тіл білімі институты, Әзербайжан Ұлттық Білім академиясы, Гусейн Джавид даңғ., 115, Баку, Әзербайжан.

Scopus ID: 56401047200

Айдарбекова Жадьра, PhD, түркітану кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID: 57213165061

Амангелдіқызы Әлия, PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Information about authors:

Hasanli-Garibova Shabnam, Doctor of Phylological Sciences, Institute of Linguistics, National Academy of Sciences of Azerbaijan, 115 Guseyn Dzhavid distr., Baku, Azerbaijan.

Scopus ID: 56401047200

Aidarbekova Zhadyra, PhD, Head of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57213165061

Amangeldikyzy Aliya, PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Хасанли-Гарибова Шабнам, доктор филологических наук, Институт языкознания, Национальная Академия наук Азербайджана, просп. Гусейна Джавида, 115, Баку, Азербайджан.

Scopus ID: 56401047200

Айдарбекова Жадыра, PhD, заведующая кафедрой тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57213165061

Амангелдықызы Алия, PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Авторлар үлесі:

Ш.Хасанли-Гарибова әзербайжан тіліндегі әдебиеттер мен этнографиялық лексиканың іріктемесін жасады, зерттеудің жалпы тұжырымдамасын әзірледі.

Ж. Айдарбекова семантикалық талдау әдіснамасын әзірледі, қазақ тіліндегі этнографиялық лексикаға семантикалық талдау жасады.

Ә. Амангелдіқызы якут тілі бойынша этнографиялық материал жинады, этнографиялық лексикаға семантикалық талдау жүргізді, этимологиялық және түсіндірме сөздіктермен жұмыс істеді, құрамында этнографиялық лексика бар әдебиеттерді зерттеді.

Authors' Contributions:

Sh. Hasanli-Garibova carried out a selection of literary sources and ethnographic vocabulary in the Azerbaijani language, and developed the general concept of the study.

Zh. Aidarbekova developed the methodology of semantic analysis, conducted a semantic analysis of ethnographic vocabulary in the Kazakh language.

A. Amangeldikyzy collected ethnographic material on the Yakut language, conducted a semantic analysis of ethnographic vocabulary, worked with etymological and explanatory dictionaries, and studied literature containing ethnographic vocabulary.

Вклад авторов:

Ш. Хасанли-Гарибова осуществила выборку литературных источников и этнографической лексики на азербайджанском языке, разработала общую концепцию исследования.

Ж. Айдарбекова разработала методологию семантического анализа, сделала семантический анализ этнографической лексики в казахском языке.

А. Амангелдықызы собрала этнографический материал по якутскому языку, провела семантический анализ этнографической лексики, работала с этимологическими и толковыми словарями, изучила литературу, содержащую этнографическую лексику.



Мүдделер қақтығысы.

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.

SUBMISSIONS
АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ
ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

All information for authors regarding the submission of articles, the procedure for their consideration, review, instructions and recommendations for the design of materials, issues governing the relationship between the author and publisher are presented on the journal's website at: <https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew>

Manuscripts whose design does not meet the specified requirements are not considered by the editorial board!

These rules come into force from the moment of publication in the journal and on the website of the journal.

Авторлар үшін мақалаларды беруге, оларды қарау тәртібіне, рецензиялауға, материалдарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар мен ұсынымдарға, автор мен баспагердің өзара қарым-қатынасын реттейтін сұрақтарға қатысты барлық мәліметтер журналдың сайтында көрсетілген: <https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew>

Рәсімделуі көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін қолжазбаларды редакциялық алқа қарастырмайды!

Осы ереже журналда және журналдың сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Все сведения для авторов, касающиеся подачи статей, порядка их рассмотрения, рецензирования, инструкций и рекомендаций по оформлению материалов, вопросов, регулирующих взаимоотношения автора и издателя, представлены на сайте журнала по адресу: <https://tsj.enu.kz/index.php/new/AuthorGuidelinesnew>

Рукописи, оформление которых не соответствует указанным требованиям, редакционной коллегией не рассматриваются!

Настоящие правила вступают в действие с момента опубликования в журнале и на сайте журнала.

Computer layout and design – Nurusheva D.
English translation and editing – Kupayeva A., Baigazh A.
Kazakh translation and editing – Sharip A., Rakhatkyzy N.
Russian translation and editing – Amalbekova M.
Technical secretary – Rustemova A.

Д. Нурушева – компьютерлік беттеу және дизайн
А. Купаева, А. Байгаж – ағылшын тіліндегі мәтіндерді редакциялау
және ағылшын тіліне аудару
А. Шәріп, Н. Рахатқызы – қазақ тіліндегі мәтіндерді аудару және редакциялау
М.Б. Амалбекова – орыс тіліндегі мәтіндерді аудару және редакциялау
Техникалық хатшы – Рустемова А.

Компьютерная вёрстка и дизайн – Д. Нурушева
Перевод и редакция текстов на английском языке – А. Купаева, А. Байгаж
Перевод на казахский язык и редакция текстов – А. Шәріп, Н. Рахатқызы
Перевод на русский язык и редакция текстов – М.Б. Амалбекова
Технический секретарь – Рустемова А.

TURKIC STUDIES JOURNAL

2026. Vol. 8, No.1 – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University. – 264 pp.
Signed to print 17.03.2026. Print run – 40 copies.
2026. Vol. 8, №1 – Астана: ЕҰУ. – 264 б.
17.03.2026 басуға жіберілді. Тираж – 40 дана.
2026. Т. 8, №1 – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва. – 264 с.
Подписано в печать 17.03.2026. Тираж – 40 экз.

Address of printing house: 13/1 Kazhymukan Str., Astana, Kazakhstan, 010008
tel.: +7(7172) 709-500, (ext.: 31-434)
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі: 31-434)
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1
тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-434)

tsj.enu.kz

